

«Ақ жол» ҚДП: «Бізге алға жылжу қажет»

2012 жылғы 30 қаңтар, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

28-29 қаңтарда Ақмола облысының Зеренді ауданында «Ақ жол» ҚДП-ның республикалық кеңесі өтті. Кеңесте өткен сайлаудың қорытындысы мен 2012 жылға арналған партияның жұмыс жоспары талқыланды. Кездесуге 200-ден астам адам қатысты: партияның барлық басшылығы мен толық құрамдағы парламенттік фракциясы, облыстар мен Астана, Алматы қалаларындағы филиалдардың жетекшілері мен кеңес мүшелері, жергілікті мәслихат депутаттары («Ақ жол» партиясының атынан ұсынылған 272 үміткердің 48-і депутат болып сайланған) болды.

Кеңесте партия басшылығы барлық жақтастарын ҚР Парламенті Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттар сайлауындағы жеңіспен құттықтады. Алайда, өткен сайлау «Ақ жол» партиясының жұмысындағы кезекті бір кезең болып қалмақ. Партия активі өкілдерінің айтуынша, енді партия алдында жаңа талаптар мен маңызды міндеттер тұр.

«Бізге партияның Сайлауалды тұғырнамасындағы бағыттарды іске асырып қана қоймай, сондай-ақ жаңа міндеттер қою қажет. Біз өзіміздің әрі қарай қандай бағытта жұмыс жасайтынымызды білуге тиіспіз. Біздің мойнымызда тек бүгінгі, келешек ұрпақтың алдындағы міндеттер ғана емес, біз ізбасарлары болып табылатын «Алаш» партиясының алдындағы жауапкершілік тұр», - деп атап өтті Азамат Перуашев.

Кеңеске қатысушылар «Ақ жол» партиясының болашақ жұмыс жоспарын талқылады. Заң шығарушылық жұмыстарға қатысты жағдай мен Парламенттегі «Ақ жолдың» партиялық фракциясының нақты мәселелер бойынша позициясына, сондай-ақ партияның аймақтық филиалдарының бұдан былайғы жұмысына баса мән берілді.

Сөз алған партияның Ақылдастар алқасының төрағасы Амангелді Айталы биылғы сайлаудың «Ақ жол» үшін жеңіске айналғандығын атап өтті. *«Осыдан бірнеше жыл бұрын да біз парламент сайлауына қатысқан болатынбыз, алайда кейбір жағдайларға байланысты*

ол сайлау біз үшін сәтті аяқталмады. Сол кездегі жағдайды алып қарасақ, қазір біз өзіміздің жеңіске жеткендігімізді айта аламыз. Біз парламентте сегіз орынға қол жеткіздік. Бұл керемет жетістік», - деді.

Сондай-ақ партия төрағасы Азат Перуашев бүгіннің өзінде «Ақ жол» ҚДП-мен қолға алынған жобалар туралы тоқталып өтті. *«Сайлаушылармен өткен кездесулерде бізбен орыстілді азаматтар сөйлескен болатын. Олар өздерінің қазақ тілін меңгергілері келетіндерін, бірақ ол үшін мүмкіндіктерінің жоқ екендігін жеткізді. Дегенмен олардың балалары қазір мемлекеттік тілдегі мектептерде оқуда. Олар бұл мәселені жоғары деңгейлі тіл үйретушілердің жоқтығымен, ал егер болып жатса, олардың қызметінің қымбаттығымен байланысты-рып отыр. Сондықтан біз келесі аптада қазақ тілін үйретудің ең үздік әдістемесіне байқау жариялаймыз. Ересектерге тіл үйрету курстары партияның филиалдарында жексенбі күндері жүргізілетін болады. Бұл адамдарды бөліп-жармай, қайта біріктіру арқылы мемлекеттік тілдің мәселесін шешу үшін қолға алынып отырған нақты іс-әрекет», - деді партия төрағасы.*

Іс-шара соңында қатысушылар «Ақ жол» партиясы атынан сайланған депутаттарға табандылық пен сәттілік тіледі

Азат Перуашев: «Біздің нақты іске көшіп, сайлаушылар сенімін ақтау үшін олармен тікелей байланыста болуға тиіспіз»

Павлодар қ., 2012 жылғы 6 ақпан, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

5 ақпан күні Павлодар қаласында «Ақ жол» ҚДП-ның облыстық конференциясы өтті. Конференцияға партия төрағасы Азат Перуашев, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Меруерт Қазбекова, партияның Орталық аппаратының аймақтармен жұмыс бойынша хатшысы Берік Дюсембинов, сондай-ақ Павлодар облысының аудандарынан, Ақсу және Екібастұз қалаларынан келген 200-ден астам делегат қатысты.

Конференцияда сөз алған Азат Перуашев «Ақ жол» партиясы атынан облыстық және қалалық мәслихаттарға қайта сайланған де-путаттарды құттықтады. Одан кейін партия төрағасы өткен сайлауды қорытындылап, партия қызметінің негізгі бағыттарын айқындады. Сонымен қоса, сайлаудан кейін «Ақ жол» партиясы іске асырып жатқан жобаларға тоқтады.

«Соңғы 10 жыл ішінде біздің партия алғаш рет Парламент құрамына кіріп, сегіз депутаттан тұратын өз фракциясын құрды. Бұл халықтың бізге көрсеткен үлкен сенімі және біз сенімді ақтау үшін сайлаушыларымызбен тікелей байланыста болуға тиіспіз. Атқарылған жұмыстар үшін «Ақ жол» ҚДП-ның Павлодар облыстық филиалына алғысымды білдіремін. Біз еліміздегі азаматтардың өмірін нақты жақсарту үшін қызмет ететін боламыз. Парламент-пен қоса, біздің 48 жақтасымыз еліміз бойынша түрлі деңгейдегі мәслихат депутаттығына өтті.

Президент жолдауында мемлекетіміздің алдағы дамуының негізгі 10 бағыты белгіленген. Біздің Сайлауалды тұғырнамамызда да - 10 бағыт. Жолдаумен біздің тұғырнаманың арасында 80-85 % ұқсастық бар. Бұл біздің бір бағытта жүріп келе жатқанымызды аңғартады», - деді «Ақ жол» партиясының төрағасы.

Сондай-ақ Азат Перуашев сайлаушылар тарапынан болған қолдаудың тек үміткерлерге көрсетілген сенім ғана емес, сонымен қатар партия бағдарламасына да білдірілген сенім екендігін еске салды.

«Қайтадан жиналып, талқылап, пікірлесіп, сөйлесу туралы ұсыныстар түсіп жатыр. Бірақ жиын жасау уақыты өтті деп ойлаймын. Екі ай қызу талқылаудан, жүздеген ұсыныстар мен толықтырулар енгізілгеннен кейінгі партия съезімен бекітілген сайлауалды тұғырнамамыз бар. Дәл осы бағдарлама үшін сайлаушылар өз дауыстарын берді және сайлаудан соң өз уәделерімізді орындаудың орнына оларды қайтадан қарастыруымыз біздің тарапымыздан орынсыз болып табылады.

Біз нақты іске көшітік. Бұл өзіміздің қабылдаған шешімдерімізге деген құрмет қана емес, сондай-ақ бізге сенім білдіріп және сайлауда бізге дауыстарын берген адамдардың алдындағы тікелей міндетіміз», - деп мәлімдеді «Ақ жол» ҚДП төрағасы.

Партияның алғашқы қадамдарының бірі мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту бойынша шараларды жүзеге асыру болады. Барлық облыстарда «Ақ жол» партиясы ересектерге арналған қазақ тілін оқыту мектептерін ашады, ол жерлердегі ұйымдастыруды, әдістемеліктермен қамтамасыз етуді, оқытушылар жалақыларын партия өзі қаржыландырады.

Осы мақсатта «Ақ жол» қазақ тілін оқытып-үйретудің үздік әдістемелігіне байқау жариялап отыр.

Сондай-ақ, партияның жақын арадағы жоспарларында мемлекеттік тілдің рөлін көтеру, парламенттік оппозицияның статусын нығайту, студенттердің, жас отбасылар мен ардагерлердің мүдделерін қорғау бойынша заң жобаларын жасау мен ұсыну; «Алаш» партиясының идеялық мұрасын насихаттап, жүзеге асыру бойынша бірқатар іс-шаралар бар.

«Біздің партияның ұраны: «Теңдік, еңбек және имандылық». Бұл біріншіден еліміздің гүлденуі үшін қызмет ететін іскер адамдардың, кәсіпкерлердің ұраны. Кезекті сайлау өтті де кетті. Иә, біз 15 % дауыс жинауды ойлағанбыз, бірақ сіздер біздің эволюциялық жолмен келе жатқанымызды түсінуге тиіссіздер. Менің ойымша, біздің Парламентке өтуіміз – бұл біздің ортақ, үлкен жеңісіміз», - деді Меруерт Қазбекова.

Конференция барысында партияның павлодарлық филиалының бұрынғы төрайымы Галина Амангельдинова өзін партия құрылымындағы басқа лауазымға ауыстыруды сұрады. Ол филиалды басқарып, жұмысты жалғастырып алып кететін жас ізбасарын да дайындап қойған. Бұл туралы өтініш сайлау науқаны кезінде жіберілген

болатын, алайда ол кезде орталықтағы басшылық конференцияны сайлау науқанынан кейін өткізуді ұсынған еді.

Галина Амангельдинова орын алған қиындықтарға қарамастан өткен он жыл ішінде партияның бірігіп, күштірек бола түскендігін атап өтті. *«Біздің партияның құрылғанына 10 жыл толып отыр. Бұл жол біз үшін оңайға соққан жоқ, бірақ осы жолды өте отырып, саяси тұрғыда есейе түстік. Біз әрі қарай да еліміз бен халқымыз үшін қызмет етуге дайынбыз. «Ақ ЖОЛ» өрлеу мен құлдырауды, жеңіс пен жеңілісті, бірігу мен бөлінуді бастан өткерді. Біз осының барлығына қарсы тұра білдік, шынықтық, одан да күштірек және өзгерістерге бейім, қырағы және тәжірибелі бола түстік. Және өткен сайлаудың қорытындысы – бұл біздің жеңісіміз».*

Азат Перуашев Галина Амангельдиноваға көп жылдар бойы облыстық филиалға жетекшілік еткені үшін жылы алғысын білдіріп, гүл шоғын сыйлады. Партия төрағасы айтқандай, Г.Амангельдинова партияның Орталық кеңесінің Павлодар облысы бойынша кеңесшісі болып тағайындалды. Енді оның қызметі орталық басшылық атынан өкілдік ету, филиалдың жас басшылығының қызметіне жәрдемдесу және жинаған тәжірибесімен қолдау болып табылады.

Филиалдың жаңа төрағасы болып бірауыздан облысқа танымал кәсіпкер, 45 жастағы Ербол Арынов сайланды. Жаңа төрағаның ба-стамасымен партияның бұрынғы облыстық кеңесінің толық құрамы жаңа мерзімге қайта сайланды.

Конференция аясында Азат Перуашев партияның Павлодарлық филиалының бір топ белсенділерін құрмет грамоталарымен мадақтады, сондай-ақ «Ақ жол» ҚДП-ның бірқатар жаңа мүшелеріне партиялық билеттер тапсырды.

Азат Перуашев: «Ақ жол» партиясы «заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын енгізу туралы» заң жобасын қабылдамауды талап етеді

Астана қ., 2012 жылғы 7 ақпан, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

Бүгін Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің отырысында «Ақ жол» ҚДП төрағасы, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Азат Перуашев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын енгізу мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын қабылдауға болмайтындығын мәлімдеді. А. Перуашевтің пікірінше, қаралып отырған редакциясында бұл заң жобасы жеке бизнеске нұқсан келтіреді және тұтас алғанда оның теріс әлеуметтік-экономикалық салдарлары болады.

«Ақ жол» ҚДП төрағасы, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Азат Перуашевтің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын енгізу мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның жобасын қабылдамау жөнінде сөйлеген сөзі

Қазіргі кезде Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын енгізу мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы (бұдан әрі – заң жобасы) қаралып жатыр.

Бизнес-қоғамдастығы осы заң жобасына елеулі түрде алаңдаушылығын бірнеше рет мәлімдеген болатын. Оның осы қаралып отырған редакцияда қабылдануы теріс салдарларға әкеп соғуы мүмкін, ол мынадай негіздер бойынша:

1. Заң жобасы 1-бабының 7) тармақшасымен ҚР Қылмыстық кодексі жаңа 18-1-баппен толықтырылады, оған сәйкес, қылмыстық

құқыққа қатысты қолданыста **заңды тұлға, деп мемлекеттік мекемелерден** және өз қызметін ҚР аумағында жүзеге асыратын халықаралық ұйымдардан **басқа** ұйымдарды түсіну ұсынылады.

Бұл көзқарас ҚР Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – ҚР АҚ) 33-бабында көзделген заңды тұлға анықтамасымен **сәйкес келмейді**, оған сәйкес заңды тұлға, деп оқшауланған мүлкі бар және сол мүлкімен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес құқық пен міндеттемелерді жүзеге асыруға, сотта талапкер және жауапкер болуға қабілетті ұйым танылады.

Қылмыстық кодекс үшін заңды тұлғаны анықтаудың **басқа салалардан айрықша құқығын** қолдану (тек мемлекеттік емес ұйым ретінде) іс жүзінде мемлекеттік ұйымдар мен мемлекеттік меншікті мемлекеттік ұйымдар мен жеке меншік үшін көзделген жауапкершіліктен шығару түріндегі **тең құқықты емес жағдай жа-сауды** білдіреді.

Өңгіме, мемлекеттік сектормен салыстырғанда **жеке сектордың заңды құқықтарына көрінеу қысым жасау (оларды кемсіту)** туралы болып отыр.

Аталған заң жобасында заңды тұлға ұғымының ұсынылып отырған қолданысы ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 21-бабына **сәйкес келмейді**, оған сәйкес сот төрелігі **заң мен сот алдында бәрінің бірдей теңдігі** негізінде жүзеге асырылады.

Оның үстіне, ұсынылып отырған заң жобасының баяндалуы ҚР Конституциясына **тікелей қайшы келеді**, өйткені Конституцияның 6-бабының 1-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасында мемлекеттік пен жеке меншік танылады және **бірдей қорғалады**.

2. Заң жобасының атауына қарағанда, оның міндеті, **заңды тұлғалар** үшін қылмыстық жауапкершілік енгізу болып табылады. Алайда, әзірлеуші ұсынған, қабылданатын «Кейбір заңнамалық актілерге заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын енгізу мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қолданысының мүмкін болатын экономикалық, әлеуметтік, құқықтық және экологиялық салдарларының ресми Болжамында «заңды тұлғаның кінәлі, деп таныла алмайтындығы, өйткені жасалған қылмысқа өзінің субъективтік қатынасын көрсетуге қабілетсіз екендігі ескеріле отырып, **заңды тұлғалардың «кінәлілігі»** дегеніміз **жеке тұлғалардың кінәлілігі арқылы белгіленетін болады...** Бұл орайда тікелей қылмыс жасаған **жеке тұлға да**, тиісті заңды тұлға да

қылмыстық жауаптылыққа **тартылатын болады**», деп тікелей атап көрсетілген.

Сонымен, заңды тұлғалардың «кінәлілігін», іс жүзінде, аталған заңды тұлғаның мүддесіне орай құқыққа қайшы әрекеттер жасаған **жеке тұлғаға** (менеджерге немесе меншік иесіне) жүктеу жоспарла-нуда.

Мұндай жағдайда, сот төрелігінің: **жеке басының кінәсін** сот дәлелдегеннен өзге жағдайларда, ешкімді соттауға болмайды, де-ген басты принцип бұзылады. Заң жобасына сәйкес, **заңды тұлға кінәлі** деп танылады, ал қылмыстық жазаны – жеке тұлға (азамат-тар) көтереді, не керісінше: жеке тұлға кінәлі деп танылады, ал жауаптылық, әзірлеушілердің өздері ресми «Болжамда...» «жасалған қылмысқа өзінің субъективтік қатынасын көрсетуге қабілетсіз», деп таныған заңды тұлғаға да жүктеледі.

Бұл арада екі жағдайда да, **жеке басының кінәлілігін ешбір сот белгілемеген тұлғаны басқа бір тұлғаның жасаған қылмысы үшін жауапқа тартуды заңдастыру ұсынылады.**

Бұдан басқа, қарастырылып отырған жағдайда, біздің ойымызша, Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына қайшылық орын алған, онда «**бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды**» делінген, ал заң жобасы бір мезгілде: **кінәлі жеке тұлғаны және заңды тұлғаны** жауапқа тарту мүмкіндігіне жол береді. Заңды тұлғалардың көпшілігі шағын кәсіпкерлік субъекті болып табыла-ды және көбінесе тек бір жеке тұлға өкілдік етеді, ол құрылтайшы (қатысушы) және сонымен бір мезгілде сол ұйымның қызметкері болып табылады. Осының негізінде заңды тұлғаға қатысты қолданылатын қылмыстық санкцияны іс жүзінде кінәлі заңды тұлға «өзі үшін» және заңды тұлға үшін көтеретін болады.

ҚР Қылмыстық кодексінің қолданыстағы редакциясында жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жауапкершілігін қоса алғанда, азаматтардың экономикалық қызмет саласындағы қылмысы үшін жауаптылығын көздейтін **тұтас тарау (7-тарау) бар**. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде де кәсіпкерлік қызмет (14-тарау), сауда және қаржы (15-тарау), салық салу және салық төлеушілер (16-тарау) саласындағы жауаптылық көзделген.

Сонымен, қолданыстағы заңнамада азаматтың жауапқа, оның ішінде заңды тұлғаны басқару жөніндегі әрекеті үшін жауапқа тар-

тылуы мүмкін негіздердің егжей-тегжейлі тізбесі көзделген. Ал қосымша «заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы» дегенді енгізу **санкцияларды қайталауға және** белгілі бір құқық бұзушылық үшін **азаматтардың қосарланған жауаптылығына** әкеп соғады.

Іс жүзінде бұл, **кәсіпкерлердің жеке басының кінәсі жеткілікті дәрежеде дәлелденбеген**, яғни азаматтың жеке басы кінәлілігінің нақты дәлелдерін – заңды тұлға әрекетінің құқыққа сыйымсыздығының жалпы дәлелдерімен ауыстыру; не керісінше: заңды тұлға кінәлілігінің **нақты дәлелдерін** – жеке тұлға әрекетінің құқыққа сыйымсыздығының дәлелдерімен ауыстыру жағдайларында кәсіпкерлерді қылмыстық жауапқа тарту жөніндегі мүмкіндіктерді кеңейтуге алып келеді, оның үстіне, әңгіме **құқықтың әртүрлі субъектілері** туралы болып отыр.

3. Заң жобасы 1-бабының 16) тармақшасымен ҚР Қылмыстық кодексін жаңа 39-1-баппен толықтыру ұсынылады, оған сәйкес заңды тұлғаларға мынадай жазалар: айыппұл, белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру және/немесе заңды тұлғаны жою қолданылуы мүмкін.

Бұл орайда заңды тұлғаның жарғылық құжаттарында оның қызметінің негізгі түрлерін көрсету талаптарымен, лицензиялау рәсімдерімен және т.б. байланысты қызметтің бейінді түрімен айналысу құқығынан айыру (мысалы, құрылыс компаниясына құрылыспен айналысуға тыйым салу не жиһаз цехына жиһаз шығаруға тыйым салу және т.б.) іс жүзінде кәсіпорынның **тоқтауы және күйреуі, нұқсан келтіру және барлық қызметкерлерінің жұмысын жоғалтуы** дегенді білдіреді.

Мұндай санкцияларды қолдану аталған заңды тұлғаның мүддесіне орай тікелей шешім қабылдаған азаматтардың ғана мүддесіне қатысты болып қоймайды, ол басқа меншік иелерінің де және кәсіпорынның өз әріптестерінің қылмыстық әрекеттері туралы күмәнданбаған және **олар үшін жауапты болуға қабілетсіз** қызметкерлерінің де мүддесіне сөзсіз нұқсан келтіреді.

Сөйтіп, компанияның мүддесі үшін әрекет еткен кейбір заңды тұлғалардың заңсыз іс-әрекеттері үшін **бұл құқық бұзушылыққа қатысы жоқ, заңды мүлтіксіз орындап жүрген азаматтар** нақты материалдық (жұмысынан, табысынан не оның бір бөлігінен айрылу) жазаға ұшырайды.

Заң жүзінде де, іс жүзінде де сот кінәлі деп танымаған олар мұндай санкциялардың тең жауапкеріне айналады, бұл сот төрелігі тұрғысынан өте күмәнді.

4. Заң жобасына сәйкес заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру оған қатысты қылмыстық іс қозғалған кезден бастап және түбегейлі іс жүргізу шешімі қабылданғанға дейін тоқтатылады.

Сонымен қатар, мұндай жағдайда Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкессіздік орын алады, өйткені «**адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі темес деп есептеледі**».

5. Заң жобасымен ҚР Қылмыстық кодексінің 40-бабының қолданыстағы редакциясы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қатысты айыппұлдың мынадай санкцияларымен толықтырылады, олар мынадай мөлшерде:

а) шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 5 000-нан 100 000-ға дейінгі АЕК мөлшерінде (7 560 000 теңгеден 151 200 000 теңгеге дейін);

б) орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 10 000-нан 300 000-ға дейінгі АЕК мөлшерінде (15 120 000 теңгеден 453 600 000 теңгеге дейін);

в) ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 30 000-нан 500 000-ға дейінгі АЕК мөлшерінде (45 360 000 теңгеден 756 000 000 теңгеге дейін)».

Көрсетілген айыппұлдар мөлшері Парламент Мәжілісіндегі жұмыс тобы отырысының қорытындысы бойынша азайту жағына қарай төмендетілді.

Заңды тұлғаларға айыппұл мынадай мөлшерде белгіленеді:

а) шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – **үш мыңнан алты мыңға дейінгі АЕК** мөлшерінде (4 854 000 теңгеден 9 708 000 теңгеге дейін);

б) орта кәсіпкерлік субъектілеріне – **он алты мың екі жүз елуден отыз екі мың бес жүз АЕК** мөлшерінде (26 292 500 теңгеден 51 776 000 теңгеге дейін); в) ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – **он**

алты мың екі жүз елуден қырық сегіз мың АЕК мөлшерінде (26 292 500 теңгеден 77 664 000 теңгеге дейін).

Сонымен бірге, бұған қарамастан ұсынылған айыппұлдарды қолдану нағыз жазалау сипатына ие және өршіп келе жатқан дағдарысты құбылыс, сондай-ақ, әсіресе шағын және орта бизнес субъектілері үшін қаржы жетіспеушілігі жағдайында **жеке компаниялардың түбегейлі күйреуіне алып келуі** мүмкін.

Мұндай жағдайда заңды тұлғаларға қатысты ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес қолданылатын айыппұлдар жүйесімен шектелуге болар еді.

6. 2010 жылы Мемлекет басшысы өзінің Жолдауында еліміздің құқықтық саясатын дамытуға тиіс бағытты нақты белгілеп берді. ҚР Президентінің тапсырмасына сәйкес, мемлекеттің алдында қылмыстық саясатты кезең-кезеңмен ізгілендірудің жүйелі кешенін әзірлеу міндеті тұр. Ізгілендіру үдерісінің маңызды бөлігі құқықты қылмыстық сипаттан арылту болып табылады, яғни **олар бойынша азаматтардың қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін негіздерді азайту** және оларды әкімшілік жазалармен ауыстыру.

2011 жылғы 5 ақпанда, орасан көп жұмыс жүргізілгеннен кейін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық үдерісте заңдылыққа кепілдіктерді күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 18 қаңтардағы ҚР Заңы күшіне енгізілді. Осы Заңмен, атап айтқанда, онша ауыр емес қылмыс үшін **бас бостандығынан айыру түріндегі жазалау шаралары алып тасталды, 192-1-бап (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру ниетінсіз мәмілелер жасау), 198-бап (көрінеу жалған жарна-ма), 218-бап (бух.есеп пен қаржы есептілігін бұзушылық), 220-бап (банк қаражатын заңсыз пайдалану), 221-бап (азаматтың салық төлеуден жалтаруы)** және т.б.

Осыған байланысты қылмыстық жауаптылықтың (бұрын қылмыстық құқық субъекті болмаған заңды тұлғалардың жауаптылығы және айыппұлдар мөлшерін айтарлықтай ұлғайту және т.б. түріндегі) **жаңа түрлері мен нормаларын енгізу**, кеісінше, **қылмыстық қудалау шараларын ұлғайту** әрекеті болып табылады және **Мемлекет басшысының қылмыстық құқықты ізгілендіру жөніндегі тапсырмасына тікелей қайшы келеді.**

Оның үстіне, Мемлекет басшысының 27.01.2012 ж. халыққа Жолдауында **қаржы-экономикалық құқық бұзушылықтарды қылмыстық сипаттан арылту жөніндегі жұмысты одан әрі жүргізу қажеттігі** ерекше атап көрсетілді. Кеден және салық комитеттері, қаржы полициясы өздерінің іс-әрекеттерінде және құқықтық норма-ларды қолдануда дәйекті болуы керек.

7. Ұсынылып отырған заң жобасын іске асыру бизнес-қоғамдастығы үшін теріс сипаттағы **айтарлықтай қаржылық және**

экономикалық салдарларға әкеп соғатыны қазірдің өзінде айқын болып отыр.

Атап айтқанда, қылмыстық жауаптылық түрлерін кеңейту бизнеске әкімшілік ауыртпалықтың ұлғаюына, кәсіпкерлерге қысым жасау құралдарының ұлғаюына және соның салдары ретінде – **іскерлік белсенділіктің төмендеуіне және елдегі бизнес-ахуалының нашарлауына** сөзсіз алып келеді.

Заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылық шараларын іс жүзінде ұсынылған форматта қолдану **жұмыс істеп тұрған** компанияларды тоқтату және мәжбүрлеп жою дегенді білдіреді. Мұндай компаниялар үшін бұл:

- жабдықтар мен технологиялық желілердің амалсыздан тоқтап қалуын, демонтаж және бөлшектеу салдарынан олардың жарамсыз болып қалуын (дағдарысқа қарсы бағдарламалар және жаңғырту бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік қаражаттан қаржыландырылған кәсіпорында да);
- кәсіпорындардың банкроттығын, соттағы даулар және олардың мүлкін бөлу жөніндегі талап қою рәсімдерінің саны мен мерзімдерін ұлғайтуды;
- кәсіпорындар келісім-шарттарының орындалмауын, өндірістік жоспарлардың бұзылуын және бизнес-серіктестер айналымының төмендеуін;
- мұндай кәсіпорындардың банк кредиттері бойынша төлемінің тоқтатылуын; банктердің кредиттік портфелінің нашарлауын, тоқтап қалған кредиттер және банктердің мұндай кредиттер бойынша қолданысы тоқтатылған қаражаттары көлемінің өсуін;
- осындай кәсіпорындар бойынша бюджетке салықтық түсімдердің азаюын және тоқтауын;
- жойылған не шектеулі жұмыс істеп жатқан кәсіпорындарда жұмыс орындарының жаппай қысқаруын; жұмыстан босап қалған қызметкерлерге жұмысынан айрылуына және олардың отбасыларының күнкөрісі төмендер санатына өтуіне байланысты әлеуметтік жәрдемақыға мемлекеттік шығындардың ұлғаюын;
- қылмыстық жазаға сотталған азаматтар (компаниялардың меншік иелері мен менеджерлер арасынан) санының көбеюін, бас бостандығынан айыру орындарында отырғандарды ұстауға мемлекеттік шығындардың өсуін және т.б. білдіреді.

Сонымен, заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын енгізу **мемлекеттік шығындардың азаюының** (салық салына-тын базаның азаюы есебінен), **мемлекеттік қаражаттың тиімсіз пайдаланылуының** (Индустрияландыру бағдарламасы және Биз-нес-2020 жол картасы шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын алатын кәсіпорындардың тоқтап қалу салдарынан) және **мемлекеттік шығындар ұлғаюының** тікелей салдарына алып келеді.

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік кірістерді азайтуды немесе мемлекеттік шығыстарды ұлғайтуды көздейтін, келісуге жіберілген, нормативтік құқықтық актілер жобаларына **оларды қабылдаудың қаржы-экономикалық салдарларының есебі** міндетті түрде қоса берілуге тиіс.

Алайда осы заң жобасын келісу кезінде **әзірлеушілер** оның қаржы-экономикалық әсерінің **ешқандай есебін жасамаған**. Заң жобасына қоса берілген, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын енгізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қабылданатын Заңның мүмкін болатын экономикалық, әлеуметтік, құқықтық және экологиялық салдарларының болжамын-

да» қаржылық та, экономикалық та есептер жоқ.

8. Кеден одағын және Бірыңғай экономикалық кеңістікті құру шеңберінде қазақстандық кәсіпорындардың одақтық, ең алдымен ресейлік әріптестерімен салыстырғанда бәсекеге қабілеттілік факто-ры ерекше өзекті сипатқа ие болады.

Осы тұрғыдан алғанда аталған заң жобасы отандық экономиканың позициясын сөзсіз нашарлатады, өйткені заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын енгізу туралы осындай бастама Ресей Фе-дерациясында қабылданбады. Қазақстан заңнамасынан өзгеше, көрші мемлекетте жалған кәсіпкерлік туралы бап алып тасталды; салық әкімшілігін жүргізуде талап қою мерзімінің етуі 3 жылмен шектелген (Қазақстанда – 5 жыл) және т.б.

Осылардың бәрі экономикаға әкімшілік және қаржы ауыртпалығының арта түсуіне (Ресеймен салыстырғанда) және қазақстандық бизнестің бәсекеге қабілеттілігін төмендетуге алып келеді. Нәтижесінде, **отандық компаниялар, ең алдымен өндірістік компаниялар өз нарығы үшін бәсекелесуге жарамсыз болып қалады, онда ресейлік өндіріс тауарлары басымдыққа ие бола-**

ды. Бұдан басқа, қазақстандық кәсіпкерлер шектен тыс ауыртпалық салдарынан көрші Ресейге барып тіркелуге мәжбүр болады, бұл **бюджетке салық түсімін жоғалтуға** әкеп соғады.

Келтірілген мысалдар тек **неғұрлым айқын әрі тұжырымдамалық** дәйектер ғана. Сонымен бірге қаралып отырған заң жобасының әрбір тараулары бойынша едәуір маңызды және принципті қарсылықтар бар.

Баяндалғандарды назарға ала отырып, **ұсынылып отырған заң жобасын осы редакцияда үзілді-кесілді қабылдауға болмайды, деп есептейміз.** Заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы туралы мәселе ғылым мен практикалық экономиканың әртүрлі салаларының мамандарын тарта отырып, неғұрлым терең әрі кешенді қайта әзірлеуді қажет етеді.

Аталған заң жобасын осы қалпында қабылдамауды және оны тұжырымдамалық тұрғыдан қайта әзірлеуге жіберуді сұраймыз.

«Бизнеске нақты салық ауыртпалығы, жең ұшынан жалғасатын соманың құрамдасы, ресми мөлшерлемеден 10-20% асып кетеді» - Азат Перуашев, «Ақ жол» партиясының төрағасы

2012 жылғы 9 ақпан, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

«Бизнеске нақты салық ауыртпалығы, жең ұшынан жалғасатын соманың құрамдасы, ресми мөлшерлемеден 10-20% асып кетеді» - бұл туралы кеше Мәжіліс депутаты, «Ақ жол» партиясының төрағасы Азат Перуашев Салық комитеті өкілдерінің Қазақстанда «салық ауыртпалығының теңдессіз төмендігі туралы» мәлімдемесіне жауап қайтарып, мәлімдеме жасады.

«Кез келген жоба бойынша тендерлердің «жең ұшынан жалғасатын» сыбайлас жемқорлық құрамдасының мөлшерлемесі 20% болатыны ешкімге құпия емес екенін кәсіпкерлер рас-тап отыр. Бұл үрдіс тіпті ресми сипат алып бара жатыр: мысалы, БАҚ-тар Оңтүстік Қазақстан облысында барлық қатысушыларды алдын ала, егер компания тендерде жеңген жағдайда 10 және одан да көп пайызын жергілікті әкімдер жанындағы бюджет-тен тыс қорға аударатындығы туралы «меморандум» дегенге қол қоюға мәжбүрлейтінін хабарлап жүр. Бұл нағыз үстеме салық салудың өзі емес пе?»- деп атап көрсетті «Ақ жол» партиясының төрағасы.

«Егер ҚҚС-ның(қосылған құн салығы) ресми мөлшерлемесіне осы 10-20% жасырын сыбайлас жемқорлық салығын қоссақ, Қазақстандағы «салық жұмағы» туралы қиялдың бәрі қас қағымда жоғалады», - деп түйіндеді Азат Перуашев.

Бұл пікірсайыс Қазақстан Құрылысшылар одағы ұйымдастырған шағын және орта бизнеске салық салу мәселелері жөніндегі дөңгелек үстелде болды. Онда, атап айтқанда, Салық комитетінің өкілдері салық тек қосылған құнға салынатындықтан кәсіпкерлердің ҚҚС айналымнан алынатын салыққа айналды деген уәжімен келіспеді.

Азат Перуашев, мұндай жағдайда, төленген ҚҚС-нан кәсіпкерлерге есепке жазу бөлігі бөйынша қандай сома қайтарылғандығын хабарлауды сұрады, салықшылар бұған жауап қайтаруға қиналды.

«Бұған сіздердің жауаптарыңыз жоқ, өйткені ҚҚС-ның есепке жазу бөлігі бұрынғысынша қайтарылмайды, салықтың бұл түрі бой-ынша салынған салық мәміленің барлық сомасынан кетеді, бұл оны қосылған құннан емес, айналымнан алынатын салыққа айналдырады. Сіздер, әрине, қараны ақ дейсіздер, бірақ ол одан ағармайды» - деп атап көрсетті «Ақ жол» партиясынан сайланған депутат.

Азат Перуашев: «Ақ жол» партиясы Қазақстанда техникалық реттеудің еуропалық жүйесін енгізуге күш салады»

Астана қ., 2012 жылғы 13 ақпан, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

Бұл тақырып өткен жұма күні Техникалық реттеу және метрология комитетінде ұйымдастырылған «Техникалық реттеу туралы» заң жобасы бойынша дөңгелек үстелде көтерілді. Соның ішінде Азат Перуашев тауардың шығуын сертификаттау үрдісіндегі кемшіліктер туралы айтты (ТШС): *«Қазіргі кездегі ТШС жүйесі тым бюрократияланған, көп көлемдегі қаржы мен уақыт шығынын талап етеді, сонымен бірге нақты алғанда мәнсіз. Қалыптасқан жағдай қазақстандық экспортты кеңейту бойынша жұмсалып жатырған күш-жігерге, отандық өндірісті қолдау бойынша Мемлекет басшысының тапсырмаларына қарама-қайшы».*

Еске сала кетейік, ТШС сараптама Актісінің негізінде беріледі, ал оны алу үшін барлық келісім-шарттардың көшірмелерін, олардың сипаттама құжаттарын, шикізат пен қаптамаға берілген сертификаттарды, кедендік жүк декларацияларын, теміржол жүк құжаты мен шот-фактураларды, экспортқа шығарылатын тауардың әрбір құрамдас бөлігі бойынша төлем тапсырмаларын тапсыру қажет. Алынған Акт осының алдында, сараптама жүргізу кезінде тапсырылған сол құжаттардың жиынтығын қайтадан қосымша ретінде тапсыру міндеттемесімен ТШС-ты рәсімдеу үшін ұсынылады. Бұл құжаттар жиынтығын тауардың әрбір партиясына рәсімдеу қажет және оның құны 30-80 мың теңге аралығын құрайды. Осылайша бір ТШС-ты алу үшін кейде 350-400 бетті құрайтын құжаттарды жинау қажет.

Сондай-ақ, бір ғана келісім-шарттың аясында болғандығына қарамастан сертификаттың өзі тауардың әрбір партиясына рәсімделеді. Мысалы, егер де тауар партиясы сатып алушыға бірнеше көлік құралдарымен жөнелтілетін болса (вагондармен, автофургон-дармен), ол кезде ТШС оның әрқайсысына талап етіледі. Ал бұл кезде сертификаттау үшін қажетті құжаттардың көлемі мыңнан аса бетті құрайды! Барлық осы еңбек және қаржылай шығындар тауар өндірушілерге ауырлық түсіреді және қазақстандық компаниялардың

экспорттық мүмкіндіктерін нақты түрде төмендететін айтарлықтай бюрократиялық кедергі болып табылады.

«Мәселенің ең оғаштығы, тауардың қайдан шыққандығын көрсететін сертификаттар әлем бойынша міндетті болып та-былмайды, тек ерікті түрде ұсынылатын құжат. Және бұл пост-кеңестік мемлекеттерде ғана экспортталатын тауарларды жап-пай сертификаттау бақылаушы органдардың міндетті талабына айналды», - деп мәлімдеді А.Перуашев.

«Ақ жол» партиясы сертификаттаудың еуропалық моделіне өтуді тиімді жол ретінде есептейді, себебі оның аясында тауарды серти-фикаттау жүргізілмейді, берілген тауар түрін өндіруге қабілеттілігі бойынша кәсіпорындар (тауар өндірушілер) сертификатталады. Одан әрі кәсіпорын тек берілген тауар партиясының өндірісі үшін жауапты екендігін декларациялайды.

Бұл қадамдарды қолға алу қаржылай және еңбек шығындарын айтарлықтай қысқартады, отандық тауар өндірушілерді өнімді экспортқа шығару кезіндегі қисынсыз бюрократиялық қысымдардан босатады.

Мәжіліс депутаты айтқандай, «Ақ жол» партиясы жоғарыда көрсетілген ұсыныстарды Парламентте «Техникалық реттеу туралы» заң жобасын қарау кезінде енгізетін болады.

«Ақ жол» партиясы үшін ұлттық құндылықтар – негізгі басымдық. Партия ел бірлігі мен мемлекет тұтастығы үшін қызмет ететін болады», - А.Перуашев

2012 жылғы 14 ақпан, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

2012 жылғы 14 ақпанда, Астана қаласында, Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясының Мәжілістегі депутаттық фракциясы «Ұлы дала», «Ұлт тағдыры» қозғалыстары, «Әділет» тарихи-ағарту қоғамдық бірлестігі, «Болашақ» жастар бірлестігі бастаған бір топ қоғамдық ұйым өкілдерімен кездесті.

Кездесуде тараптар мемлекет, қоғам алдында тұрған өзекті мәселелерді бірлесіп шешудің жолдарын талқылады. Соның ішінде, «Алаш» құндылықтары, қазақ халқының тағдыры мен тарихын, ұлттық мүддесі мен ұлттық құндылықтарын, тілі мен ділін сақтап, жаңғыртып, дамыту жайы кеңінен талқыланды.

Партия төрағасы Азат Перуашев: «Ақ жол» партиясы үшін ұлттық құндылықтар - негізгі басымдық. Барлығымыз да ел бірлігі мен мемлекет тұтастығына, біздің туған халқымыздың әлеуметтік, рухани дамуына, игілігіне қызмет етуге тиіспіз. Бүгінгі сіздермен кездесу «Ақ жол» партиясы мен ұлттық-патриоттық күштер арасындағы ынтымақтастықтың, қарым-қатынастың заңды жалғасы. Бұдан әрі сіздер мен біздер осы бағыттағы іс-шараларды бірлесіп іске асыра-мыз деп ойлаймын», - деді.

«Алаш Орда» қайраткерлері ХХ ғасырдың басында-ақ ұлттық бірлікті, экономикалық даму мен либералды-демократиялық құндылықтарды бірінші орынға қойды. Олардың ұлттық дәстүр мен еуропалық, әлемдік өркениетті ұштастырып, білімді, мәдениетті, озық ел қалыптастыру идеясы бүгінгі «Ақ жол» партиясының мақсат-міндетімен үндесіп жатыр», - деді А.Перуашев.

Бұдан кейін сөз алған «Ұлт тағдыры» қозғалысының төрағасы Дос Көшім, «Болашақ» жастар ұйымының төрағасы Дәурен Бадамұратов «Ақ жол» партиясының мемлекетшіл, ұлтжанды бастамаларына әрдайым қолдау білдіретіндерін жеткізді.

Жиын соңында Қазақстан мемлекеті мен қазақтың ұлттық құндылықтарын ұлықтап жүрген ұйым өкілдері мен тұлғалар «Ақ жол» партиясына «Қазақ халқының аманаты» аясында жұмыстың басталғандығын және партияның ұлттық күштермен біріге отырып, «Алаш аманаты» комитетінің құрылғандығын мәлімдеді.

«Ақ жол» ҚДП фракциясының жетекшісі А.Перуашев Қазақстандық парламенттік делегация құрамында 22-24 ақпан күндері өткен ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының 11-ші қысқы сессиясының жұмысына қатысты

Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

Сапар барысында А.Перуашев Қазақстан Республикасы мен Австрия арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнығуының 20 жылдығына арналған конференция жұмысына, ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының демократия, адам құқықтары және гуманитарлық мәселелер бойынша жалпы комитетінің отырысына, ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының экономикалық мәселелер, ғылым, тех-нология және қоршаған орта бойынша жалпы комитетінің отырысы-на, ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының үш жалпы комитеттерінің бірлескен отырысына қатысты.

Партия төрағасы Әзірбайжан, Латвия, Қырғызстан, Түркия елдерінен келген саяси партиялардың өкілдерімен, сондай-ақ OMV және BERTSCHlaska ірі австриялық компаниялар өкілдерімен екіжақты кездесулер өткізді.

2012 жылғы 29 ақпанда Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының орталық кеңсесінде Партия төрағасы Азат Перуашев ҚХР-ның Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Чжоу Ли мырзаны қабылдады

Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

2012 жылғы 29 ақпанда Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы А.Перуашевтың ҚХР-ның Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Чжоу Ли мырзамен кездесуі болды.

Чжоу Ли мырза «Ақ жол» партиясының жетекшісін Мәжіліс сайлауындағы жеңісімен және парламенттік Фракцияны құруымен құттықтады.

Елші Қытайдың ШЫҰ аясында 2012 жылғы 15 қаңтардағы ҚР Парламенті Мәжілісінің кезектен тыс сайлауын заңға сай өтті деп танығандығын және Қазақстанда көппартиялы Парламенттің құрылуын қолдайтындығын атап өтті.

Кездесу барысында тараптар екі ел ынтымақтастығының одан әрі дамуының маңыздылығын айтып өтті, оның негізгі бағыттарын, сондай-ақ сауда-экономикалық сферадағы екіжақты жобаларды дамыту бойынша кәсіпкерлер тобының бастамаларына көмек көрсету мүмкіндіктерін талқылады.

Кездесу барысында Қазақстан мен Қытайдың партияаралық өзара әрекетінің мәселелері де қозғалды. Чжоу Ли мырза Қытай Коммунистік партиясы Орталық комитеті делегациясының 2012 жылғы 9 наурыз-да Астана қаласына жоспарланып отырған сапары туралы айтты. Өз кезегінде Азат Перуашев екіжақты ынтымақтастық сұрақтарын талқылау үшін қытайлық партиялық делегация өкілдерімен кездесуге дайын екендігін білдірді.

Кездесуге Халық өкілдерінің бүкілқытайлық жиынымен ынтымақтастық бойынша парламенттік топтың қатысушысы - депутат Нұрлан Жазылбеков және депутат Алмас Тұртаев қатысты.

2012 жылғы 9 наурызда Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының орталық кеңсесінде Партия төрағасы Азат Перуашев Қытай Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің делегациясымен кездесті

Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

2012 жылғы 9 наурызда Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының орталық кеңсесінде партия төрағасы, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Азат Перуашев Қытай Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің делегациясымен кездесті. Делегация құрамында ҚКП ОК Халықаралық бөлімінің басқарма директорының орынбасары Цянь Найчен, ҚКП ОК Халықаралық бөлімінің бөлім бастығы Цуй Личжи, ҚКП ОК Халықаралық бөлімінің хатшы-стажері Ван Юе, ҚКП ОК Халықаралық бөлімінің хатшы-көмекшісі Ван Фэн және ҚХР-ның Қазақстан Республикасындағы Елшілігінің бірінші хатшысы Сунь Цзефу болды.

Цянь Найчен мырза «Ақ жол» партиясының жетекшісін Мәжіліс сайлауындағы жеңісімен және парламенттік фракциясын құруымен құттықтады.

Тараптар Қазақстан мен Қытайдың партияаралық өзара әрекетінің мәселелерін талқылады. Екі ел арасындағы кәсіпкерлікті дамыту мәселелері қозғалды. Цянь Найчен мырза Қытай Коммунистік партиясының алдында тұрған міндеттер қатарында тек партиялық құрылыс мәселелері ғана емес, сондай-ақ халықаралық экономикалық ынтымақтастыққа, аймақтық өзара әрекеттесуге көмек көрсету мәселелерінің де тұрғандығын атап өтті.

Өз кезегінде, Азат Перуашев екі ел арасындағы кәсіпкерлік қарым-қатынасты жақсарту жолындағы қолдауы үшін ҚКП-ның Халықаралық бөліміне алғысын білдірді және құрлық кәсіпкерлерінің тұрақты диалог алаңы – Еуразиялық Іскерлік Конгресінің қатысушысы ретінде Қытайдың ірі бизнес-бірлестіктерін тартудағы Бөлімнің жақын арадағы белсенді көмегін мысал ретінде келтірді. «Бұл ҚКП-ның тек саясаттағы ғана емес, сондай-ақ бизнестегі жоғары беделінің мысалы. «Ақ жол» - ұлттық бизнестің партиясы

осы дәстүрді меңгеретін болады», - деп партия төрағасы атап өтті. Азат Перуашев қытайлық партиялық делегация өкілдерімен екіжақты ынтымақтастық мәселелерін талқылау үшін кездесуге, сауда-экономикалық сферасындағы екіжақты жобаларды дамыту бойынша кәсіпкерлік топтарының бастамаларына көмек көрсетуге дайын екендігін білдірді.

Кездесуге «Ақ жол» ҚДП-ның Бақылау-тексеру комиссиясының төрағасы, Қазақстанның Индустриалды Палатасы төрағасының орынбасары Болат Өтепбаев, Қазақстанның Индустриалды Пала-тасы төрағасының орынбасары Тимур Нұғманов, ҚР Парламенті Мәжілісіндегі «Ақ жол» ҚДП фракциясы аппаратының жетекшісі Айгүл Рупатова және «Ақ жол» ҚДП-ның халықаралық бөлімінің ди-ректоры Әсем Аккужанова қатысты.

«Ақ жол» партиясы кәсіпорындардың электр желілеріне қосылуы үшін заңсыз алым фактілері бойынша Бас прокуратура мен Қаржы полициясына хабарласқалы отыр

2012 жылғы 17 сәуір, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

«ШОБ субъектілерін электр желілеріне тегін қосу туралы Үкімет қаулысына қарамастан, энергетикалық компаниялардың қосымша электр қуаттарына қосылу үшін осы кезге дейін ақы алып жүргендері туралы дабылдар түсуде», - деп Азат Перуашев ТМПА төрағасы Мұрат Оспановтың қатысуымен өткен «үкімет сағатында» мәлімдеді.

Кәсіпкерлердің қазіргі заманғы өндірістің негізі факторы – электрге қолжетімділігі туралы мәселе «ақжолдықтармен» бұған дейін энергетикалық қуат нарығын енгізу туралы заң жобасын талқылау барысында көтерілген болатын. Сол кезде «табиғи монополистер» елде қосымша қуаттарды қосу үшін ақы алу жойылды деп сендірген еді. Ал «Ақ жол» партиясының депутаттары сонда да ақының алынып жатқандығын айтқанда, олар қаулы нормасының бұзылуының нақты дәлелдерін келтіруді сұрады.

«Жақында Мемлекет басшысының Жолдауын түсіндіру бойынша болған көшпелі іс-шаралар барысында біз бұл мәселені сайлаушы-лармен өткен кездесулерде әдейі көтердік. Шын мәнінде біз барған 13 облыстың бір де бірінде қосылу үшін ақы алмайды деп айтылған жоқ. Барлық жерде заңмен бекітілген тәртіпті бұза отырып, қосымша қуатты қосу үшін бұрынғысынша ақы алынатындығы расталып отыр. Бұдан басқа осы субъектілермен жүргізілетін заңсыз және бақыланбайтын түрдегі алым-салық жағдайлары айтылып отыр. Біз берілген фактілерді табиғи монополия субъектілерімен монополді жағдайларын пайдалана-ну арқылы жасалған кәсіпкерлерден тікелей ұрлау деп санаймыз», - деді А.Перуашев.

«Ақ жол» партиясының Фракциясы өзінің жағдайларын асыра пайдаланатын, қосымша қуаттарды қосу үшін кәсіпкерлерді заңсыз төлемдерге мәжбүрлейтін монополия субъектілеріне қатысты қажетті

шараларды қолға алу үшін ТМРА басшылығына Бас прокуратура мен Қаржы полициясы агенттігі өкілдерінің қатысуымен «Ақ жол» партиясында нақты жағдайлар бойынша кәсіпкерлермен кездесу өткізуді ұсынды.

Бұдан басқа, А.Перуашев партияның тиісті үндеуін осы органдарға өздігінен жолдауға бастамашылдық жасауға дайын екендігін мәлімдеді.

Үкіметтің теріс қорытындысына қарамастан, «Ақ жол» ҚДП фракциясының депутаттары білім беру мекемелерінен 100 метр радиуста алкоголь өнімін сатуға тыйым салу туралы норманы алып тастауға күш салады

2012 жылғы 19 сәуір, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

Үкіметтің теріс қорытындысына қарамастан, «Ақ жол» ҚДП фракциясының депутаттары білім беру мекемелерінен 100 метр радиуста алкоголь өнімін сатуға тыйым салу туралы норманы алып тастауға күш салады – бұл туралы партия төрағасы Азат Перуашев Парламент Мәжілісінің кешегі пленарлық отырысында мәлімдеді.

Үкімет «Ақ жол» депутаттарының балалар мекемелері мен білім беру ұйымдарынан 100 метр радиуста алкоголь өнімін сатуға тыйым салу туралы заң нормасын алып тастау жөніндегі ұсынысын қабылдамай тастады. «Заңнамадағы сыбайлас жемқорлыққа жол аша-тын қарама-қайшылықтарды алып тастау туралы заң жобасын қарау кезінде «Ақ жол» партиясы 100 метрлік талапты бұзу туралы ұсыныс енгізді. Берілген норма сыбайлас жемқорлыққа тікелей жағдай жа-сайды», - деп Азат Перуашев Мәжілістің пленарлық отырысында ай-тып өтті.

Бұл норма шағын кәсіпкерлік үшін айтарлықтай әкімшілік кедергі болып табылады және заң актілерімен қарастырылмаған, «100 метр радиуста балалар мекемелері мен білім беру ұйымдарының жоқтығын келісу» атты жаңа рұқсат беру құжатын тудырып отыр.

«Сонда білім беру мекемелерінен 101 метр радиуста алкоголь өнімін сатуға рұқсат етіледі. Алайда студент немесе жоғары класс оқушысына 100, не 101, не 200 метр жүруі үшін қандай айырмашылық бар?», - деп «ақжолдықтар» сауал қойып отыр. «Ақ жол» партия-сына хабарласушы кәсіпкерлердің мәліметтері бойынша аталған талап іс жүзінде ешқандай мағыналық ауырлық жүктемейді, және тексерушілермен бопсалаушылық үшін текке пайдаланылып отыр.

Алкоголь өнімі сатылатын сауда үйлерінің, мейрамханалардың, барлар мен кафелердің бір бөлігінің балалар мекемелері мен білім беру ұйымдарына жақын орналасқандығын және берілген шектеудің

енгізілуінен бұрын тұрғызылғандығын есепке алсақ, олардың барлығы да осы шектеудің ықпалында тұр және өздерінің қызметін толығымен немесе біртіндеп тоқтатуға мәжбүр болады. Сонымен қоса, қазіргі кезде мектепке дейінгі білім беру және тәрбие берумен қамтамасыз ету деңгейін көтеруге бағытталған «Балапан» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бағдарлама тұрғын үйлерде де мектепке дейінгі балалар мекемелерін ашуды қарастырады, ал бұл үйлерде алкоголь өнімін сатумен айналысатын сауда нүктелері орналасуы мүмкін. Дегенмен ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Кодексінің 163-4 б. 3 т. сәйкес, алкоголь өнімін сауда үйлерінде, мейрамханаларда, барлар мен кафелерде сатуға тыйым салынбайды.

Халықаралық тәжірибе мен «Атамекен» одағының бірқатар мемлекет елшіліктеріне жіберген сауалдары көрсетіп отырғандай әлемнің бір де бір елінде осындай талаптар жоқ. Жалғыз ғана мысал – ол Ре-сей, бірақ онда да бұл норма өте тиімсіз ретінде алынып тасталды.

Жастарды спирттік ішімдіктен қорғаудың әлемдегі ең әсерлі механизмі алкоголь өнімін сатуды жас шамасына қарай шектеу болып танылған. Осыған ұқсас нормалар Қазақстанда да бар. Сондықтан «Ақ жол» фракциясының депутаттары осы шектеулерді сақтау шаралары-на бақылауды күшейтіп, бірақ сонымен қатар 100 метр түріндегі сы-байлас жемқорлыққа жол ашатын кедергіні алып тастауды ұсынады.

Парламенттік оппозиция көшбасшысының көрсетіп отырғанындай, бұл норма өзекті болып табылады, себебі сауда мен қоғамдық тамақтандыру шағын кәсіпкерліктің негізгі секторы бо-лып қызмет етеді. Мұнда алкоголь өнімдерін саудалаудан түскен табыс белгілі бір бөлігінің бағалары (мысалы, нанның) бақылаушы органдармен реттелетін басқа өнім түрлерінің шығындарын жабуға мүмкіндік береді.

Бұл ретте Азат Перуашев тіпті ең кішкентай сауда дүңгіршегі немесе дүкен 3-тен 5 адамға дейін жұмыспен қамтитындығын және оларды, олардың отбасыларын өмір сүру үшін қаржымен қамтамасыз ететіндігін есепке алуды қажетті деп санайды, осыған байланысты 100 метр туралы норма жаңа жұмыс орындарын ашуды тежейтіндіктен айтарлықтай әлеуметтік маңызға ие болып отыр.

Үкіметтің теріс қорытындысына байланысты, заңнамадағы сы-байлас жемқорлыққа жол ашатын қайшылықтар туралы заң жобасы-нан ақжолдықтардың ұсынысы алынып тасталды. Сонда да «Ақ жол» ҚДП фракциясының депутаттары өздерінің депутат-әріптестерін

берілген мәселе бойынша Үкіметтің теріс позициясына қарамастан, «келесі заң жобаларын талқылау кезінде осы өзекті мәселеге оралуға» шақырды.

«Біздің ұсынысымыз бюджетке зиян келтірген жоқ, сондықтан үкіметтің қарсылығы депутаттардың позициясын жоққа шығармауы тиіс. Түптің түбінде парламент заң шығарушы орган болып табылады, және біз осындай мәселелер бойынша атқарушы биліктің тізгінінде жүрмеуіміз тиіс», - деп пленарлық отырыстан кейін «Ақ жол» партиясының көшбасшысы атап өтті.

«Ақ жол» Фракциясымен ұсынылған мемлекеттік тілді пайдалану аясын кеңейту жөніндегі заң жобасы ғылыми негізделген және өзекті – ғылыми құқықтық сараптаманың қорытындысы

2012 жылғы 17 мамыр, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

«Ақ жол» Фракциясымен ұсынылған мемлекеттік тілді пайдалану аясын кеңейту жөніндегі заң жобасы ғылыми негізделген және өзекті – бұл туралы з.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі М.Баймахановтың басшылығымен ғалымдар тобының ғылыми құқықтық сараптаманың қорытындысында айтылды. Топтың құрамында: з.ғ.д., профессор Р.Нұртаев, з.ғ.д., профессор Т.Каудыров, з.ғ.к. Ж.Құлжабаева, з.ғ.к. А.Иржанов, з.ғ.к. Ф.Рахмитов бар.

Ғылыми құқықтық сараптаманың қорытындысына сәйкес **заң жобасы Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі ережелеріне сәйкес келеді.** «Заң жобасы мемлекеттік тілді қолдану және пайдалану саласын әрі қарай кеңейтуге бағытталған. Жал-пы алғанда, заң жобасы ұлтаралық келісім мен қазақстандық патриотизмді нығайту факторы сияқты мемлекеттік тілдің рөлін арттыруға көмектесуі тиіс».

Заң жобасын қабылдаудың құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдарын бағалаған сарапшылардың пікірінше, заң жобасын қолданысқа енгізу келесі оң құқықтық, әлеуметтік және экономикалық салдар мен факторлардың іске асырылуына жағдай жасайды:

- қазақстандық азаматтықты алғысы келетін адамдардың мемлекеттік тілді меңгеруі үшін басым жағдайларды жасай-ды;
- өз лауазымды міндеттерін орындау үшін қажетті көлемде мемлекеттік тілді білуге міндетті мемлекеттік қызметшілердің тізбесін белгілеуге мүмкіндік береді;
- жаңа терминдерді мемлекеттік тілге енгізуді реттеу мәселелері бойынша заңнаманы жетілдіру мүмкіндігін береді;
- мемлекеттік емес салада мемлекеттік тілдің дамуына, экономика салалары үшін, ең алдымен, халыққа қызмет көрсету

саласында мемлекеттік тілді білетін мамандарды даярлауға көмектеседі.

«Нәтижесінде мемлекеттік тілдің сапалы дамуы, мемлекеттік тілдің тиімді ақпараттық кеңістігін қалыптастыру үшін жағдай жасалмақ».

Қорытындыда, сонымен қатар, талдаумен жалпықұқықтық қағидаттар бойынша қарама-қайшылық немесе қандай да бір тұрғындардың жекелеген топтарының мүдделерін қамтамасыз ету пейілі айқындалмағаны көрсетілді.

Ғылыми құқықтық сараптама нәтижесінде заңгер ғалымдар мы-надай қорытынды жасады: «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекеттік тілді пайдалану мен қолдану ая-сын кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы сарапшылардың ұсыныстары ескеріле отырып, әрі қарай қарауға енгізілуі мүмкін.

Анықтама үшін. *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекеттік тілді пайдалану мен қолдану аясын кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы «Ақ жол» ҚДП парламенттік фракция-сымен дайындалды. «Ақ жол» партиясы мемлекеттік тілді қолдану мен пайдалану аясын кеңейту бойынша жұмысты қолданыстағы заңнаманы жетілдіру жолымен нақты қадамдардан бастау қажет деп, санайды. Партияның Орталық кеңесімен келісілгеннен кейін заң жобасы Үкіметке ғылыми-құқықтық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптамаға жіберілді. Қазіргі таңда ол Ведомствоаралық комис-сияда қарауда жатыр.*

«Ақ жолдың» ұсыныстары арасында - «Азаматтық тура-лы» Заңның 16-бабына түзету енгізілген, оған сәйкес «Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте мемлекеттік тілді, Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының тарихы, мәдениеті мен дәстүрі негіздерін білуі жөнінен емтихан тапсыру азаматтыққа қабылдаудың міндетті шарты болып табылады».

Сонымен қатар шетелдік инвесторлар үшін техникалық және қаржылық құжаттаманы міндетті түрде ҚР тіл туралы заңнамасына сәйкес жүргізу туралы талаптың қойылуы ұсынылады, бұл ірі шетелдік жер қойнауын пайдаланушылардың тендерлеріне

қатысу бойынша қазақстандық компаниялардың мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Бұның сыртында мемлекеттің міндетіне мемлекеттік емес заңды тұлғалардың өз қызметкерлеріне мемлекеттік тілді оқыту жөніндегі шығындарының қаржыландыруын субсидиялауды жүктеу ұсынылады. Осы шара, заң жобасын әзірлеушілердің пікірі бойынша, мемлекеттік тілді қолдану аясының дамуын ынталандыруға ең үлкен практикалық бағыттылықты береді.

Азат Перуашев: Ауыл шаруашылығына салық салудағы орын алып отырған жағдай ұлттық экономика мүддесіне тікелей түрде қайшылық етеді

2012 жылғы 17 мамыр, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

Ауыл шаруашылығына салық салудағы орын алып отырған жағдай ұлттық экономика мүддесіне тікелей түрде қайшылық етеді - бұл туралы парламенттік оппозиция көшбасшысы Азат Перуашев ҚР Парламентінде салықтық әкімшілендіру мәселелері бойынша өткен конференция барысында мәлімдеді.

«Ақ жол» ҚДП төрағасы хабарлағандай, 2011 жылдың шілдесінде Салық кодексіне өзгертулер енгізілген болатын, соған сәйкес ҚҚС бойынша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге арналған 70 пайыздық жеңілдік тек заңды тұлғалармен ғана қолданыла ала-ды. Сонымен қатар, бұрынырақ бұл жеңілдікті «Шаруашылық және фермерлік қожалық туралы» Заңының 1 бабына сәйкес

жеке кәсіпкерлік формасында құрыла алатын фермерлік және шаруашылық қожалықтары пайдаланған болатын. Бүгінгі күні ауыл шаруашылығындағы барлық кәсіпорындардың 90 пайыздан астамы осы форматта жұмыс жасауда, және дәл солар біздің селолар мен ауылдардағы тұрғындардың негізгі бөлігін жұмыспен қамтамасыз етіп отыр.

«Осылайша, көрсетілген түзетуді енгізу арқылы салық органдары ауыл шаруашылығы мен ауыл халқының басым бөлігін мемлекеттік қолдаудан айырып тастады» - деп Азат Перуашев атап өтті.

Бұдан басқа, көрсетілген ҚҚС-ның 70 пайыздық жеңілдігі барлық ауыл шаруашылығына емес, тек заңда көрсетілген секторларына ғана қолданылады, - бұл ет өнімдерінің өндірісі; жемістер мен көкөністердің қайта өңделуі; май, нан өндірісі және т.б. Депутаттың ойынша: «Мұндай қадам **заңдастырылған теңсіздікті** ұйғарады: сонда агроөнеркәсіптік кешеннің бір секторлары өздері үшін жеңілдікті «басып» ала алса, ал басқалары ала алмады, алайда олардың барлығы ұқсас жағдайларда жұмыс жасауда».

«Жеңілдікті алушылар тізімінде жем өндірушілер жоқ – және біздің мал өсірушілер отандық өсімдік шаруашылығының бар екендігіне қарамастан жемді шетелден сатып алады; бұл тізімде тері өңдеу де жоқ – және қазақстандық терілер Қытайда өңделіп, елімізге дайын былғары өнімдері түрінде қайтарылуда, т.б.» - деп депутат нақты мысалдар келтірді.

«Ауыл шаруашылығына салық салу бойынша орын алып отырған жағдайды жол бергісіз және Мемлекет басшысының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ауылдағы кәсіпкерлікті дамыту бойынша тапсырмаларына тікелей қарама-қайшылық етеді деп есептеймін – деп парламенттік оппозиция көшбасшысы ерекше атап өтті - «Ақ жол» партиясы ҚҚС бойынша жеңілдікті норманы шаруашылық және фермерлік қожалықтарды қоса алғанда барлық ауылға қайтаруды талап етеді. Сонымен қатар біз ауыл шаруашылығы өндірісінің барлық секторларына бірдей қолдау жасауды қажет деп ұйғарамыз, тек өз мүдделерін қорғай алғандарға ғана емес.

«Әңгіме тек экономика туралы емес, бөрінен бұрын біздің ауылдықтар, елді-мекен тұрғындары және олардың жұмыс орындары туралы болып отыр» - деп Азат Перуашев ерекше атап өтті.

Азат Перуашев: Мемлекеттік органдар Президент тапсырмасын жедел түрде орындаудың орнына, 9 ай бойы ойланады

2012 жылғы 17 мамыр, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

Мемлекеттік органдар Президент тапсырмасын жедел түрде орындаудың орнына, 9 ай бойы ойланады – парламенттік оппозиция көшбасшысы Экономика және сауда министрлігінің **шағын және орта бизнесті құрылған күнінен бастап алғашқы 3 жыл ішінде тексеруден босату** қажеттігі туралы хабарламасына осылайша түсініктеме берді.

«Ақ жол» ҚДП төрағасы атап өткендей, **осыған ұқсас Мемлекет басшысының тапсырмасы өткен жылдың 1 қыркүйегінде**, парламенттің алдыңғы құрамының күзгі маусымының ашылуында **жасалған болатын.**

«Сонда мемлекеттік органдар тапсырманы орындаудың орнына, Президенттің сөзін жай қайталау үшін 9 ай бойы ойланған болып отыр ма? Осы уақыт аралығында тиісті заң жобасын дайындауға болатын еді және дайындау қажет еді, парламенттің қарауына енгізіп және мүмкін қабылдауға болар еді» - деп осыған байланысты А.Перуашев айтып өтті.

Бұл түсініктеме Азат Перуашевтің ҚР Парламенті Мәжілісінің Қаржы және бюджет комитетінің салықтық әкімшілендіру мәселелері бойынша өткен конференциясындағы сөз сөйлеуі кезінде берілген болатын.

Сонымен бірге, парламенттік оппозиция көшбасшысы Экономика және сауда министрлігінің шағын және орта бизнес критерилерін ұлғайту туралы бастамасын «аса маңызды» деп атап өтті.

«Бизнес-қоғамдастық «Атамекен» Ұлттық экономикалық палата-сы арқылы соңғы 3-4 жыл ішінде ШОБ критерилерін қайта қарауды талап етіп келді – деп «Ақ жол» ҚДП төрағасы мәлімдеді, - Белгілі болғандай, БСҰ-ның ережелері бойынша тек ШОБ секторын ғана мемлекеттік қолдау шараларына жол беріледі. Сонда Еуропадағы ай-налымы 60 не одан одан да көп млн. еуродан асатын кәсіпорындар ор-таша кәсіпорындарға жатады және мемлекеттік қолдауды ала алады.

Ал бізде айналымы 5 млн доллардан асатын кәсіпорындар ірі болып есептелді және мемлекеттері қосымша көмек көрсететін еуропалық алыптармен өздігінен бәсекеге түсулері тиіс болды».

«Бұрынырақ «Атамекен» ҰЭП, кейін «Ақ жол» партиясы ірі бизнес критерииін еуропалық деңгейге дейін көтеруді ұсынған бола-тын – деп Азат Перуашев қосып өтті – сондықтан бүгінгі Экономика министрлігінің АЕК-ті 3 млн долларға (20 млн. евроның айналасы) дейін көтеруді ұсынуы әрине жағдайды теңестірмейді. Бірақ егер ол іске асса – бұл бизнес үшін үлкен көмек болар еді. Және біз бұл баста-масы үшін Экономика және сауда министрлігіне ризамыз».

«Ақ жол» партиясы ауыл шаруашылығы үшін 0 % деңгейінде ҚҚС-тың бірыңғай салалық мөлшерлемесін енгізуді ұсынады

2012 жылғы 21 мамыр, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

«Ақ жол» партиясы ауыл шаруашылығы үшін 0 пайыз деңгейінде ҚҚС-тың бірыңғай салалық мөлшерлемесін енгізуді ұсынады, сонымен бірге жеңілдік түрінде ғана емес, заң нормасы түрінде – бұл тура-лы парламенттік оппозиция көшбасшысы Азат Перуашев салықтық әкімшілендіру мәселелері бойынша ҚР Парламентінде өткен конференцияда сөз сөйлеуі кезінде мәлімдеді.

«БСҰ-ға кіру алдында бізге отандық өндірушілердің мүддесі үшін заңнаманы бейімдеу қажет. Белгілі болғандай, БСҰ салықтық жеңілдіктерге тыйым салады, бірақ салық салудың салалық мөлшерлемелеріне рұқсат етеді», - деп Мәжіліс депутаты айтып өтті. Сарапшылардың мәліметі бойынша, жанама салықтың салалық мөлшерлемелері, соның ішінде ауыл шаруашылығы үшін Канада, Ұлыбритания, Финляндия, бірқатар басқа елдерде 0 пайыз деңгейінде қолданылады.

«Қазақстанға сондай-ақ өзінің ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерін қорғау керек және жекелеген сегменттерін ғана емес, барлығын қорғағаны жөн» - бұған Азат Перуашев сенімді – Сондықтан мөлшерлеменің нақ салалық болуы және ауыл шаруашылығы мен ауыл шаруашылығындағы қайта өңдеудің барлық секторларын қамтуы тиіс».

«Тоқ етерін айтсақ, әңгіме жұмыс орындары мен біздің ауылдар мен елді-мекендердегі тұрғындардың өмір сүру деңгейі туралы бо-лып отыр», - деп атап өтті Азат Перуашев.

«Ақ жол» партиясы Бас прокуратураны салықтық заңнамаға түсінік беру және берілген саладағы құқыққолданушылық практика жағдайларын жиынтықтау функцияларымен қамтамасыз етуді ұсынады

2012 жылғы 21 мамыр, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

«Ақ жол» партиясы Бас прокуратураны салықтық заңнамаға түсінік беру және берілген саладағы құқыққолданушылық практика жағдайларын жиынтықтау функцияларымен қамтамасыз етуді ұсынады – бұл туралы партия төрағасы Азат Перуашев ҚР Парламентінде салықтық әкімшілендіру мәселелері бойынша өткен коференцияда мәлімдеді.

Депутаттың айтып өткеніндей, отандық кәсіпкерлердің көбіне оларға салықтық әкімшілендіруде дұрыс қадамдарға жол сілтей алатын «нақты тірегі» жоқ. Тіпті, қаржы министрлігінің, салық комитетінің басшыларымен берілген түсініктер 3-4 жылдан соң қайта қаралып, осы есептер бойынша жүздеген миллион сомаға дейін айыппұлдар мен жетпеген аударымдар төлеттіріліп, кәсіпорындардың қүйреуіне әкеліп соққан мысалдар да бар.

Парламенттік оппозиция көшбасшысы бизнес-қауымдастық үшін салықтық заңнамаға түсінік беру өкілеттігі бар, сондай-ақ жалпыға міндетті құқықтық позицияларды тұжырымдау үшін бар жағдайларды жинақтай алатын инстанцияға аса қажеттілік туындап отыр деп есептейді.

Бұл мәселе бойынша «ақжолдықтар» көрші Ресейдегі оң тәжірибеге сүйеніп отыр, онда осындай іс-әрекетті Конституциялық сот атқарады. Дәл онымен заңнаманың даулы нормаларына түсінік беру жүзеге асырылады және ол соның ішінде соттар үшін де міндетті. Осы институттың арқасында мемлекеттің де, жүздеген кәсіпорындардың да заңды мүдделері қорғалған, салық салудың жаңа қағидаттары жасақталып, кейін заңнамада іске асырылған.

Өкінішке орай, Қазақстанда даулы жағдайларда құқық-қолданушылық салықтық практиканы түзетіп отыратын құрылым жоқ, бұл салықтық әкімшілендірудің де, жаппай әлеуметтік-

экономикалық құбылыс ретіндегі кәсіпкерліктің де әрі қарай дамуын анық тежеп отыр.

Осыған байланысты «Ақ жол» партиясы аталған функцияларды бүгіннің өзінде құқыққолданушылық практиканы тиімді бақылап отырған, соның ішінде салық салу мәселелері бойынша, Бас прокуратураға жүктеуді ұсынады. Онымен қоса «Прокуратура тура-лы» Заңының 26-бабына сәйкес, заңды білмеу және дұрыс түсінбеу заңның, не азаматтардың құқығы мен бостандығының бұзылуына әкеліп соғуы мүмкіндігі туралы жеткілікті негіздердің болуы кезінде дәл прокурордың өзі Заңға түсінік береді.

Азат Перуашев айтып өткендей, «Ақ жол» партиясы атынан парламенттік оппозициямен қазақстандық кәсіпкерлер мүддесі тұрғысынан салықтық әкімшілендіруді жетілдіру бойынша заң жо-басы дайындалған, оны ҚДП Парламенттің күзгі сессиясында Салық комитетінің осыған ұқсас түзетулерімен бірге енгізуді ойластырып отыр.

Азат Перуашев: «Ақ жол» партиясы жаңадан құрылушы шағын және орта бизнесті қызметінің алғашқы 3 жылы ішінде салықтан босатуды ұсынады

2012 жылғы 21 мамыр, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

«Ақ жол» партиясы жаңадан құрылушы шағын және орта бизнесті қызметінің алғашқы 3 жылы ішінде салықтан босатуды ұсынады – бұл туралы «Ақ жол» партиясының төрағасы, парламент депутаты Азат Перуашев ҚР Парламенті Мәжілісінің Қаржы және бюджет комитетінде салықтық әкімшілендіру мәселелері бойынша өткен конференция барысында мәлімдеді.

Айтып өтсек, өткен жылдың 1 қыркүйегінде Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев құрылған күнінен бастап алғашқы 3 жыл ішінде ШОБ-ты тексеруге тыйым салатын заңды дайындауды және қабылдауды тапсырған болатын. Сол кезде-ақ «Ақ жол» ҚДП Президент тапсыр-масын жай ғана орындап қоймай, оны толық түрде қисынды аяқтауды ұсынған болатын.

«Президенттің тапсырмасына негіз болған себептердің бірі бизнесті тексерудегі жемқорлықтың өсуі, бәрінен бұрын қаржылық және салықтық есеп беру сферасында. Осыған байланысты, «Ақ жол» ҚДП тексеруге тек тыйым салып қоюды ғана емес, сондай-ақ шағын және орта бизнесті кәсіпорын құрылған күннен бастап сол 3 жыл ішінде салықтан босатуды қисынды және қажетті деп санайды», - деп парламенттік оппозиция көшбасшысы Азат Перуашев атап өтті.

«Ақжолдықтардың» мәліметтері бойынша, жұмысының алғашқы жылдарында-ақ жаңадан құрылған компаниялардың 90 пайызға дейіні қысымды көтере алмай, өз қызметтерін тоқтатып жатады. Сондықтан оларды салықтан босату бюджет үшін аса бір елеулі жоғалтуларға алып келмейді. Бір жағынан, жаңадан бастаушы бизнесті салықтан босату олардың өміршеңдігін күшейтеді және экономиканың түрлі салаларында жаңа компаниялардың пайда болуына мүмкіндік береді.

Сондай-ақ Азат Перуашев жаңа кәсіпорындарды салықтан босату мерзімі 5 жылға дейін жететін, шағын және орта бизнесі табысты

жұмыс жасап жатқан АҚШ, Қытай, Германия және басқа елдердегі ұқсас қадамдарды мысалға келтірді.

Сонымен қатар, «Ақ жол» ҚДП төрағасы қатысушылардың назарын салықтық даулар бойынша Қазақстанда жүргізіліп жатқан 5 жылдық ескіру мерзімі жағдайына аударды. Бұл салық органдарына, тексеруге тыйым салған жағдайда да, 3 жылдық тыйымның аяқталуы бойынша еш кедергісіз ШОБ-ты қызметінің алғашқы жылдарында тексеруге мүмкіндік береді. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, іс жүзінде адал емес бизнеске салынатын алымдар мен айыппұлдарды адал биз-неске аударушы жалған кәсіпкерлік бойынша бап көбіне дәл осындай тексерістер бойынша қолданылады.

Осыған байланысты, «Ақ жол» партиясы салықтық есеп беру бойынша мерзімі өткен істің 5 жылдық мерзімін 3 жылға дейін қысқарту талабын жалғастырып отыр. Айтпақшы, көрші Ресейде салықтық даулардың мерзімі 3 жыл, бұл Кеңендік одақ аясындағы біздің кәсіпорындарымыздың бәсекелестігі тұрғысынан маңызды.

«Ақ жол» ҚДП: Шамадан тыс салықтық әкімшілендіру кәсіпкерлерге қосымша салық салудың жасырын түрі болып та-былады

2012 жылғы 21 мамыр, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

Шамадан тыс салықтық әкімшілендіру кәсіпкерлерге қосымша салық салудың жасырын түрі болып табылады – бұл туралы «Ақ жол» партиясының төрағасы Азат Перуашев ҚР Парламенті Мәжілісінің Қаржы және бюджет комитетінде салықтық әкімшілендіру мәселелері бойынша өткен конференцияда сөз сөйлеуі кезінде мәлімдеді.

«Салықтық әкімшілендірудің ең өзекті мәселесіне есеп берудегі кез келген қателік үшін бизнеске салынатын тұрақты айыппұлдар айналды. Сонымен бірге бұл қателіктер көбінесе техникалық себептермен, не салық органдарының жұмысындағы кемшіліктермен байланысты» - деп парламенттік оппозиция көшбасшысы атап өтті.

«Жағдайлардың басым көпшілігінде мұндай қателіктер бюджетке ешқандай зиян келтірмейді, демек айыппұлдар төлету үшін пайдаланылмауы тиіс. Әйтпесе кәсіпкерлер жасырын түрде қосымша салық салумен бетпе-бет келіп отыр» - деп депутат айтып өтті.

А.Перуашев жасырын түрде салық салудың басқа бір түрін «шотты тұтқындау» деп атады – бұл келісім-шарттардың орындалмауына, айыппұлдық санкцияларға және шотты қайта қалпына келтіру кезінде салық саласы қызметкерлері тарапынан орын алатын бопсалаушылыққа алып келетін кәсіпорындардың шоттары бойынша есеп айырысу операцияларының тоқтатылуы.

Осыған байланысты «Ақ жол» партиясы егер есеп-қисап бюджетке тікелей зиян келтірмесе, салықтық есеп беру бойынша айыппұлдарды алып тастауды ұсынады. Кәсіпкерлердің пікірінше, шенеуніктердің салықтық есеп беруді жасанды түрде күрделендіруі және өз жұмыстарын бірыңғай айыппұлдар төлетуге бұру жағдайы Мемлекет басшысының бизнес-климатты ырықтандыру және іскерлік белсенділікті көтеру бойынша тапсырмаларына сәйкес келмейді.

«Дұрыс мағынасы жағынан алғанда, бизнестің міндеті – ақша табу және мемлекетке салық төлеу. Бұл процесті бюрократтық түрде

ресімдеу – мемлекет пен оның шенеуніктерінің шаруасы, сондықтан жасалған салықтық төлемдерді мінсіз ресімдеуді талап ете отырып, шенеуніктер іс жүзінде өздерінің міндеттерін бизнеске жүктеп отыр, және өздерінің жұмысындағы есеп-қисаптағы кемшілік үшін оларға айыппұл салады» - деп санайды депутат.

Азат Перуашев айтып өткендей, «Ақ жол» партиясы атынан парламенттік оппозициямен қазақстандық кәсіпкерлер мүддесі тұрғысынан салықтық әкімшілендіруді жетілдіру бойынша заң жо-басы дайындалған, оны ҚДП Парламенттің күзгі сессиясында Салық комитетінің осыған ұқсас түзетулерімен бірге енгізуді ойластырып отыр.

Жалған кәсіпкерлік туралы қылмыстық норма арқылы салық органдары адал кәсіпорындарды алаяқтардың қулық-сұмдығын өтеуге мәжбүрлеп отыр – Азат Перуашев

2012 жылғы 21 мамыр, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

Жалған кәсіпкерлік туралы қылмыстық норма арқылы салық органдары адал кәсіпорындарды алаяқтардың қулық-сұмдығын өтеуге мәжбүрлеп отыр – бұл туралы парламенттік оппозиция көшбасшысы, «Ақ жол» ҚДП төрағасы Азат Перуашев салықтық әкімшілендіру мәселелері бойынша өткен конференцияда сөз сөйлеуі кезінде мәлімдеді.

«Бұл мәселе «Атамекен» ҰЭП-ның бастамасы бойынша көтерілген кезде, өткен жылдардағы парламенттегі талқылаулар депутаттардың арасында көбінің бұл мәселені түсінбейтіндігін көрсетті. Оны нақтылап зерттеу жағдайы кейде «алаяқ төлеуі тиіс» деген тақырыптағы жалпы пікірлермен алмастырылды» - деп ескертіп өтті ол.

«Ақ жол» партиясына Жоғарғы соттың нормативтік қаулысына сүйене отырып, соттар көбінесе мәмілелердің адалдығын мойындау туралы материалдарды қарауға алмайтындығы жөнінде кәсіпкерлердің хаттары түсіп жатады. Бұл сот шешімінсіз ешкімнің де өзінің мүлкінен не оның бір бөлігінен айырыла алмайтындығы туралы конституциялық мүліктік құқықты белден басуға алып келеді.

Іс жүзінде сот бір тұлғаны айыпты деп табады, ал ол үшін салықтар бойынша берешекті, айыппұлдары және өсімақыларды бірде-бір сот айыпты деп таппаған адал кәсіпорындарға жүктейді.

Азат Перуашев «Ақ жол» партиясының Қылмыстық кодекстен 192-ші «Жалған кәсіпкерлік» бабын және Салық кодексінен осыған ұқсас нормаларды алып тастауға қол жеткізуді жалғастырып жатқандығын мәлімдеді. Берілген баппен қарастырылған қылмыстардың барлық құрамы Қылмыстық кодекстің басқа баптарындағы диспозициялармен қамтылып отыр (192-1, 221, 222).

Сонымен бірге берілген саладағы қылмыстардың алдын алу үшін, Ресей Федерациясының тәжірибесі бойынша (бірнеше жыл бұрын

осыған ұқсас баптан бас тартқан) кәсіпкерлік субъектісінің заңсыз құрылуы үшін жауапкершілік енгізу ұсынылады.

«Ақ жол» ҚДП төрағасы бизнес-қауымдастықтың және партияның Экономикалық қылмыстармен және сыбайлас жемқорлықпен күрес агенттігінің, Қаржы министрлігінің, Әділет министрлігінің басшылығымен жүргізіп отырған жұмысы біртіндеп осы мәселе бой-ынша анық бір түсіністікке алып келе жатыр, бұл жақында өткен ведомствоаралық комиссия отырысында құптау тапты деп атап өтті.

«Ақ жол» ТЖМ-мен әзірленіп жатқан «Азаматтық қорғаныс туралы» заң жобасындағы кәсіпкерлерге сыбайлас жемқорлық нормаларды және әділетсіз қысым көрсетуді жоюын талап етеді

2012 жылғы 22 мамыр, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

«Ақ жол» партиясы ТЖМ-мен әзірленіп жатқан «Азаматтық қорғаныс туралы» заң жобасындағы кәсіпкерлерге сыбайлас жемқорлық нормаларын және әділетсіз қысымды көрсетуді жоюын талап етеді – бұл туралы ТЖМ жұмысының нәтижелері бойынша дүйсенбі күні өткен үкіметтік сағат барысында партия төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев мәлімдеді.

Баяндама жасаған Төтенше жағдайлар жөніндегі министр Владимир Божко бұдан былай ірі кәсіпорындар «Өрт сөндіруші» АҚ-на қызмет көрсетуге коммерциялық шарттарды жасауға міндетті бола-тын фактіні «оңды» тәжірибе ретінде атады. Сондай-ақ ол «Азаматтық қорғаныс туралы» заң жобасымен жұмысты министрлік биылғы жылдың тамыз айында аяқтауды жоспарлағаны туралы хабарлады.

Осыған байланысты «Ақ жол» төрағасы аталған заң жоба-сы бірнеше рет бизнес-қауымдастығымен сынға алынғанын еске түсірді. Мәселен, қызмет көрсету шартын жасауға міндет ҚР ТЖМ құрылымындағы монополиялық жағдайын пайдаланып, коммерциялық қызметпен айналысатын «Өрт сөндіруші» АҚ-ның және ҚР ТЖМ-нің басқа еншілес кәсіпорындарының коммерциялық мүдделерін ашық қолдау болып табылады.

Азат Перуашев айтқандай, «Сонымен қатар әзірлеушілер кәсіпорындардың өз салықтарымен ТЖМ мен оның «еншілес кәсіпорындарын» қоса алғанда, мемлекеттік және квазимемлекеттік құрылымдардың ұстауын төлеу фактісін елемей отыр, және сондықтан да кез келген жағдайда төтенше жағдайларда мемлекеттің көмегіне сүйенуге құқылы».

Азат Перуашев: кәсіпкерлерден олар төлеп қойған (салық арқылы) мемлекеттік қызметтердің үстіне коммерциялық төлемнің енгізілуі заңсыз болып табылады – деп санайды. Ол бұл жайында: «Егер кәсіпкер мемлекеттің басты міндеттеріне кіретін қызметтерге:

өз азаматтарын құтқару және қорғау үшін коммерциялық бағаны төлеуге міндеттелсе, онда іс жүзінде әңгіме **қосымша салық салу туралы** болып отыр», - деді.

«Ақ жол» лидері заң жобасымен көзделген барлық (шағын және орта бизнесті қоса алғанда) кәсіпорындардың өз қызметкерлерін апаттан ғана емес, **нысанаға тигізудің заманауи құралдарынан** қорғау міндеттері, сонымен қатар **штаттық мамандары бар даярланған отрядтарды ұстау** талабы бойынша түсінбестік білдірді. «Сонда әр шаштаразды бронь тақталарымен қаптау қажет пе және арнау-лы жасақ тобын ұстауды мәжбүр ету керек пе?» - деп сұрақ қояды депутат.

Сонымен қоса ТЖМ заң жобасына **кәсіпорындардың жұмысын тоқтатуға дейін құқық** беріп, бақылау мен тексерулер бойынша жеке құқықтарын егжей-тегжейлі жазыу біраз жәйтті аңғартады. Бұл норманы «ақжолдықтар» тікелей сыбайлас жемқорлықтық деп санай-ды. «Бұндай жағдайда ТЖМ экономикаға емес, экономика ТЖМ-не жұмыс жасайды».

«Біз Владимир Карповичты ашық пікірталастарға дайын адам ретінде білеміз. «Азаматтық қорғаныс туралы» заң жобасы бұдан бұрын да кәсіпкерлердің дәйекті сынынан кейін ведомство ішінде қайта өңдеуге қайтарылған болатын. Сондықтан күзде бізге түсетін заң жобасында осы және басқа да заңсыз нормалардың болмауын та-лап етеміз» - деп атап көрсетті Азат Перуашев.

«Ақ жол»: Шағын кәсіпорынға жылу, су жүйесіне, электр көзіне қосылу үшін көмек көрсететін болды – азаматтардың өтініштері бойынша Фракция жұмысының нәтижелері

2012 жылғы 23 мамыр, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

Ғимараттарға жөндеу жүргізу бойынша қызмет көрсететін шағын кәсіпорынның қиындықтары туралы «Геракл» ЖШС-гі қызметкерінен Фракция атына хат түскен болатын. Осыған бай-ланысты «Геракл» ЖШС-іне мүмкіндігінше қолдау көрсету тура-лы өтінішпен «Қазақмыс» корпорациясына Фракция атынан хат жолданды.

«Қол жеткізген келісімдер нәтижесінде «Қазақмыс» корпорациясының ГРЭС-сы ҚР заңнамасына сәйкес ұсынылған құжаттар мен ресми өтініш негізінде «Геракл» ЖШС-інің өндірістік ғимараттарын жылу, су жүйесіне, электр көзіне қосу үшін техникалық жағдайларды ресімдеуге көмек көрсететін болды», - деп «Қазақмыс» тарапынан келген ресми жауапта хабарланған.

«Ақ жол» партиясының Фракциясы көрсетілген әлеуметтік жауапкершілік пен жергілікті қоғамды қолдау шараларын іске асырып жатқаны үшін «Қазақмыс» Корпорациясына алғыс білдіреді.

Төтенше жағдайлар министрлігін сынағаны үшін «Ақ жол» партиясына әкімшілік қысым жасауға тырысуда ма?

2012 жылғы 24 мамыр, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

ТЖМ сынағаны үшін «Ақ жол» партиясына әкімшілік қысым жасауға тырысуда – бұндай тұспалды жасауға соңғы күндердің оқиғалары мәжбүр етеді. «Ақ жол» партиясының депутаттары биылғы жылдың 21 мамырында ТЖМ-дегі және өртке қарсы қызметтегі сы-байлас жемқорлыққа байланысты сын айтып, үлгірмей жатып, іле-шала бір күннен кейін – 23 мамырда партияға өртке қарсы қауіпсіздік ережелерінің сақталуына қатысты тексеріс жүргізу жөніндегі хабар-лама келіп түсті.

Партия төрағасы Азат Перуашев осы оқиғада ашуланған шенеуніктер тарапынан парламенттік оппозициядан «кек» алып отыр деуге ынталы болмаса да, - мүмкін, әңгіме кездейсоқ жағдайлардың дәл келуі жайында болып тұр, - «бірақ саяси партиялардың «өртке қарсы қауіпсіздігін» тексеруі біздің саяси өміріміздегі әдеттегі тәжірибе болып табыла ма екен», - деп атап өтті депутат.

Шынында да, соңғы уақытта «аса либералды» «Ақ жол» партия-сынан өзге, қандай да бір саяси партиялар, өртке қарсы «шүбәсіздікке» тексерілгенін білу қызықты болар еді?

Осыған байланысты «Ақ жол» партиясы ТЖМ-нің өртке қарсы қызметінің партияны тексеру кезінде басы-қасында болу үшін журналисттерді шақырады.

Анықтама үшін. «Ақ жол» партиясы ТЖМ жұмысының нәтижелері бойынша дүйсенбі күні өткен үкіметтік сағат барысында ТЖМ-мен әзірленіп жатқан «Азаматтық қорғаныс туралы» заң жобасындағы кәсіпкерлерге сыбайлас жемқорлық нормаларын және әділетсіз қысымды көрсетуді жою талабын қойған болатын.

Осыған байланысты «Ақ жол» төрағасы аталған заң жоба-сы бірнеше рет бизнес-қауымдастығымен сынға алынғанын еске түсірді. Мәселен, қызмет көрсету шартын жасауға міндет ҚР ТЖМ құрылымындағы монополиялық жағдайын пайдаланып, коммерциялық қызметпен айналысатын «Өрт сөндіруші» АҚ-ның

және ҚР ТЖМ-нің басқа еншілес кәсіпорындарының коммерциялық мүдделерін ашық қолдау болып табылады.

Азат Перуашев айтқандай, «Сонымен қатар әзірлеушілер кәсіпорындардың өз салықтарымен ТЖМ мен оның «еншілес кәсіпорындарын» қоса алғанда, мемлекеттік және квазимемлекеттік құрылымдардың ұстауын төлеу фактісін елемей отыр, және сондықтан да кез келген жағдайда төтенше жағдайларда мемлекеттің көмегіне сүйенуге құқылы».

Азат Перуашев: кәсіпкерлерден олар төлеп қойған (салық арқылы) мемлекеттік қызметтердің үстіне коммерциялық төлемнің енгізілуі заңсыз болып табылады – деп санайды. Ол бұл жайында: «Егер кәсіпкер мемлекеттің басты міндеттеріне кіретін қызметтерге: өз азаматтарын құтқару және қорғау үшін коммерциялық бағаны төлеуге міндеттелсе, онда іс жүзінде әңгіме қосымша салық салу ту-ралы болып отыр», - деді.

«Ақ жол» лидері заң жобасымен көзделген барлық (шағын және орта бизнесті қоса алғанда) кәсіпорындардың өз қызметкерлерін апаттан ғана емес, нысанаға тигізудің заманауи құралдарынан қорғау міндеттері, сонымен қатар штаттық мамандары бар даярланған отряд-тарды ұстау талабы бойынша түсінбестік білдірді. «Сонда әр шашта-разды бронь тақталарымен қаптау қажет пе және арнаулы жасақ то-бын ұстауды мәжбүр ету керек пе?» - деп сұрақ қояды депутат.

Сонымен қоса ТЖМ заң жобасына кәсіпорындардың жұмысын тоқтатуға дейін құқық беріп, бақылау мен тексерулер бойынша жеке құқықтарын егжей-тегжейлі жазуы біраз жәйтті аңғартады. Бұл нор-маны «ақжолдықтар» тікелей сыбайлас жемқорлықтық деп санай-ды. «Бұндай жағдайда ТЖМ экономикаға емес, экономика ТЖМ-не жұмыс жасайды».

«Біз Владимир Карповичты ашық пікірталастарға дайын адам ретінде білеміз. «Азаматтық қорғаныс туралы» заң жобасы бұдан бұрын да кәсіпкерлердің дәйекті сынынан кейін ведомство ішінде қайта өңдеуге қайтарылған болатын. Сондықтан күзде бізге түсетін заң жобасында осы және басқа да заңсыз нормалардың болмауын та-лап етеміз» - деп атап көрсеткен болатын Азат Перуашев.

ҚР-н газдандырудың бас сызбасына Шығыс Қазақстан мен Павлодар облыстары қосылады - «Ақ жол» ҚДП Фракциясының депутаттық сауалына Премьер-Министрдің жауабы

2012 жылғы 24 мамыр, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

ҚР-н газдандырудың бас сызбасына Шығыс Қазақстан мен Павлодар облыстары қосылады - «Ақ жол» ҚДП Фракциясының депутаттық сауалын қарау нәтижелері бойынша **Үкіметтің жауабы** осындай.

Республикалық газдандыру жоспарына Павлодар мен Шығыс Қазақстан облысы енгізілмегені туралы ақпарат «Ақ жол» ҚДП Фракциясы депутаттарының осы өңірдегі сайлаушылармен кездесулер ба-рысында айқындалған болатын.

«Ақ жолдықтардың» ойынша, осындай жағдай Республиканың басқа азаматтарымен салыстырғанда осы облыстар тұрғындарының біздің мұнай мен газ шығаратын елімізде арзан және экологиялық таза көгілдір отынға тең қол жетімділігі болып табылатын ең маңызды факторы - лайықты өмір сапасына **Конституциямен кепілдік берілген тең құқылы болуды бұзатын еді.**

Осыған байланысты «Ақ жол» ҚДП парламенттік Фракциясымен ҚР Премьер-Министрінің атына **елімізді газдандыру жоспарына Шығыс Қазақстан мен Павлодар облыстарын қосудың қажеттілігі туралы** депутаттық сауал дайындалды, оны қосып, биылғы жылдың 25 сәуірінде партия төрағасы Азат Перуашев жария етті.

«Дәл осы өңір, Семей ядролық полигоны салдарының әсерін айтпағанның өзінде, **экологиялық тұрғыдан қолайсыз бо-лып саналатынын атап өту қажет.** Айталық, Өскемен қаласы атмосфералық ауаның, әсіресе аса жоғары уытты заттармен (кадмий, мышьяк, хлор, күкірт ангидридi, қорғасын және т.б.), ластануының ең жоғары деңгейімен көзге түседі. Семей мен Павлодар қалаларындағы жағдайдың бұдан асып тұрғаны шамалы екені сауалда атап көрсетілді. Сондықтан табиғи газбен қамтамасыз ету атмосфераға залалды заттардың шығарылуын едәуір қысқартып, өңірдегі экологиялық

жағдайды жақсартқан болар еді». Бұдан әрі Азат Перуашев атап өткендей: ішкі газ құбырын салудан басқа Шығыс Қазақстан облысын газдандырудың тағы бір әлеуетті мүмкіндігі ретінде ШҚО Риддер қаласынан 150 км жерде жобаланатын **ресей-қытайлық «Алтай» газ құбырына қосылуы** болар еді.

«ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 7 мамырдағы № 582 Қаулысымен «Қазақстан Республикасын газдандырудың бас сызбасын даярлау ережесі» бекітілді. Сызбада қажетті инфрақұрылым және республика өңірлерін, соның ішінде Шығыс-Қазақстан мен Павлодар облыстарын газдандыру тәсілдері көрсетіледі», - деп бүгін алынған К.Мәсімовтың қолы қойылған Үкіметтің берілген жауап хатында айтылады.

Сонымен қатар, Үкіметтің жауабына сәйкес, қазіргі уақытта «Алтай» газ құбырының жобасының техникалық-экономикалық параметрлерін келісу жөніндегі келіссөздер жүргізіледі, олардың нәтижелері бойынша оған **Шығыс Қазақстан облысын қосу мүмкіндігі қарастырылады.**

«Ақ жол» демократиялық партиясы мәселенің дамуын болашақта да қадағалап бақылап отырады.

«Ақ жол» ҚДП парламенттік фракциясы сайлаушылардың талап-тілектерін орындау жөніндегі жұмысты жалғастыруда.

«Ақ жол» партиясы экономикалық контрабанда үшін жауапкершілікті қылмыстық сферадан қаржылық тұрғыға аудара отырып, оны құқықтық бағалауда еуропалық тәсілді қолдануды ұсынады

2012 жылғы 25 мамыр, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

«Ақ жол» партиясы экономикалық контрабанданы құқықтық бағалауда ҚР Қылмыстық кодексінен 209-бапты (экономикалық контрабанда) алып тастау және ол үшін жауапкершілікті қаржылық тұрғыға аудару жолы арқылы еуропалық тәсілді іске асыруды ұсынады – бұл туралы партия төрағасы Азат Перуашев бүгін ҚР Әділет министрлігінде экономикалық құқықбұзушылықтарды декри-минализациялау бойынша өткен дөңгелек үстелде сөз сөйлеуі кезінде мәлімдеді.

«Еуропаның көптеген жетекші елдерінде тауарлық контрабанда-ны қылмыстық күнә ретінде емес, салық төлеу мен кедендік алым-дардан жалтару мақсатындағы қаржылық құқықбұзушылық деп қарастырады.

Осыған байланысты Германияның, Францияның, Швецияның заңнамаларында осындай құқықбұзушылықтар үшін қылмыстық емес, қаржылық жазалар қолданылады, мұнда құқық бұзушының заңсыз әкелген тауары тәркіленеді және бағалау құнынан айыппұл салынады» - деп түсіндірді Азат Перуашев.

Кедендік бақылау сферасындағы қылмыстық жауапкершіліктің бар болуы бірқатар елдерге (Қазақстанды қосқанда) бұрынғы КСРО мен соцлагерьдің «темірдей пердесінің» экономикалық саясатынан мұра болып қалған өзіне тән ерекшелік болып табылады.

Сонымен бірге, оны сақтап қалу тек кәсіпкерлерге ғана емес, сондай-ақ мемлекеттің өзіне де пайдасыз. Себебі, контрабанда туралы қылмыстық іс бойынша тергеу кезінде, тауарлар «заттай дәлелдер» болып табылып, тергеу мен сот процесі мерзіміне тұтқындалады, және айлар бойына мемлекеттік кіріс есебіне де беріле алмайды, та-уар айналымына да қайтарыла алмайды. Осы арада оларды сақтау шығындары мемлекетке жүктеледі, ал тұтқындалған тауарлардың

едәуір бөлігі тұтынушылық ерекшеліктерін жоғалтады, бүлінеді не-месе ұрланады.

Парламенттік оппозиция көшбасшысының пікірі бойынша, еуропалық тәсілді қолдану тікелей түрде жазаларды ізгілендіру мен экономикалық құқықбұзушылықтарды декриминализациялау саяса-тына сәйкес келеді. Осындай тәсілдің нәтижесі жасалынған құқық бұзушылықтар үшін қатал қаржылық жауапкершілік болып табылуы тиіс, бұл заң талаптарын сақтау үшін үздік уәж болады.

Азат Перуашев хабарлағандай, қазіргі нормалар орны ауысты-рылатын тауарлардың құнын ерікті бағалау жолымен лауазымды тұлғаларға сыртқы экономикалық қызметтің кез келген қатысушысын Қылмыстық кодекстің 209-бабына жатқызуға мүмкіндік береді. Бұл жағдайларда қылмыстық жауапкершілікке тартудың ықтимал қауіп-қатері кеденнің сыбайласқан қызметкерлері тарапынан бопсалаушылық және кәсіпкерлердің құқын бұзу кезіндегі жиі түрде «даусыз аргумент» болады.

«Ақ жолдың» мәліметінше, контрабанданы жасауда айыпты деп танылған тұлғалардың басым көпшілігі нақты түрде бас бостандығынан айырылмайды, істердің сотқа дейінгі кезеңде тоқтатылу жағдайлары да талай орын алған. Мұның бәрі тергеу жұмысының сапасыздығы ту-ралы, сондай-ақ әлдебір «келісушіліктің» жүйелі орын алуы туралы айғақтайды.

Депутат сондай-ақ теріс қылық ауырлығы жазасының сай келушілігі болуы тиіс екендігін айтады. Заңсыз түрде бір көлік көкөніс әкелген кәсіпкер адам өлтірушілермен қатар түрмеде отыр-мауы тиіс, тіпті бюджет есебінен. Ол келтірген зиян орнын толты-руы тиіс және жұмыс жасауын, отбасын асырауын, мемлекетке салық төлеуін жалғастыруы тиіс.

«Ақ жол» көшбасшысының пайымдауынша, контрабанданы жасаудағы айып тағулар бойынша даулы жағдайларда тез және ашық шешімдерді қамтамасыз етпесе, кедендік инфрақұрылым Батыс Еу-ропа мен Батыс Қытай арасындағы Қазақстанның транзиттік әлеуетін дамытуға кедергі болады.

Азат Перуашев «Ақ жол» ҚДП-ның осы және басқа да бастама-ларды қаржы-экономикалық құқық бұзушылықтарды әрі қарай декри-минализациялау бойынша үкіметтік заң жобасының ҚР Парламенті Мәжілісіне түсуінен кейін оны қарастыру аясында енгізуге дайындап жатқандығын хабарлады.

Азат Перуашев: Бизнес-қауымдастық пен «Ақ жол» ҚДП-ның жалған кәсіпкерлік үшін қылмыстық бапты алып тастау туралы табанды мәлімдемелері мемлекеттік органдар тарапынан ақыры түсіністік тапты

2012 жылғы 25 мамыр, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

Бизнес-қауымдастық пен «Ақ жол» ҚДП-ның жалған кәсіпкерлік үшін қылмыстық бапты алып тастау туралы табанды мәлімдемелері мемлекеттік органдар тарапынан ақыры түсіністік тапты – бұл мемлекеттік органдармен дайындалған «Қаржылық-экономикалық қылмыстарды әрі қарай декриминализациялау туралы» заң жобасының презентациясы көрсетілген ҚР Әділет министрлігіндегі бүгінгі дөңгелек үстел барысында мәлім болды. Көрсетілген заң жобасында Қылмыстық кодекстен 192-бапты (жалған кәсіпкерлік) алып тастау қарастырылған.

Бұдан бұрын бірнеше рет «Ақ жол» ҚДП төрағасы Азат Перуашев мәлімдегендей, «Жалған кәсіпкерлік туралы қылмыстық норма арқылы салық органдары адал кәсіпорындарды алаяқтардың қулық-сұмдығын өтеуге мәжбүрлейді».

Бүгінгі Әділет Министрлігіндегі отырыста сөз сөйлеген парламенттік оппозиция көшбасшысы былай деп атап өтті: «Ақ жол» партиясына кәсіпкерлерден жалған кәсіпкерлік туралы норма арқылы алаяқтарды емес, керісінше адал кәсіпкерлерді төлеуге мәжбүрлейтіндігі туралы хаттар түсіп жатады, ал алаяқтардың өздері болса мемлекетке де және жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарға да зиян келтірулерін жалғастырып жатады.

Бұл сот шешімінсіз ешкімнің де өзінің мүлкінен не оның бір бөлігінен айырыла алмайтындығы туралы конституциялық мүліктік құқықты белден басуға алып келеді. Іс жүзінде сот бір тұлғаны айыпты (жалған кәсіпорын) деп табады, ал ол үшін салықтар бойынша берешекті бірде-бір сот айыпты деп таппаған адал кәсіпорындарға жүктейді».

Азат Перуашев «Ақ жол» партиясының ҚР Қылмыстық кодексінен 192-бапты алып тастау туралы заң жобасын дайындау бойынша ведомствоаралық жұмыс тобының шешімін құптайтындығын мәлімдеді және парламенттік фракцияның аталған заң жобасын ҚР Парламенті Мәжілісіне түсуі кезінде «түбегейлі қолдауға» дайын екендігін айтты.

«Ақ жол» партиясы ересектерге қазақ тілін оқытып-үйретуге арналған үздік әдістеме бойынша байқау қорытындысын шығарды және жеңімпаздарға ақшалай сыйлықтар тапсырды

2012 жылғы 26 мамыр, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

«Ақ жол» партиясы ересектерге қазақ тілін оқытып-үйретуге арналған үздік әдістеме бойынша байқау қорытындысын шығарды және жеңімпаздарға ақшалай сыйлықтар тапсырды.

Марапаттау шарасы партияның Орталық кеңесі пленумының ба-рысында өтті.

Айта кетсек, аталмыш байқау «Ақ жол» партиясының аймақтық филиалдары жанынан ересектерге арналған қазақ тілін оқытып-үйрету бойынша ашылатын жексенбілік мектептер үшін әдістемелерді таңдау мақсатында а.ж. ақпан айында жарияланған болатын. Байқау міндеті оқытудың үш деңгейі бойынша үздік әдістемелерді анықтау болды: алғаш рет қазақ тілін үйренушілер үшін; бастапқы білімі бар және қазақ тілін кең көлемді түрде үйренуге ынтасы бар азаматтар үшін (жалғастырушы деңгей); сондай-ақ қазақ тілін жетік меңгеру деңгейі.

Байқауға әртүрлі шығармашылық ұжымдардан барлығы 19 әдістемелік құрал келіп түсті. Жеңімпаздарды құрамында қазақ тілінің кәсіби мамандары, филология ғылымдарының докторлары мен кандидаттары бар тәуелсіз әділқазылар алқасы анықтады.

Байқау қорытындысы бойынша келесі сыйақылар тағайындалды:

Орта және жоғары деңгейлерге арналған «Үздік әдістемелік кешен» номинациясы бойынша – «Сары-арқа» оқу-әдістемелік кешенін ұсынған Қарағанды облыстық тілдерді оқыту орталығы – 150000 тенге;

Бастапқы деңгейге арналған «Үздік әдістемелік кешен» номинациясы бойынша - «Қазақ тілі. Kazak language. Made easy» оқу-әдістемелік кешенін ұсынған «Абырой» қазақ мәдениеті мен тілін дамыту қоры – 100000 тенге;

Бастапқы деңгейге арналған «Көмекші әдістемелік құрал» номинациясы бойынша – Тілді өз бетінше үйренушілерге арналған «Қазақ

тілі» мультимедиалық бағдарламасын ұсынған «Руханият» орталағы – 50000 тенге;

Жоғары деңгейге арналған «Көмекші әдістемелік құрал» номинациясы бойынша – «Асыл сөз» оқу кешенін ұсынған Қызылорда облыстық тілдерді оқытудың өңірлік орталығы – 50000 тенге.

Жобаны іске асырудың келесі қадамы әртүрлі облыстардан оқытушыларды таңдау және жеңіп шыққан әдістемелер бойынша жаттықтыру, курсқа қатысушылар топтарын қалыптастыру және сабақтарды өткізу үшін жағдаймен қамтамасыз етуді ұйымдастыру болып табылады.

Тіл үйрену сабақтары барлық ниет білдіргендер үшін тегін бо-луы тиіс; ұйымдастыру шығындарын «Ақ жол» партиясы толықтай өз мойнына алады. Партияның облыстық филиалдарына берілетін қажетті тапсырмалар «Ақ жол» ҚДП Орталық кеңесінің осы отыры-сында бекітілді.

«Ақ жол» партиясы азаматтардың қазақ тілін үйренуіне белсенді түрде көмек көрсетуді өзінің күнделікті жұмысындағы маңызды қадамдарының бірі санайды. «Мемлекетті тілді ілгерілету жұмысы жікке бөлуші емес, керісінше барлық қазақстандықтарды біздің саяси тұғырнамамыздағы біріктіруші фактор болуы тиіс» - деп «Ақ жол» ҚДП төрағасы Азат Перуашев өткен Пленумдағы сөз сөйлеуі кезінде атап өтті.

Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы мен Латвияның билік партиясы «Виенотиба» көшбасшылары Ынтымақтастық және өзара әрекеттестік туралы келісімге қол қойды

2012 жылғы 31 мамыр, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

2012 жылғы 29 мамырында Латвия Республикасында, Рига қаласында, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы мен Латвияның билік партиясы «Виенотибаның» арасында Ынтымақтастық және өзара әрекеттестік туралы келісімге қол қою рәсімі өтті. Құжатқа «Ақ жол» ҚДП төрағасы Азат Перуашев пен «Виенотиба» партиясының көшбасшысы Дзинтарс Закис қол қойды.

«Ақ жол» партиялық делегациясының Латвияға сапары барысында латвиялық билік партиясының мүшелерімен – Латвия Республикасының премьер-министрі Валдис Домбровскиспен, Латвия Парламентінің Спикері Солвита Аболтинямен, ұлттық Сайма мен Еуропарламенттегі «Виенотиба» партиясының депутаттарымен және жергілікті іскер топтармен кездесулер өтті.

Келісім бизнес-климатты, салық салуды, экономиканың басым салалары үшін ҚҚС-тың салалық дифференцияланған мөлшерлемесін қалыптастырудағы, жоғары инновациялық құрамдас бөлігі бар біріккен кәсіпорындарды құрудағы және т.б. үздік тәжірибе туралы ақпарат алмасу мәселелері төңірегінде кең ауқымды өзара әрекеттестікті қарастырады.

«Ақ жол» ҚДП партиялық делегациясының құрамында партия төрағасы Азат Перуашев, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Азамат Әбілдаев пен Аманжан Рысқали, Атырау облыстық мәслихатының депутаты Талғат Мұқатанов, Орталық Кеңес Президиумының жанындағы Партиялық комиссияның төрағасы Андрей Линник, Шығыс Қазақстан облыстық филиал төрағасы Талғат Құрманғалиев, Павлодар облыстық филиал төрағасы Ербол Арынов, Партияның халықаралық бөлімінің директоры Асем Аккужанова бар.

Сапар қорытындысы бойынша аталған салаларда қызмет ететін бірқатар латвиялық кәсіпорындар мен мемлекеттік органдарды да аралау жоспарланды.

«Ақ жол» ҚДП Еуропарламенттегі Қазақстанның позициясын қолдау және өзара әрекеттестік туралы латвиялық әріптестерімен келісімге келді

2012 жылғы 31 мамыр, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы Еуропарламенттегі Қазақстанның позициясын қолдау және өзара әрекеттестік туралы латвиялық әріптестерімен келісімге келді. Рига қаласында латвиялық «Виенотиба» партиясының басшылығымен және Еуропарламенттегі депутаттарымен өткен кездесуде «Ақ жол» ҚДП төрағасы Азат Перуашев Еуропарламенттің кейбір мүшелерінің Қазақстанға қатысты сәйкессіз позициялары туралы түсінбестігін білдірді. «Бірқатар жағдайларда көрінеу жалған пікірлер орын алды, бұл нақты жағдай туралы білместікті көрсетеді» - деп осыған қатысты ол айтып өтті.

«Виенотиба» партиясының басшылығы мен Еуропарламенттегі латвиялық депутаттар қазақстандық әріптестерін қолдауды құптады және Еуропарламенттің басқа мүшелеріне достық жайлаған Қазақстандағы үдерістер туралы шынайы ақпаратты жеткізуге мүдделілік танытты. Олардың сөздерінше, балтық елдерінің КСРО құрамынан шығуының және тәуелсіздік алуының қайғылы ауыр кезеңінде дәл қазақстандық көшбасшы Нұрсұлтан Назарбаев оларға табанды рухани және саяси қолдау көрсетті.

«Сіздер Еуропарламентте бір топ достарымыз пайда болды деп есептей беріңіздер. Біз қазақстандық әріптестерімізге Еуропарламент процедураларына сәйкес олардың алғаш жүгінулері бойынша толықтай көмек көрсетуге дайынбыз» - деп Еуропарламент депутаты, Индустрия және энергетика комитетінің мүшесі Крисьянис Каринс атап өтті.

Айта кетсек, Латвия атынан Еуропарламентте 9 депутат бар.

ҚР Үкіметінің теріс қорытындысына байланысты, «Ақ жол» ҚДП-ның орталық аппараты «Мемлекеттік тілдің қолданыс ая-сын кеңейту туралы» заң жобасын Парламент Мәжілісіне енгізуді тоқтатуды ұсынады

2012 жылғы 31 мамыр, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

Мәлім болғандай, а.ж. 26 мамырында «Ақ жол» партиясы Орталық Кеңесінің Пленумы партияның депутаттық фракциясымен дайындалған «Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту туралы» заң жобасын Парламент Мәжілісіне енгізу туралы шешім қабылдаған болатын.

Алайда, а.ж. 31 мамыры күні партияға аталған заң жобасы бойынша Үкіметтің теріс қорытындысы келіп түсті. Қорытындыда, атап айтқанда, «Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту туралы» Заңының жобасы жөндеуді талап етеді, ал қолданыстағы заңдарға бірқатар түзетулерді енгізу ерте деп айтылған.

Осыған байланысты, заң жобаларын енгізу процедурасын еске-ре отырып, Партияның Орталық аппаратының жетекшісі, Орталық Кеңестің хатшысы Әбдіразақ Сұлтанов партияның Орталық Кеңесінің мүшелеріне заң жобасын Мәжіліске енгізуді тоқтату және орын алып отырған қайшылықтарды алып тастау бойынша қосымша жұмыс жүргізу туралы ұсынысымен шықты.

Бұл туралы ресми хат оларға сырттай дауыс беру үшін а.ж. 31 мамырында жіберілді.

Азат Перуашев: «Ақ жол» ҚДП-ның саяси бағдары президенттік-парламенттік басқару нысаны болып табылады». Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың парламенттік фракциялар жетекшілерімен болған кездесуінің қорытындысын «Ақ жол» ҚДП-ның фракциясының отырысында талқылады.

2012 жылғы 5 маусым, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

«Ақ жол» ҚДП-ның басты саяси бағдары президенттік-парламенттік басқару нысаны болып табылады – бұл туралы «Ақ жол» партиясының төрағасы Азат Перуашев 4 маусым күні Мем-лекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың парламенттік фракциялар жетекшілерімен өткен кездесуінде мәлімдеді. Дәл осындай қадам туралы, үкімет пен министрліктердің ел парламентіне есеп беру-ге міндеттілігін қозғай отырып, Президенттің өзі де бірнеше мәрте айтқан болатын.

Өңгіме барысында сонымен қатар партия төрағасымен «Ақ жолдың» бизнеске түсетін кедендік және салықтық ауыртпашылықтарды азайту, ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдау бойынша ұсыныстары, сондай-ақ ауыл шаруашылығы мен ауыл шаруашылығындағы қайта өңдеу үшін 0 % деңгейінде ҚҚС-тың бірыңғай салалық мөлшерлемесін енгізу қажеттілігі айтылды.

Парламенттік фракция жетекшілерінің Мемлекет басшысымен болған кездесуінің қорытындысы «Ақ жол» ҚДП фракциясының кеше өткен отырысында талқыланды. Фракцияның кезекті отырысы «Арқанкерген» бекетінде қаза тапқан шекарашыларды еске алу құрметіне орай бір минуттық үнсіздікпен басталды. Фракция депутаттары қаза тапқандардың отбасыларына бір күндік жалақыларын аудару туралы шешімдерін мәлімдеді.

Депутаттар назарына Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту туралы заң жобасы бойынша Үкіметтің теріс қорытындысына қарамастан, партия филиалдары жанынан мемлекеттік тілді оқыту мектептерін ашу бойынша жұмысты жалғастыру туралы Орталық кеңестің шешімі жеткізілді.

Сонымен қатар, рұқсат беру құжаттарын азайту және мемлекеттік органдардың бақылау-қадағалау функцияларын оңтайландыру мәселелері жөнінде түскен заң жобасы бойынша, соның ішінде бұдан бұрын «Ақ жол» ҚДП төрағасы Азат Перуашев мәлімдеген салықтық даулар бойынша талап ету мерзімін 5 жылдан 3 жылға дейін қысқарту туралы фракцияның позициясы келісілді.

Фракцияның кезекті көшпелі отырысын 16 маусым күні Атырау қаласында өткізу шешілді.

«Ақ жол» ҚДП фракциясы Мәжілісте қаралып жатқан рұқсат беру құжаттарын азайту және мемлекеттік органдардың бақылау-қадағалау функцияларын оңтайландыру мәселелері бойынша заң жобасының аясында 5 кодекс пен 13 заңға түзетулер енгізуді ұсынады

2012 жылғы 8 маусым, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

«Ақ жол» ҚДП фракциясы Мәжілісте қаралып жатқан рұқсат беру құжаттарын азайту және мемлекеттік органдардың бақылау-қадағалау функцияларын оңтайландыру мәселелері бойынша заң жобасының аясында 5 кодекс пен 13 заңға түзетулер енгізуді ұсынады.

1 маусым күні ҚР Үкіметімен ҚР Парламенті Мәжілісіне «Рұқсат беру құжаттарын азайту және мемлекеттік органдардың бақылау-қадағалау функцияларын оңтайландыру мәселелері бойынша ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасы енгізілді.

Фракциямен Азаматтық, Еңбек, Су, Экология және Орман кодекстеріне, сондай-ақ «Транспорт туралы», «Автокөлік транспорты туралы», «Несиелік бюролар және несиелік тарихтарды қалыптастыру туралы», «Халықтың көші-қоны туралы», «Инвестициялар туралы», «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» Заңдарына және т.б. түзетулер енгізу бастамалары көтеріліп отыр.

Фракция депутаттарымен «Лицензиялау туралы» Заңының жаңа редакциясы ұсынылып отыр. «Ақ жол» депутаттары лицензияланатын қызмет түрлерінің тізімін қайта қарауды, лицензиялана-тын қызметтің салаларын, тармақтарын және тармақшаларын алып тастауды, лицензияларды алу тәртібін жеңілдетуді, беру мерзімі мен сұралатын құжаттар тізімін қысқартуды ұсынады.

Заң жобасының ұсынылып отырған жаңа енгізілімдерінің бірі Азаматтық кодекске енгізілетін түзету, бұған сәйкес лицензия-ны сатып алушымен қайта ресімдеу немесе кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатып алу кезінде рұқсат алу міндетін алып тастау ұсынылып отыр.

Сондай-ақ, «Ақ жол» ҚДП-ға кәсіпкерлердің көптеп хабарлауымен және тиісті инфрақұрылымның болмауымен байланысты аудандық және ауданаралық деңгейде тасымалмен айналысатын автокөлік құралдарын тахографтармен жабдықтау туралы талапты алып тастау қосымша ұсынылады және т.б.

Азат Перуашевтің пікірінше, аталған түзетулерді қабылдау «лицензиялау саласындағы қазіргі әкімшілік кедергілерді барынша жоюға, лицензиялау тәртібімен байланысты кәсіпкерлік субъектілерінің шығыстарын барынша қысқартуға, лицензиялау жүйесін жөнге келтіруге, лицензиялық бақылаудың тиімділігін арттыруға, бастысы заң нормаларын екі түрлі түсіндіру мүмкіндігін жоюға» мүмкіндік береді.

«Ақ жол» ҚДП фракциясы жеке пайдалануға арналған жеңіл автокөліктер мен мотоциклдер үшін техникалық байқаудан өтуді толықтай алып тастауды ұсынады

2012 жылғы 12 маусым, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

«Ақ жол» ҚДП фракциясы жеке пайдалануға арналған және жо-лаушылар, жүк тасымалымен байланысты емес жеңіл автокөліктер мен мотоциклдер үшін техникалық байқаудан өтуді толықтай алып тастауды ұсынады.

Тиісті түзетулер «Ақ жол» фракциясымен дайындалды және «Рұқсат беру құжаттарын азайту және мемлекеттік органдардың бақылау-қадағалау функцияларын оңтайландыру мәселелері бойынша ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бойынша Жұмыс тобының қарауына жіберілді.

ТМД елдерінің бірқатарында (Украина, Грузия, Қырғызстан) алынып тасталған, немесе жеке авто- және мото-транспорттардың техникалық байқаудан өтуін алып тастау туралы заң жобалары енгізілген.

Фракция депутаттарының пікірінше, «қазіргі кезде формальды түрде ғана өткізіліп отырған техникалық байқау көлік құралдарының техникалық жөндемділік деңгейінің артуына айтарлықтай ықпал етпейді. Көбіне бұл көрсеткіштер жеке транспортының техникалық жөндемділік жағдайы үшін қожайынның өзінің жеке мазасыздануы есебінен қамтамасыз етіледі».

Сонымен бірге, талдау жұмыстары жеке автокөліктің жеткіліксіз техникалық жөндемділігі салдарынан болған жол-көлік оқиғаларының фактілері бойынша статистиканың іс жүзінде жоқтығын көрсетеді. Есесіне техникалық байқау процедурасы сыбайлас жемқорлықтың орын алуына жағдай туғызатын формальді кейіп кешуде.

«Жеке пайдалануға арналған жеңіл автокөліктер мен мотоциклдер үшін техникалық байқаудан өтуді алып тастау туралы біздің ұсынысымыз әуесқой автомобильшілерді осы ауыртпалықты, пай-дасыз процедурадан босатады және сонымен байланысты әкімшілік кедергілерді жояды», - деп санайды Фракция көшбасшысы Азат Пе-руашев.

«Ақ жол» ҚДП жеке пайдалануға арналған жеңіл автомобиль мен мотоциклдер үшін техникалық байқаудан өтуді толығымен алып тастауды қолдау үшін қол қоюды жинауды бастайды

2012 жылғы 19 маусым, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

Бұрын хабарлағандай, «Ақ жол» Фракциясының депутаттары жолаушылар мен жүктердің тасымалдауына байланысты емес жеке пайдалануға арналған жеңіл автомобиль мен мотоциклдер үшін техникалық байқаудан өтуді толығымен алып тастауды ұсынған болатын. Яғни, рұқсат беру құжаттарын қысқарту және мемлекеттік органдардың бақылау-қадағалау функцияларын оңтайландыру мәселелері бойынша заң жобасымен жұмыс істеу шеңберінде Фракциямен Жұмыс тобының қарауына «Автомобиль көлігі туралы», «Жол қозғалысының қауіпсіздігі туралы» Заңдарына тиісті түзетулер енгізілді.

Сонымен қатар, Көлік және коммуникация министрлігінің осы мәселе бойынша теріс көзқарасының кесірінен осы түзетулердің қабылданбай қалуы ықтимал.

Осыған байланысты «Ақ жол» ҚДП жеке пайдалануға арналған жеңіл автомобиль мен мотоциклдер үшін техникалық байқаудан өтуді толығымен алып тастауды қолдау үшін қол қоюдың жинауын бастайды.

Осы бастаманы қолдау үшін саяси және идеялық сенімдеріне қарамастан, Қазақстанның барлық өңірлерінде тілек білдірушілер қолдарын қоя алады.

Қол қою Орталық аппаратта және «Ақ жол» ҚДП филиалдарында жүзеге асырылады (мекенжайлар мен телефондар «Ақ Жол» ҚДП-ның сайтында көрсетілген, байланыс тел.: 8(7172)60-26-73, 8(7172)60-26-88, 87011270525, 87018070118).

Өзіңізбен бірге жеке басын куәландыратын құжатты ала келуіңізді сұраймыз.

Анықтама үшін: АҚШ штаттарының көбісінде техникалық байқау мүлдем алынып тасталды. Австралияда техбайқау автомобильді есепке қою кезінде және иесі ауыстырылғанда ғана

міндетті. Еуропа елдерінде (Франция, Германия, Нидерланды, Швеция) жаңа және пайдалану мерзімі үштен бес жылға дейінгі машиналар техбайқаудан өтпейді, басқа автомобильдерге қатысты ұзақ үзілісі бар техбайқаудың жеңілдетілген жүйесі қолданылады.

Посткеңесттік кеңістікте Грузияда техбайқау жүйесі 2004 жылдан бастап жойылды, Украина мен Қырғызстанда техбайқау жүктер мен жолаушыларды тасымалдауға арналмаған жеңіл автомобильдерге қатысты алынып тасталды.

Қазақстан техбайқау пайдалану түрі мен мерзімдеріне байланыссыз автомобильдердің барлық санаттарына қатысты міндетті.

БАҚ мәліметтері бойынша, техбайқауды «бәсекелес» деп ата-латын ортаға беру сәтінен бастап, одан өту құны ҚР екіден алты есеге дейін өсіп кетті.

«Ақ жол» партиясының араласуынан кейін Астана қаласының тұрғыны баспана алу кезегіне қайта тұрғызылатын болды

2012 жылғы 19 маусым, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

«Ақ жол» партиясының араласуынан кейін Астана қаласының тұрғыны баспана алу кезегіне қайта тұрғызылатын болды. Мамыр айында «Ақ жол» ҚДП-ның парламенттік фракциясына тұрғын үйге мұқтаж К.Төлеген есімді азаматтан оның кезектен заңсыз алынып та-сталуы туралы хат түскен болатын.

Мемлекеттік органдарға бірнеше рет хабарласқанына қарамастан, заңның бұзылу жағдайын жою және тұрғын үйге кезегін қайтадан қалпына келтіру үшін ешқандай шаралар қабылданбаған.

Осыған қатысты «Ақ жол» партиясының төрағасы Азат Перуа-шев Астана қалалық прокуратурасына депутаттық сауал жолдаған болатын. Осы бойынша прокуратура жауапты тұлғалардың заңға қайшы әрекеттерін анықтаған.

«Астана қаласының Тұрғын үй басқармасына К.Төлегеннің баспанаға кезегін қайтадан қалпына келтіру туралы мәселесін көтере отырып, заңсыз іс-әрекетті жою жөнінде ұсыныс енгізілді», - деп Прокуратура тарапынан келген хатта жазылған. Сондай-ақ Тұрғын үй басқармасының кінәлі лауазымды тұлғаларының тәртіптік жауапкершілікке тартылғандығы хабарланып отыр.

«Ақ жол» партиясының фракциясы Сайлауалды тұғырнаманы іске асыру және сайлаушылардың заңды құқықтарын қорғау бойын-ша қызметін жалғастыруда.

«Ақ жол»: оқыту тілдері бойынша гранттарды үлестіру кезінде қазақ мектептерін бітіруші түлектердің заңды мүдделерін ескеру қажет

2012 жылғы 21 маусым, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

Биылғы Қазақстан халқына жолдауында Елбасы 2020 жылға қарай тұрғындардың 95 пайызы мемлекеттік тілді меңгергеніне жету міндетін қойды. Мақсаттың орындалуына барлығымыз мүдделіміз. Түрлі салалар бұл бағытта жұмыс атқаруда: мәселен, 2012 жылы 18 маусымда өткізілген үкімет сағатында Білім және ғылым министрі Жұмағұлов Б.Т. мырза білім беру саласында мемлекеттік тілді дамытудағы ауқымды жұмыстарын айтып өтті. Жұмысы нәтижелі, жыл сайын мемлекеттік тілде мектеп бітіріп, ҰБТ қатысушылар саны көбеюде.

Сонымен қатар осы бағытта елеулі бір проблема пайда болды. 2011 жылы ЖОО-на оқуға түсу үшін ҰБТ-ге мемлекеттік грант-тарына үміткер ретінде 91 018 адам қатысты, соның ішінде 66 912 қазақ мектептерінің түлектері, яғни, талапкерлердің жалпы санынан 73 пайызы; тиісінше орыс және өзге тілдерімен оқыту мектептерінің түлектері 27 пайыз шамасында құрады.

Сонымен қатар, білім министрлігінің деректері бойынша, 2011 жылы бөлінген мемлекеттік гранттардың ішінен 60% шамасында қазақ тілінде оқытуға және 40% шамасында – орыс тілінде оқытуға арналған.

Аталған үйлесімсіздік қазақ және орыс тілдерінде оқыту талапкерлерінің арасында мемлекеттік гранттар үшін әркелкі және әділсіз бәсекелестікке әкеледі: орташа алғанда қазақ тілінде оқытуға бір мемлекеттік грантқа шаққанда орыс тілінде оқыту грантымен салыстырғанда 2 есе артық үміткер болады. Бұл байқау қазақ тілді гранттарды алу үшін әдетінше ҰБТ-дің кемінде 80 баллын алу талап етіледі, ал орыс тілінде оқыту гранттарының иегелері арасында жиі 60 баллдан төмен алған үміткерлері де кездеседі.

«Ақ жол» партиясының парламенттік фракциясы осы жағдайды қазақ мектептер түлектеріне қатысты кемсітушілік ретінде,

Қазақстанның барлық азаматтары үшін тең құқықтары мен тең мүмкіндіктері туралы Конституция талаптары бұзылды деп санайды.

Қолдағы ереже қазақ мектептері түлектерінің тегін жоғары білім алуға мүмкіндіктерін азайтады, шағырмашылық пен кәсіби өсу пер-спективаларынан айырады. Осы жағдайды сақтай отырып, қазақ жастарының едәуір бөлігін базарларда арбаларды тасу сияқты, білікті емес және аз төленетін еңбекке итермелейміз, өмірде табысқа жету мен материалдық молшылықты елеулі жақсарту үміттерінен айыра-мыз.

Биыл ҰБТ қатысушыларының жалпы санында қазақ тілінде оқытылған түлектерінің үлесі кенеттен 60 пайызға дейін төмендегені (117432-ден 81027) кездейсоқ емес.

Осыған байланысты Министрлік грант бөлу кезінде қандай әдістемені пайдаланатынын түсіндіруіңізді сұраймыз. Ол болмаса, қазақ мектептер түлектерінің заңды мүдделерін көздейтін тәртіпті жедел әзірлеп, қабылдауыңыз жөн деп санаймыз.

Азат Перуашев: «Ақ жол» партиясы бюджеттік бағдарламалардың орындалуына кедергі келтіретін шенеуніктерді тәртіпке шақыруды талап етеді

2012 жылғы 23 маусым, Қазақстанның «Ақ жол» Демократия-лық партиясының баспасөз қызметі.

«2011 жылғы бюджетке енгізілген түзетулерге қарамастан Есеп комитетінің есебіне сәйкес есеп беру кезеңінің аяғына қарай бюджеттік бағдарламалардың 30 әкімшісімен 42 млрд. теңгеден астам қаржы игерілмеген. Сонымен бірге көрсетілген қаржы көлемі былтырғы 2010 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 15 пайызға көбейген», - деп «Ақ жол» ҚДП Фракциясының жетекшісі Азат Перуашев бюджеттің орындалуына арналған парламенттің қос палатасының бірлескен отырысында Үкімет басшылығына айтты.

А.Перуашевтың пікірінше, мемлекет тарапынан бөлінетін мол қаржының үлкен үлесінің игерілмей қалу проблемасы созылмалы жағдайға айналып отыр. Есеп комитетінің тексерістері көрсеткендей, іс жүзінде министрліктер мен ведомстволардың 70 %-дайы азаматтардың өмірін жақсарту бойынша бекітілген бағдарламаларды орындаудың орнына бөлінген миллиардтаған мемлекеттік қаржыны жеке банктердегі өздерінің есеп шоттарында сақтайды. Ең көп қаржы Қаржы министрлігімен, ТЖМ-мен, Денсаулық сақтау министрлігімен, ИЖТМ-мен, сондай-ақ «Қазагро» АҚ, «Ұлттық инвестициялық қор» АҚ, «Азық-түлік корпорациясы» АҚ секілді ұлттық компаниялардың көпшілігімен игерілмей қалған және т.б.

«Қатардағы қазақстандықтарға пайда келтірудің, мектеп, аурухана, су құбырларының құрылысын жүргізудің орнына бұл қаржылар банктік шоттар бойынша дивидендтер алу үшін және шенеуніктердің сыйлықақылары үшін пайдаланылады», - деп «Ақ жол» партиясының көшбасшысы атап өтті. Осыған байланысты Азат Перуашев Үкімет басшысы Кәрім Мәсімовтің алдында аталған салада тәртіп орнату және кінәлілерді жауапқа тарту туралы мәселе көтерді.

«Әрине, мен бюджеттен бөлінетін қаржының игерілуі тиіс екендігі туралы әділ айтылған сынмен келісемін», - деп Үкімет басшысы парламенттік оппозиция тарапынан айтылған сынға жауабын

берді және Қаржы полициясы органдарымен бірлесе Үкіметпен «осындай өз ісіне жауапсыз орындаушыларды жазалау үшін шаралар қолданылады. Кінәлілер жазаланады» деп депутаттарды сендірді.

«Ақ жол» фракциясының депутаттары аталған проблеманы «мемлекеттік органдар тарапынан қаржы қажеттілігі туралы дұрыс жоспарлау жұмысының жоқтығының және бөлінетін бюджеттік қаржыларды тиімсіз басқарудың» дәлелі деп санайды.

Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы жаңа рұқсат беруші және бюрократиялық процедуралардың пайда бо-луына алып келетін нормативтік актілерді қабылдауға мораторий жариялауды ұсынады

2012 жылғы 27 маусым, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

«Ақ жол» партиясы қандай да болсын атаулармен бүркемеленсе де, жаңа рұқсат беруші және бюрократиялық процедуралардың пайда болуына алып келетін нормативтік актілерді қабылдауға мораторий жариялауды ұсынады – бұл туралы Азат Перуашев бүгінгі пленарлық отырыста ҚР Премьер-Министрінің атына жолдаған депутаттық сау-алында мәлімдеді.

Сауалда атап өтілгендей, рұқсат беру жүйесін либерализациялау бойынша Үкіметпен жүргізіліп отырған жұмысқа қарамастан бұл өзгерістер кәсіпкерлер үшін іс жүзінде бір мәнді болмай отыр. Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясына еліміздің жетекші бизнес-бірлестігінің атынан Қазақстанның «Атамекен» Ұлттық экономикалық палатасын қоса алғанда, кәсіпкерлер жүгінуде. Олар лицензияланатындардың тізбесінен бір қызмет түрлерін алып тастағанда **уәкілетті мемлекеттік органдар дәл сол қызметке «лицензиялардың» орнына неше түрлі «аттестаттау», «аккредиттеу», «рұқсат беру», «тексеру» және с.с. деп қайта атап, жаңа рұқсат түрлерін** іле-шала енгізетін мысалдарды келтіреді.

Сонымен, «Лицензиялау туралы» заңынан сәулет және қала құрылысы қызметіндегі сараптау мен инжинирингтік қызметінің **лицензиялауы алынып тасталды.** Бірақ «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңымен осы сияқты жұмыстар мен қызметтерді жүргізетін **мамандардың міндетті аттестаттауы** енгізілді. Басқа сөзбен айтқанда, компанияға бір лицензияның орнына кәсіпкер **әр маманға бірнеше аттестат** алуы тиіс.

Нәтижесінде, бүгінгі таңда осы нарықта жұмыс істейтін барлық компаниялар ГАСК талабы бойынша міндетті түрде қызметкерлерінің аттестаттауын өткізеді, бірақ бұрын лицензияларды алғанда құзыретті мамандар бойынша ұқсас талаптар олармен орындалған болатын.

Мемлекеттік органдардың бизнеске жаңа рұқсат беру бөгеттерді туындататын заңға тәуелді актілерді жасау фактілері бар. Мәселен, «Қауіпті өнеркәсіптік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы» заңында кәсіпорындарды **аттестаттаудың 4 түрі алынып тасталды**. Сонымен қатар Төтенше жағдайлар министрлігімен ұйымдарды **аттестаттаудың 9 жаңа түрі бекітілді**. Оның үстіне **аттестаттауға талаптар едәуір қатайтылған**, бұл бұрын жұмысқа жіберілген кәсіпорындардың **қайта аттестаттауын** жүргізуге талап етті.

Көлік және коммуникациялар министрлігімен **алынып тасталған лицензияның орнына** осы қызмет түріне кәсіпкерді **«жіберу карточкасы»** деп аталатын **енгізілді**, бұның сыртында бұрын лицензиялауға жатпайтын **басқа бірқатар қызмет түріне лицензиялау енгізілді**. «Жіберу карточкасын» алу рәсімінің өзі бұрынғы лицензияға қарағанда **қиынырақ болды** және шығындарды талап етеді.

«Рұқсат бөгеттерін қалай жаңадан атасаң да – «лицензия» ма, «аттестаттау ма», «жіберу» ме және басқа – бизнеске одан жеңіл болмайды. Халқымыз айтқандай: **«Торғайды таспен ұрсаң да – торғай өледі, тасты торғаймен ұрсаң да – торғай өледі»**, - деп А.Перуашев атап өтті.

«Мемлекет басшысының тапсырмаларына қарамастан, мемлекеттік органдар «қысқартылатын» рұқсат беруші функциялардың орнына өздері бақылайтын сфераны табандылықпен жаңадан шығарып отырады», - деп парламенттік оппозиция көшбасшысы түйіндеді, - «Сонымен, бизнесті бопсалау мен бөгет жасау үшін кең сыбайлас жемқорлықтық өріс сақталынады, сондай «қызметтердің» құны ғана өзгереді, бірақ жақсы жағына емес».

«Ақ жол» Фракциясының депутаттары кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеуде рұқсат беру процедураларын техникалық реттеу, ұйымдар стандарттары және жауапкершілікті сақтандыру жүйесімен ауыстыру бойынша дамыған экономикалар тәжірибелерін ескеру қажет деп санайды.

Ұлттық банк кімнің сойылын соқпақ?

Бесінші сайланған Мәжіліс бес айдан бергі жұмысын тамамадап, кеше өзінің соңғы жалпы отырысын өткізді. Сессияның түндігі түсер тұста күн тәртібіне былтырдан бері Парламент қабырғасында талқыланып жүрген құжаттар да қамтылыпты. Сөйтіп, Мәжілістегі соңғы талқылау барысында депутаттар ұзақ күткен «сақалды жобалармен» де бетпе-бет кездесіп қалды.

«Сақалды жоба» демекші, «Микроқаржы ұйымдары туралы» заң жобасы жыл басынан Мәжілістің суырмасында жатқан болуы керек. Әйтсе де «ақжолдық» депутат Азат Перуашев «Атамекен» одағында жүрген тұста дәл осы құжатты талқылауға қатысқанын еске алып, жаңа жобада «ескі дүниенің толып жүргеніне» ренішін білдірді. Жалпы, құжаттың мақсаты – микроқаржы қызметтері са-ласын дамыту, аталған ұйымдардың ашықтығын арттыру, осы саланың тұтынушылар мүддесін қорғау болып табылады. «Бұл ретте микроқаржы ұйымдарының қызметін реттеу, қадағалау және бақылау институттары енгізіледі. Атап айтқанда, микроқаржы ұйымдарын міндетті есептік тіркеу болады. Олардың жарғылық және меншікті капиталының ең аз мөлшері белгіленеді. Қадағалау үдерісіне келетін болсақ, мұнда микроқаржылық ұйымдарға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына, өзге де заңды тұлғаның капиталына қатысуларына тыйым салынады», – дейді Ұлттық банк төрағасының орынбасары Данияр Ақышев. Оның айтуынша, заң жобасымен микроқаржы ұйымдарының қызметін тұтынатын қауымның құқығы мен мүдделері қорғалатын болады. Нақтырақ айтқанда, микрокредит берудегі талаптар күшейеді. Мәселен, мөлшерлерге комиссияларға қатысты шарттарды біржақты тәртіппен бұзуға тыйым салынады. Алушылар қарыз сомасын мерзімінен бұрын толық немесе біртіндеп қайтару құқығынан шектелмейтін болады.

Бір сөзбен сабақтасақ, заң жобасы уақ қарыздарға жұртшылықтың, оның ішінде ауылдағы ағайынның қолын бұрынғыдан бетер жеткізу көзделетін секілді көрінеді. Алайда депутаттар мұндай бағытта нақты нормалар шетін қалғанын айтып дабыл қағады. Мәселен, депутат Жексенбай Дүйсебаев ауылдағылардың кепілдік құқы құжатта көрініс таппағанын меңзейді. «Расында, ауыл тұрғындарының басым бөлігі шағын несиеге зәру. Олардың малын да, баспанасын да қаржы

берушілер кепілге алмайды. Осы жағын реттесек екен. Ал жобада кепілдік нормативтері қарастырылмаған. Не себептен? Бұлай болса, тіпті қазір жұмыс істеп тұрғандардың өзі жабылып қалмай ма деген қатер бар», – дейді Жексенбай Қартабайұлы. Бұған Ұлттық банк өкілі Данияр Ақышев үзілді-кесілді қарсы ұстанымын білдірді. Оның айтуынша, заң жобасы микроқаржы ұйымдарына қатер төндірмейді, тек осы ұйымдардың қызметі жөнге салынады. «Әрине, бір жағынан, ауылдағы ағайынға микроқаржы ұйымдары айтарлықтай қолдау болып отырғаны сөзсіз, екінші жағынан, бұл секторда мақсатты теріс пайдаланушылық та жиі көрініс береді» дегенді алға тартады банкир. Тіпті Ақышевтың айтуынша, қадағалаудың жоқтығынан микрокредиттік ұйымдар соңғы уақытта өсімқор ұйымдарға айналған. Ендеше, заң жобасы осындай олқылықтың орнын толтыруға бағытталып, заемшылардың құқығын таптауға жол бермеуі шарт. Әйткенмен жоғарыдағы Жексенбай Дүйсебаевтың пайымын әріптесі Владислав Косарев та қостап қойды. «Менің байқауымша, банктер микрокредиттік ұйымдарды тұқыртып, оларды жұртшылықпен емін-еркін жұмыс істеуден айыратын тәрізді. Ұлттық банктің көздейтіні осы болып жүрмесін?!», – дейді өздерін «халықтық коммунистер» санайтын фракцияның басшысы. Мұндай бейберекет пайымға Ұлттық банк өкілі келіспейтінін білдіріп қана қойған жоқ, әлгіндей сұраққа ләм деп жауап та қатпады.

Есесіне, статистикалық деректі алға тартты. «Бүгінгі таңда елімізде 1756 микрокредиттік ұйым қызмет етуде. Олардың 77 пайы-зы қалада орналасқан. Яғни мұндай компаниялар ауылдағы жұртшы-лықпен жұмыс істемейді десе де болады. Өйткені олардың 23 пайы-зы ғана ауылда. Қалғандарының қалада не бітіріп жатқанын, олардың жұмысының тиімділігін Құдай білсін!», – деді Данияр Ақышев. Алайда «ақжолдық» Азат Перуашев әріптестері көтерген мәселені ары қарай жалғап, «микрокредиттік ұйымдардың жұмысын реттеуді желеу еткен Ұлттық банкті еліміздегі ірі банктердің мүддесіне лоб-би жасады» деп айыптады. «Сіз тек 23 ұйым ғана ауылда жұмыс жасайды дейсіз, ал сол ауылға барған банктердің саны нешеу екен? Соны айтыңызшы? Бірде-бір банк ауылға аттап басқан емес. Есесіне, сол ауылдың аймағынан ақша тапқан микрокредиттік ұйымдар сізге ұнамайды. Неге? Сіз «микрокредиттік ұйымдар мақсатынан тайқыды» дейсіз. Ал ипотекашыларды далаға қуып, кепілдегі зат-тан айырып жатқан банктер қаншама? Сонда сіз әлгі банктен жапа

шеккендерді қорғай алдыңыз ба? Ендеше, аяқ астынан қорғаншы боп шыға келгеніңізді қалай түсінеміз?», – дейді таңданысын жасыра алмаған Азат Тұрлыбекұлы. Оның айтуынша, заң жобасының жеке-леген нормалары жеке бизнесті тұншықтыруға кезекті қадам жасап отыр...

**Автор: Қанат ҚАЗЫ,
Астана, 2012 жылғы 6 маусым**

«Ақ жол» партиясы фракциясының мүшелері – Мәжіліс депутаттарының аймақтарға сапары кезіндегі қоғамдық қабылдау орындарының жұмысы жөнінде партияның облыстық филиалдарының төрағаларының қатысуымен «Ақ жол» ҚДП-ның орталық кеңсесінде жиын өтті

2012 жылғы 9 шілде, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі

2012 жылғы 9 шілде күні «Ақ жол» партиясы фракциясының мүшелері – Мәжіліс депутаттарының аймақтарға сапары кезіндегі қоғамдық қабылдау орындарының жұмысы жөнінде партияның облыстық филиалдарының төрағаларының қатысуымен «Ақ жол» ҚДП-ның орталық кеңсесінде жиын өтті. Жиында партия төрағасының орынбасары, партияның Алматы қалалық филиалының төрағасы Талғат Әбдіжаппаров, Батыс Қазақстан облыстық филиалының төрағасы Серік Мерғалиев, Павлодар облыстық филиалының төрағасы Ербол Арын, Қостанай облыстық филиалының төрағасы Өмірбек Сатмұхамбетов, Маңғыстау облыстық филиалының төрағасы Жаңбырбай Доспаев, Ақмола облыстық филиалының төрағасы Серік Бейсембаев, Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Марат Бер-калиев және Оңтүстік Қазақстан облыстық филиалы төрағасының орынбасары Өмірәлі Ералиев атқарылып жатқан жұмыстар және «Ақ жол» партиясынан сайланған жергілікті мәслихаттар депутта-рымен өзара әрекеттестік туралы, жеке пайдалануға арналған жеңіл автокөліктер мен мотоциклдер үшін техникалық байқаудан өтуді алып тастау туралы партияның үндеуі бойынша қол жинау жұмысының ба-рысы туралы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет бойынша баста-малар туралы есептерін баяндап берді. Партия төрағасы Азат Перу-ашев филиал жетекшілеріне жергілікті кәсіпкерлік қауымдастықпен өзара әрекеттесу, «Ақ жол» ҚДП-ның сайлауалды тұғырнамасын орындау бойынша бірқатар тапсырма берді. Кеңес қорытындысы бойынша фракция депутаттарының аймақтарға сапары мен партия активтерімен кездесулерінің кестесі келісілді.

Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашев Қазақстандағы Еуропалық одақ өкілдігінің басшысы Орелия Бушезді қабылдады

2012 жылғы 10 шілде, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі

2012 жылғы 9 шілдеде Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашев Қазақстандағы Еуропалық одақ өкілдігінің басшысы Орелия Бушезді қабылдады.

Бушез ханым «Ақ жол» партиясын парламент сайлауындағы жеңісімен құттықтады және Қазақстанда көппартиялы парламенттің және «Ақ жол» партиясы негізінде парламенттік оппозицияның қалыптасу жағдайын еуропалық елшіліктердің өте жағымды бағалайтындығын атап өтті. «Аталған жағдай Қазақстанның демократиялық процестердегі ілгерілеушілігінің айқын дәлелі» - деді Орелия Бушез.

Кездесу барысында тараптар саяси және экономикалық мәселелердің кең ауқымын талқылады.

Азат Перуашев Жаңаөзен оқиғасы және ондағы келтірілген күмәнді ақпарат бойынша Еуропарламенттің резолюциясын қабылдамайтындығын білдірді. «Еуропалық органдардың рес-ми құжаттарында байыпты дәлелдемелердің орнына осындай мәліметтердің пайдаланылуы оны тоғышарлық «қорқыныш» деңгейіне дейін жеткізеді. Полициямен жай халыққа қарсы қару қолдану фактісінің өзі біз үшін жан түршігерлік жағдай және бізге қоғамның біріккені қажет, ал күмәнді ақпарат керісінше әлеуметтік жікке бөлінушілікке алып келеді» - деп Азат Перуашев атап өтті.

Осындай наразылықтарды алып тастау үшін Орелия Бушез «Ақ жол» партиясына Еуропарламент депутаттарымен және еуропалық институттармен белсенді түрде ынтымақтасуды ұсынды және осын-дай өзара әріптестікті жолға қою үшін барынша көмек көрсетуге дай-ын екендігін білдірді.

Сондай-ақ тараптар бюджеттің атқарылуын және үкіметтің жұмысын парламенттік бақылау бойынша еуропалық елдердің тәжірибесін талқылады.

Экономикалық мәселелерді талқылау барысында Азат Перуашев Қазақстанда өткен жылдан бастап шаруа және фермерлік қожалықтар түріндегі ауыл шаруашылық кәсіпорындарының 90 %-дан астамына ҚҚС мөлшерлемесі 12 % болғандығын айтты. Және де мемлекеттік органдар БСҰ-ның талаптарына сілтеме жасай отырып, ауыл шаруашылығы үшін салықтың салалық мөлшерлемесін енгізуден бас тартуда. «Сонымен бірге біз бірқатар еуропа елдерінде басым салалар үшін ҚҚС-ның өте төмен сараланған мөлшерлемесі қолданылатындығын, ал оның ауыл шаруашылығы үшін 5-тен 0 %-ға дейін жететіндігін білеміз» - деп Азата Перуашев атап өтті. Осыған байланысты партия төрағасы ЕО елшісінен басым салалар үшін осын-дай мөлшерлемелерді қолдану бойынша, әсіресе еуропалық елдермен БСҰ аясында ауыл шаруашылығына қолданылуы туралы мәліметтер беруін сұрады. Орелия Бушез сараланған мөлшерлемелердің қолданылатындығын растады және ЕО елдері бойынша осындай мәліметтерді жинауға келісті.

Сонымен қатар Еуроодақ елшісі кәсіпкерлікті қолдауға қатысты «Ақ жол» ҚДП-ның стратегиялық тұғынамасына қолдау білдірді. «Экономиканың ырықтандырылуы әлеуметтік және саяси жаңғыртудың ажырамас факторы болып табылады» - деп атап өтті Бушез ханым – «және бизнес-қауымдастық осы процестегі жетекші рөлді атқарады».

ҚР-ндағы Еуроодақ өкілдігінің басшысы сондай-ақ «Ақ жол» партиясымен дайындалған «Парламенттік оппозиция туралы» заң жобасына қатысты еуропалық елшіліктердің қызығушылықтары жөнінде айтып өтті. Орелия Бушез әр түрлі елдердегі әріптестерінің «Ақ жол» ҚДП-мен пайдаланылуы үшін, парламенттік оппозиция партияларын заң шығару арқылы қолдау саласындағы еуропалық тәжірибелерді жинақтау бойынша жәрдемдесуге дайын екендерін жеткізді.

Кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін Маңғыстау облысы тұрғынының несиесі алуына көмек көрсетілетін болды – азаматтардың хаттары бойынша «Ақ жол» партиясы жұмысының кезекті нәтижелері

2012 жылғы 18 шілде, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі

«Ақ жол» партиясына Маңғыстау облысының тұрғыны, кәсіпкер А.С. Рамазановадан кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін несиесі алуға жәрдемдесу туралы өтініш түскен болатын.

Осыған байланысты «Ақ жол» партиясының төрағасы Азат Перуашевтің атынан «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-на хат жолданып, ол бойынша «Даму» Қорының Маңғыстау облысы бойынша аймақтық филиалымен тиісті шаралар қабылданды. Кәсіпкермен кездесу ұйымдастырылып, кәсіпкерлікті қолдаудың барлық мемлекеттік бағдарламалары туралы, соның ішінде «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы бойынша кеңес берілді.

Сондай-ақ, кездесу барысында кәсіпкер жанұясының 6 баладан тұратын көп балалы отбасы, ал олардың 2-інің мүмкіндігі шектеулі жандар екендігі анықталды.

«Қазіргі кезде азаматша А.С.Рамазанованың «Даму» Қорының бағдарламаларына қатысу мүмкіндігі бойынша және кәсіпкердің қолда бар ресурстары мен мүмкіндіктерін есепке ала отырып, кәсіпкерлік қызметінің ұтымды бағытын анықтау бойынша «Даму» Қорымен жұмыстар атқарылуда», - деп «Даму» Қорының ресми жау-абында жазылған.

Қор филиалының директорымен А.С.Рамазановаға шаштараз және киім тігу салонын ашуға көмек көрсету ұсынылды.

«Ақ жол» партиясы Сайлауалды тұғырнамасын жүзеге асыру және кәсіпкерлердің мүдделері мен құқықтарын қорғау бойынша жұмысын жалғастыруда.

2012 жылғы 19 шілдеде Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашев Латвия Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі Юрис Маклаковс мырзаны қабылдады

2012 жылғы 19 шілде, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

Кездесу барысында Латвияның билік партиясы «Виенотибаның» шақыруы бойынша «Ақ жол» партиясы делегациясының ағымдағы жылдың мамыр айындағы Рига қаласына жасаған сапарының қорытындысы талқыланды.

Тараптар парламентаралық ынтымақтастықтың дамуының оң серпінін атап өтті. Азат Перуашев екіжақты сауда-экономикалық қатынастарды жандандырудың және екі елдің іскер топтарының арасындағы ынтымақтастықты әрі қарай дамытудың қажеттілігін айтты.

Еске сала кетейік, Латвияға жасалған сапар қорытындысы бойынша Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы мен «Виенотиба» партиясы арасында ынтымақтастық және өзара әрекеттесу туралы келісімге қол қойылған болатын.

Азат Перуашев: Бала туу бойынша жәрдемақы сомасының ананың табысына байланыстылығы балаларды дискриминациялаудың нысаны болып табылады. Мемлекет үшін барлық жаңа туылған нәрестелер бірдей дәрежеде қымбат болуы тиіс.

*2012 жылғы 19 шілде, Қазақстанның «Ақ жол»
Демократиялық партиясының баспасөз қызметі*

Бала туу бойынша жәрдемақы сомасының ананың табысына байланыстылығы балаларды дискриминациялаудың нысаны болып табылады – бұл туралы Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының төрағасы, ҚР Парламентінің депутаты Азат Перуашев бүгін ҚДП парламенттік фракциясы депутаттарының ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі Гүлшара Әбдіхалықовамен өткен кездесуінде мәлімдеді.

Жуырда «Ақ жол» партиясы депутаттар тобының баланы туу бойынша декреттік жәрдемақыны төлеу міндеттерін мемлекеттік бюджеттен – жұмыс берушілерге аудару жөніндегі ұсынысын қатты сынға алғаны белгілі. Осыған байланысты: «мұндай жағдайда жұмыс берушілер бала туу жасындағы әйелдерді жұмысқа қабылдауды тоқтата салады», - деп атап өтті Азат Перуашев.

Бүгін, ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі, бала туу бойынша жәрдемақының «тек бір бөлігін», ананың еңбекақысы 174 мың теңгеден асатын болса ғана, кәсіпорындарға жүктеу туралы әңгіме айтылғанын түсіндіруге тырысты. Бұның сыртында министрлікте осы шараға жиілеп кеткен: жұмыс істемейтін жүкті әйелдер алаяқтардың ұсыныстары бойынша көзделген мерзімнен 1-2 ай бұрын аса жоғарылатылған еңбекақысы бар «жұмысқа» тұрады және осының негізінде негізгі бөлігі суайттықтың ұйымдастырушыларына кететін миллиондаған сомаларды алып отыратын алаяқтық оқиғалары себепші болғанын тілге тиек етті.

Осыған байланысты, Азат Перуашев бала туу бойынша жәрдемақы сомасы ата-ананың табысына тікелей байланысты етіп қоятын фактінің өзін теріс деп атаған. **«Бір балалардың тууына миллиондаған сомаларды, және басқа балалардың тууына**

– **тиындап төлеп, біз әлеуметтік теңсіздікті ұлғайтамыз»** - деп парламенттік оппозицияның лидері атап өтті, - Сол арқылы қазіргі жүйенің өзі қиянаттар мен алаяқтық сызбаларына ахуал жасап отырады».

«Мемлекет үшін барлық жаңа туған нәрестелер бірдей қымбат болуы тиіс, сондықтан бала туу бойынша жәрдемақылар да ата-ананың әлеуметтік мәртебесі мен табыстарына байланысты болмауы тиіс, - деп санайды Азат Перуашев – Басқаша айтқанда, ұлттық компаниялар мен банктердің қызметкерлері ғана емес, сонымен қатар олардың балалары да қарапайым жұмыскерлер мен жұмыссыздардың балаларына қарағанда көп артықшылықтарға ие болып тұр».

«Бүкіл адамдарды туғаннан тең екенін тану – еуропалық Өркендеу дәуірінен, буржуазиялық төңкерістерден, бүкіл либералдық идеологиялар мен дүниежүзінің демократиялық мемлекеттердің тарихынан бастап заманауи өркениеттің негізгі мазмұны болып табылды.

Азат Перуашев Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігіне бала туу бойынша жәрдемақыны есептеу қағидатын **ата-аналардың табыстарына байланысты емес тең төлемдерге** ауыстыруды ұсынды. «Сонда біз біздің балаларымыз бен олардың аналарының тең құқықтарын қамтамасыз етеміз, бұның сыртында **осының салдарынан біз алаяқтық сызбаларға тосқауыл қоямыз»**- деп «Ақ жол» төрағасы түсінідіріп берді.

Азат Перуашев сонымен қатар жұмыс берушінің тарапынан қосымша ерікті төлемдерді ынталандыру үшін **осындай сомаларды салық салғанда шегеруге жатқызуды** ұсынды. «Бұл сіздердің жобаларыңызда ұсынылатын «қол бұрау» емес, кәсіпорындардың өз мүмкіндіктерінен шығатын қосымша жәрдемақыларға нақты жәрдем болар еді» - деді депутат.

Парламент Депутаты Екатерина Никитинская да «Ақ жол» партиясы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің қазіргі төсілдесінің қолайсыздығына, үн қоса беретіндігі туралы атап өтті. «Балаларды туу бойынша төлемдердің қандай да бір сомасынан аударуды бюджеттен жұмыс берушіге ұсынсаңыз да, мұндай шешім мемлекеттік органдардың өз міндеттерінен жалтару және оларды кәсіпкерлерге жүктеу бойынша кезекті қадам болып қалады. Және осы қадам соңғы болатынына күмәнданамыз.

Мұндай жағдайда сіз не әлеуметтік салықты барабар қысқартуыңыз қажет, не көптеген жас әйелдерді жұмысқа қабылдаудан бас тартқаны үшін жауапкершілік алуыңыз қажет, деп атап айтты депутат, - себебі мемлекеттік органдарға қарағанда, жеке кәсіпорындар тіпті игі мақсаттарға да ақша жұмсар алдында, әуелі сол ақшаға ие болулары, оларды еңбекпен табулары керек».

ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі Гүлшара Әбдіхалықова министрліктің қызметкерлеріне парламенттік оппозицияның ұсыныстарын зерттеуге тапсырма берді. Сонымен қатар ол, жақында Азат Перуашевпен сынға алынған, басқа тәсілдеме ведомствомен әзірленгендіктен, оларды бірден қабылдауға дайын емес екенін мәлімдеді.

Азат Перуашев: Әлеуметтік жаңғыртудың ең маңызды міндеттерінің бірі бай және кедей азаматтардың арасындағы өмір сүру деңгейіндегі алшақтықты қысқарту болуы тиіс

2012 жылғы 20 шілде, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі

Әлеуметтік жаңғыртудың ең маңызды міндеттерінің бірі бай және кедей азаматтардың арасындағы өмір сүру деңгейіндегі алшақтықты қысқарту болуы тиіс – бұл туралы «Ақ жол» ҚДП төрағасы Азат Перуашев Президент Н.Назарбаевпен ұсынылған «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» әлеуметтік жаңғырту бағдарламасын талқылауға орай бүгін өткен партияның орталық кеңесінің плену-мында мәлімдеді.

Осы бағдарламаның тұсаукесерінде Мемлекет басшысы: *«Қазақстан объективті түрде орташа Еуропа елдерінің әлеуметтік даму сапасы деңгейіне нақты жақындады... Бірақ біздің азаматтарымыздың тұрақтылық пен игілік жемістерін қаншалықты тиімді пайдаланып келе жатқаны маңызды мәселе бо-лып табылады»,* - деп атап өтті.

«Ақ жол» партиясы төрағасының пікірінше, әңгіме мына мағынада қозғалып отыр: «...жан басына шаққандағы ІЖӨ көрсеткіштеріне қарамастан (еуропалық деңгейге жеткен), еліміздегі шынайы өмірді «еуропалық деңгейде» деп атау қиын. Және оның негізгі себебі – дәл осы кедейлер мен байлар арасындағы үдемелі алшақтықта болып тұр».

Бұл алшақтық кәсіпкерлерді жолдан тайдырады және жастарды аздырады, әлеуметтік инфантилизм секілді құбылысқа себепші болады. Бұл туралы Президент былай деді: ол *«әлеуметтік жаңғырту жолындағы айтарлықтай кедергі»,* себебі *«игілікке жетудің алдамшы формуласы – «аз жұмыс істеп, көп табуды» аб-солютке көтерді».*

Парламенттік оппозицияның лидері атап өткендей, қазақстандық сарапшылар өздерінің бағалары бойынша (А.Кошанов, ҚР Білім және ғылым министрлігінің экономика институтының әлеуметтік-бағдарланған экономика теориясы орталығының меңгерушісі), децильдық коэффициент (кедейлер табыстарынан байлардың

табыстарының артықтығы) бізде **30 (!) есеге** жетіп қалды, ал дамыған елдерде ол **5-тен аспайды**.

Басқа сөзбен айтқанда, біз сырттан қарағандағы ІЖӨ игілігімен және көрсеткіштерінің еуропалық деңгейге жақын болғанымен, **орташа қазақстандықтың әл-ауқат деңгейі бойынша біз еуропалықтардан 6 есеге дерлік артта қалып тұрмыз.**

«Осы артта қалушылықты қысқарту, ұлттың әл-ауқатын теңдей үлестіруді қамтамасыз ету «Ақ жол» партиясының пікірінше, мемлекеттік органдар үшін әлеуметтік жаңғырту бағдарламасын іске асырудағы басымдықтардың бірі болуы тиіс», - деп Азат Перуашев сеніммен айтты.

Мәжіліс депутатының пікірі бойынша, тек «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамын» құру азаматтарды еңбек қызметіне тарту арқылы ғана емес, сондай-ақ оларды ұлттық табысты қайта үлестіру жүйесіне қосу арқылы да әрі қарайғы байлар мен кедейлерге бөлінуге балама-ны қалыптастырады.

«Әрбір қазақстандықты ұлттық экономиканың жетістіктеріне қатыстыруды ірі компаниялар немесе бюджеттік мекемелердегі жұмыс арқылы да, сондай-ақ үкіметтік емес сектордағы жаппай құрылымдар, шағын және орта бизнес арқылы іске асыру мүмкін бо-лып табылады.

Ал бұл жердегі басты жағдай – қайта үлестіру жүйесінің ашық және әділ жұмыс істеуі» - деп Азат Перуашев атап өтті.

Әділ сот төрелігін қамтамасыз ету, тараптардың шынайы түрде тең құқылы болуын сақтау және заңнаманы ізгілендіру жұмыстары әлеуметтік жаңғыртудың құқықтық негізі болу тиіс – Азат Перуашев

2012 жылғы 20 шілде, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі

Іс жүзіндегі әлеуметтік жаңғырту **әділ және тәуелсіз сот төрелігін** қамтамасыз етуді талап етеді – бұл туралы Мемлекет басшысы Н.Назарбаевпен ұсынылған «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты әлеуметтік жаңғырту бағдарламасын талқылау барысында бүгін «Ақ жол» партияның Орталық кеңесінің пленумында партия төрағасы Азат Перуашев мәлімдеді.

«Медиацияны дамыту туралы сөз сөйлеуі кезінде Президенттің мән беріп өткеніндей, аталған саладағы орын алып отырған мәселелер дауларды шешудің баламалы түрлерін іздеуге мүжбүрлейді» – деп атап өтті Мәжіліс депутаты, - «Алайда **әлеуметтік әділдік** принципін жүзеге асырмай және тараптардың **шынайы түрдегі теңдігін** сақтамай сот процедурасын да, баламалы процедураларды да іске асыру мүмкін емес».

Парламенттік оппозиция көшбасшысы атап өткендей, «Әлеуметтік әділдік және азаматтардың тең құқылы болуы мәселелері «Ақ жол» партиясы үшін басым бағыттардың бірі болып табылады. Ағымдағы жылдың бірінші жартысының өзінде Парламенттегі «Ақ жол» фракциясымен газдандыру бағдарламасын жүргізу кезіндегі біздің азаматтардың тең құқылы болуын (біз бұл бағдарламаға Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарын қосқызған бо-латынбыз), Ұлы Жеңіске орай еліміздің әртүрлі аймақтарында қаржылай көмек алу кезіндегі Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің құқықтарының теңдігін сақтауды, жоғары оқу орындарына түсу үшін мемлекеттік гранттарды жеңіп алу байқауы кезінде, мектептегі білім алған тіліне қарамастан талапкерлердің тең құқылы болуын, аналардың босануы бойынша жәрдемақы алу кезіндегі жаңа туған сәбилердің тең құқылы болуын қамтамасыз ету және т.б. мәселелер көтерілді».

«Атап өткен мысалдардың өзі ғана бұл салада көптеген мәселенің бар екендігін көрсетеді. Осыған байланысты, істерді соттарда қараудан бастап және **дамудың мемлекеттік бағдарламаларымен** аяқтай отырып, біздің азаматтарымыздың **іс жүзінде тең құқылы** болуын қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар кешені әлеуметтік жаңғыртудың маңызды бөлігі атануы тиіс деп ойлаймыз», - деп «Ақ жол» партиясының төрағасы айтып өтті.

Азат Перуашев бұл үдерістің келесі бір жағы **жалпықылмыстық заңнаманы ізгілендіру** бағдарламасы болуы тиіс деп отыр. Бұл ал-дымен азаматтардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндірумен байланысты емес істер бойынша екпінді **қаржылық** құралдарға аудару-мен жүргізілгені жөн.

«Мемлекет басшысының тапсырмалары бойынша экономикалық және шаруашылық құқықбұзушылықтарды декриминализациялау турасында жүргізіліп жатқан ауқымды шаруа осы саладағы үлкен жұмысты көрсетті.

Адамды **құрыған қылмыскерге** айналдыратын түрмеге қамау жазасына қарағанда 2 еседей не одан да көп қаржылай айыппұлдарды өндіріп алумен залалдың орнын толтырту жазасы құқық бұзушыға зор тәрбиелік әсерін тигізуі мүмкін», - деп Азат Перуашев өз сөзін толықтырды.

Азат Перуашевтің пікірінше, әділ сот төрелігін қамтамасыз ету, тараптардың шынайы түрде тең құқылы болуын сақтау және заңнаманы ізгілендіру жұмыстары әлеуметтік жаңғыртудың құқықтық негізі болуы тиіс.

Н. Назарбаевпен ұсынылған Әлеуметтік жаңғырту бағдарламасы уақыт талабы мен халқымыздың ұлттық мүдделеріне сай келетін құндылықтардың жаңа жүйесін қалыптастырады – «Ақ жол» ҚДП

2012 жылғы 20 шілде, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі

«Ақ жол» партиясы Президент Н.Назарбаевпен ұсынылған «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты әлеуметтік жаңғырту бағдарламасын қолдайды – бұл туралы партияның Орталық кеңесінің бүгін өткен пленумына қатысушылар мәлімдеді.

Пленум бейне-конференция түрінде ұйымдастырылды және партияның барлық аймақтық филиалдары Астанадағы орталық кеңсемен тікелей бейнебайланысқа шықты. Алдымен әлеуметтік жаңғырту бағдарламасы бойынша «Ақ жол» партиясының ұстанымы туралы басты баяндаманы партия төрағасының орынбасары Людмила Жуланова оқыды. Сондай-ақ, Орталық кеңестің хатшысы Сәбит Байдалы қосымша баяндама жасады.

Бағдарламалық мақаланы талқылауға қатысқан «Жас қазақ үні» газетінің жетекшісі Қазыбек Иса, Ақмола облысындағы Қорғалжын аудандық мәслихатының депутаты Нұрлан Тәжин өз ойларын білдірді. Мақаланы талқылау жиынындағы бейнебайланысқа Қостанайдан – облыстық филиал төрағасы Өмірбек Сатмұхамбетов, Қызылордадан - ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Алмас Тұртаев, Атыраудан - облыстық филиал төрағасы Ермекқали Юсупов, Ақтаудан - облыстық филиал төрағасының орынбасары Аймұханбет Жигелдиев, Алматы-дан - партия төрағасының орынбасары, қалалық филиалдың төрағасы Талғат Әбдіжаппаров, Шымкенттен - облыстық филиалдың төрағасы Анарбек Орман және Орал қаласынан - облыстық филиалдың төрағасы Серік Мерғалиев шықты.

Бағдарламалық мақаланы талқылау жиынын қорытындылай келе партия төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев экономиканың дамуы миллиондаған адамдардың өмірін жақсартуға, байлар мен кедейлер арасындағы алшақтықты қысқартуға, интеллектуалды біліммен, лайықты жұмыспен және ізгілікті денсаулық сақтаумен қамтамасыз етуге, сондай-ақ мыңдаған отбасыларды қолжетімді баспанамен және

өмірлік перспективамен қамтамасыз етуге бағытталған жағдайда ғана мән-мағыналы болатындығын айтып өтті.

«Мемлекет басшысымен көтерілген мәселелер Қазақстан дамуының базалық мақсаттары мен міндеттерін анықтауға жаңа та-лаптар қойып, халқымыздың ұлттық мүдделері мен уақыт талабына сай келетін **құндылықтардың жаңа жүйесін** қалыптастырып отыр», - деді Азат Перуашев.

Президенттің «Ақыр аяғында, әлемдік өркениеттің барлық құндылықтары, барлық экономикалық және мәдени байлықтар **виртуалды қаржы институттарымен емес, адамның еңбегімен** жасалады» деп айтуы тек жаһандық тұрғыда емес, сондай-ақ жеке тұрғыдан алғанда бизнес саласынан шыққан адам, экономиканың нақты секторының өкілі ретінде мен үшін аса ғибрат аларлық болды – деп Мәжіліс депутаты өз пікірін білдірді.

Отырысқа қатысушылар әлеуметтік жаңғырту бағдарламасының көптеген басқа да ережелерінің «Ақ жол» партиясының кадрлық негізін құрайтын ойшыл зиялы қауым мен іскер адамдар үшін үндес және жақын екенін атап өтті.

Базалық құндылықтар мен сайлаушылар мүдделерінің ортақтығын ескере отырып, «Ақ жол» ҚДП Орталық кеңесінің мүшелері Н.Ә.Назарбаевпен ұсынылған әлеуметтік жаңғырту бағдарламасын түбегейлі қолдайтындарын және оны іске асыруға белсенді түрде атсалысатындарын мәлімдеді.

Сонымен бірге, **«Ақ жол» партиясы осы бағдарламаға тікелей қатысы бар, алайда іске асырылуы бойынша жауап-ты мемлекеттік органдармен жарияланған жоспарларда әзірше тиісті дәрежеде көрініс таппаған бірқатар қосымша мәселелерді атап өтуді қажет деп санайды.** Осыған байланысты, партия филиал-дары мен Орталық кеңеске бір айлық мерзім ішінде осындай баста-маларды жинақтап, «Ақ жол» партиясының ұсыныстарының жобасы ретінде Үкіметтің қарауына енгізу ұсынылды.

Әлеуметтік жаңғырту мемлекеттің зайырлы сипатын нығайтуға кепілдік беруі, экстремизм мен діни радикализмнің әлеуметтік алғышарттарын барынша төмендетуі тиіс – Азат Перуашев

2012 жылғы 20 шілде, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

Әлеуметтік жаңғырту қоғамның рухани өмірінде болып жатқан үдерістермен санасуы, **мемлекеттің зайырлы сипатының** және білім жүйесінің нығаюына кепілдік беруі, **экстремизм мен діни радикализмнің** әлеуметтік алғышарттарын барынша төмендетуі тиіс – бұл туралы Мемлекет басшысы Н.Назарбаевпен ұсынылған «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» әлеуметтік жаңғырту бағдарламасын талқылау барысында «Ақ жол» партиясының Орталық кеңесінің пленумында партия төрағасы Азат Перуашев мәлімдеді.

«Азаматтарды қоғамдық пайдалы еңбекке прогрессивті түрде тартуға бағытталған әлеуметтік жаңғыртудың үдерістері бейәлеуметтік мінез-құлықпен және діни, тіпті экстремистік сипаттағы жалған құндылықтармен бетпе-бет келуі мүмкін. Өкінішке орай, осындай пиғылдағы ағымдардың арамызға тереңдей еніп және жастардың олардың алғашқы құрбандарына айналып жатқандығын көріп отырмыз» - деп парламент депутаты Азат Перуашев өз сөзінде айтып өтті.

Сондай-ақ ол таяуда ғана терроризм және экстремизммен күрес жөніндегі жиында айтылған Президент Н.Назарбаевтың сөздерін еске салды: **«...елде радикалды және экстремистік элементтер жалпы алғанда мемлекет пен қоғамға толық масштабты түрде қысым көрсетуде... 2011-2012 жылдардың өзінде терроризм және экс-тремизммен байланысты жүзден аса қылмыс жасалған. Ондаған азамат пен құқық қорғау органдарының қызметкерлері олардың құрбандарына айналды».**

«Сондықтан әлеуметтік жаңғырту бағдарламасын осындай қауіп-қатерді еңсеру, қоғамның жағымды көңіл-күйін қалыптастыру мен біздің халқымызға тән емес және азаматтарымыздың бойына сырттан

сіңіріліп жатқан жалған құндылықтарды жаппай қабылдамау жолында пайдаланған маңызды» - деді «Ақ жол» партиясының лидері.

«Экстремизм теңсіздік, әділетсіздік, жұмыссыздық және өмірлік перспективаның болмауы түріндегі әлеуметтік алғышарттары бар жерлерде пайда болады.

Президентпен ұсынылған «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты әлеуметтік жаңғырту бағдарламасы бұл талаптарға нақты балама болып отыр. Біздің міндетіміз – осы конструктивті парасатты түрде іске асыру» - деп атап өтті Азат Перуашев.

Байлар мен кедейлер арасындағы алшақтықты қысқартумен, әділ сот төрелігін қамтамасыз етумен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрумен, жаппай кәсіпкерлікті дамытумен, банктердің тәбетін шектеумен және тағы да басқаларымен байланысты бүгін «Ақ жол» партиясымен айтылған ұсыныстар ақыр соңында біздің елімізде үдемелі, әділ және ауқатты қоғамды қалыптастыру жолындағы Н.Назарбаевпен ұсынылған әлеуметтік жаңғырту бағдарламасына іс жүзіндегі жәрдемдесуге бағытталған» - деп толықтырды ол.

Азат Перуашев партия филиалдары мен Орталық кеңеске бір айлық мерзім ішінде түсіп жатқан бастамаларды жинақтап және «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты әлеуметтік жаңғырту бағдарламасын іске асыру бойынша «Ақ жол» партиясының жобасы ретінде бекітуге енгізуді тапсырды.

Осыларды негізге ала отырып, «Ақ жол» партиясының парламенттік фракциясы сондай-ақ заң шығарушылық қызметінде өзіндік тәсілдерін қалыптастыратын болады, ал қажет жағдайда тиісті заң жобаларын дайындайтын болады.

Азат Перуашев: Жаппай кәсіпкерлікті дамыту және өндіріс пен банк арасындағы барынша әділетті қарым-қатынасты қалыптастыру әлеуметтік жаңғырту бағдарламасынан туындайтын бірінші міндеттер болып табылады

2012 жылғы 20 шілде, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

«Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты әлеуметтік жаңғырту бағдарламасынан туындайтын бірінші тапсырма – бұл жаппай кәсіпкерлікті дамыту, соның ішінде экономиканың нақты секторындағы кәсіпкерлікті дамыту – бұл туралы Мемлекет басшысы Н.Назарбаевпен ұсынылған әлеуметтік жаңғырту бағдарламасын талқылауға арналып өткен «Ақ жол» партиясының Орталық кеңесінің пленумында партия төрағасы Азат Перуашев мәлімдеді.

«Азаматтарды өндірістік еңбекке жаппай тарту туралы айта отырып, мемлекет барлық тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз ете алмайтындығын және қамтамасыз етпеуі тиіс екендігін есте ұстау қажет. Н.Ә.Назарбаевтың өзі атап өткендей, *«...мемлекет – шетсіз-шексіз донор емес, азаматтардың әл-ауқатының өсуі үшін жағдай туғызатын әріптес»* - деп «Ақ жол» партиясының көшбасшысы атап өтті.

«Іс жүзінде бұл мемлекеттік емес секторда мыңдаған жұмыс орындарын ашуды, жеке кәсіпкерлікке бұқаралық және жаппай сипат беруді білдіреді», - дейді Азат Перуашев. Алайда Мәжіліс депутаты «Біз бұған дайынбыз ба?» деген сауал қойып отыр.

Азат Перуашев кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау түрлерінің ба-сым бөлігі банктік несиелер арқылы жүргізілетіндігіне назар аудар-ды. Сондықтан мұндай бағдарламалардан пайда табатындар алдымен жеке банктер болып табылады, ал жеке кәсіпкерлер екінші қатарда қалып отырады.

«Бүгінгі күні еуропалық банктердің басым бөлігіндегі мар-жа 2 пайыздан аспаса (еркін нарықта тартылған қаржы бойынша), ал отандық банкирлер тіпті мемлекеттік ақша арқылы да 5 пайыз-дан төмен түсіргілері келмейді. Қайта өңдеу саласындағы орташа 10-15 пайыз рентабельділік жағдайында кез келген өндірістік биз-

нес қазақстандық банктен 12-18 пайызбен несие алып, іс жүзінде тәуелділікке түседі және тек банк мүддесі үшін жұмыс істеуге мәжбүр болады. **Ал мұндай жағдайларда жаңа бастаушы кәсіпкерлердің өндірістік секторға жаппай кіруінің перспективті мүлдем аз»** - деп парламенттік оппозиция лидері бұл жағдайға қатысты өзінің ескертпе пікірін білдірді.

Сондай-ақ ол «Сандж» қорының жүргізген зерттеулері бойынша «Ақ жол» партиясының парламенттік фракциясымен Ұлттық Банкке жолданған мәлімдемесін еске салып өтті. Зерттеу қорытындылары кәсіпкерлердің банктерден несие алуларының өзі бопсалау және кемсітушіліктермен байланысты екендігін көрсеткен болатын. «ҚР Ұлттық Банкі берген жауабында өзіне есеп беретін салада тәртіп ор-натудан тіптен түсініксіз түрде басын алып қашты» - деді Мәжіліс депутаты.

«Дегенмен, Президенттің *«...әлемдік өркениеттің барлық құндылықтары, барлық экономикалық және мәдени байлықтар вир-туалды қаржы институттарымен емес, адамның еңбегімен жасалады. Сондықтан біздің әлеуметтік жаңғырту саясатының негізіне шынайы өндірістік еңбекті қоюға тиіспіз»* деп айтуы тек әдемі сөздер ғана емес, өндіріс пен қаржы институттары арасындағы жаңа, барынша әділ және теңдестірілген қатынастарды қалыптастыруға айтылған үндеу деп ойлаймын» - деп санайды Азат Перуашев.

Осыған байланысты, «Ақ жол» партиясы әлеуметтік жаңғырту аясында заңға **банктердің тәбетін шектейтін** және қаржылық қызмет көрсету нарығы тұтынушыларының заңды мүдделерін қорғайтын түзетулер дайындауды және енгізуді ұсынады. Сонымен бірге, бұл шаралар тек кәсіпкерлерді ғана емес, сондай-ақ тұтынушылық және ипотекалық несиелер бойынша мыңдаған қарыз алушыларға әсерін тигізуі мүмкін, яғни кең ауқымды әлеуметтік нәтиже береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру әрекеті әлеуметтік жаңғырту бағдарламасының ажырамас бөлігі атануы тиіс – Азат Перуашев

2012 жылғы 20 шілде, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру әрекеті әлеуметтік жаңғырту бағдарламасының ажырамас бөлігі атануы тиіс – бұл туралы Мем-лекет басшысы Н.Назарбаевпен ұсынылған әлеуметтік жаңғырту бағдарламасын талқылауға орай бүгін ұйымдастырылған «Ақ жол» партиясының Орталық кеңесінің пленумында партия төрағасы Азат Перуашев мәлімдеді.

Сыбайлас жемқорлық табыстардың әділетсіз түрде қайта үлестірілуі орын алатын басты арна болып табылады. Бұл өз кезегінде байлар мен кедейлер арасындағы алшақтыққа, әлеуметтік теңсіздікке және **өндірістік еңбек пен еңбек табыстарын дискредитациялауға** алып келеді. Ал бұл мәселе **«Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам»** атты әлеуметтік жаңғырту бағдарламасындағы ба-сты идеяға түбегейлі қарама-қайшы» - деп Азат Перуашев атап өтті.

А.Перуашев белгілі экономист Қанат Берентаевтың зерттеулеріне сүйене отырып, оның бағалауы бойынша **жыл сайын мемлекеттік сатып алу жүйесі арқылы 2-ден 3 миллиард долларға дейінгі қаржының пара түрінде жоғалатындығын айтты.**

«Ал басты мәселе – сатып алу процедураларының оффшорлық аймақтар арқылы жүргізілуі, шетелдік қымбат жылжымайтын мүлікті сатып алу және т.б. жолдармен осы заңсыз алынған байлықтың ба-сым бөлігінің **шетелге шығарылуы.** Бұл қаржылар біздің ел үшін біржолата жоғалады, олар инвестицияланбайды да, өндірістік айналымға да салынбайды, өнімді және қосымша құнды тудырмай-ды» - деп Мәжіліс депутаты атап өтті.

Сонымен бірге, Қ.Берентаевтың 2-3 млрд. доллар көлеміндегі пара туралы берген бағасының бұл орайда төмен көрсетілгендігі көрініп отыр. Парламенттік оппозиция лидері «Время» газетінің (03.05.2012 ж.) мәліметтерін мысалға келтірді. Оған сәйкес «Қорғас» және «Қалжат» кеден бекеттерінде әрекет еткен сыбайлас шенеуніктердің

бір тобының өзі шетелдік компаниялардың шоттарына елден 2 млрд. АҚШ доллары көлеміндегі қаржыны аударып жіберген.

«Ақ жол» партиясының төрағасы «Осылайша ЖІӨ-нің нақты көлемі елден шығарылған капиталдың көлеміне азаяды, ал жан басы-на шаққандағы шығатын көрсеткіш ресми статистикада көрсетілетін сандардан әлдеқайда төмен болады» деп санайды.

Сондай-ақ, А.Перуашев барлық жаңа құрылымдарды **мемлекеттік сатып алу заңнамасының** күшінің аясынан және тиісті бақылаудан шығару бойынша орын алып отырған тенденцияны атап өтті: «Алдымен бұл ұлттық компаниялар болған, жақында ғана Ұлттық банк пен әкімдіктер жанындағы тұрақтандырушы қорлар шығарылды, ал бүгін өзінің ведомстволарын шығарып алуға кезекті ниет танытушылар туралы белгілер түсуде».

«Қай кезде де Есеп комитетінің министрліктер мен ведомстволардың бюджетті орындауы туралы есебінде мемлекеттік органның өнімді нарықтық бағадан 3-4 есе және одан да жоғары бағамен сатып алғандығы және төлемді оффшорлық аймақ арқылы (бұндай фактілер жеткілікті) жүргізгендігі туралы деректер кезде-скен кезде – әңгіменің заңсыз (сыбайлас жемқорлық) капиталдың сыртқа шығарылуы туралы болып отырғандығын түсіну қажет» - деп толықтырды Азат Перуашев. Оның пікірі бойынша, бұлардың қатарына жоқ дүниені кепілге қою арқылы жалған банктік несиелер бойынша қаржыны Қазақстаннан шығаруды да жатқызу қажет. Бұл жағдайға атышулы М.Әбілязов маманданған болатын.

«Ал осының барлығы біздің адамдарды тонауға, олардың нақты табыстары мен мүмкіндіктерінің төмендеуіне алып келеді, адамдардың әділ өндірістік еңбектен бетін қайтарады. Айналаңда пайда табудың басқа да мысалдары жеткілікті болған кезде, адал ақша табуға тырысып не керегі бар?» - деп, депутат осындай сауал қойып отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру, соның ішінде мемлекеттік қызмет саласын тазалау мен сауықтыру, мемлекеттік сатып алу жүйесін реформалау, мемлекеттік қаржының барлық операторларының қызметін бақылауды қоғамның бақылауына кері қайтару, жемқорларды қабылдамаудың жаппай идеологиясын қалыптастыру жолымен әрекет ету – елден қаржының заңсыз шығарылуын тоқтату секілді әлеуметтік жаңғырту бағдарламасының ажырамас бөлігі атануы тиіс», - деп, Азат Перуашев сеніммен айтып отыр.

«Ақ жол» ҚДП парламенттік Фракциясының басшылығы жұмыс сапарымен Қарағанды облысында болды

2012 жылғы 25 шілде, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

2012 жылғы 25 шілдеде ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары: «Ақ жол» партиясының парламенттік Фракциясының жетекшісі А.Перуашев пен Фракция жетекшісінің орынбасары Е.Никитинская Қарағанды облысының сайлаушыларымен кездесті.

Кездесу барысында Мәжіліс депутаттары Парламент қабырға-сында қаралып жатқан заң жобалары мен ақжолдық халық қалаушыларының жасаған депутаттық сауалдары, Мәжілістегі Фракция жұмысының алғашқы нәтижелері туралы айтып берді. Соның ішінде сәуір айындағы қарағандылықтармен болған кездесудегі «Ақ жол» партиясы депутаттарының атына түскен хаттар бойынша мәлімет берді.

Сондай-ақ кездесу қатысушылары Мемлекет басшысы Н.Назарбаевпен ұсынылған «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына 20 қадам» атты әлеуметтік жаңғырту бағдарламасын талқылады. А.Перуашев кездесуге келгендерді аталған бағдарламаға тікелей қатысы бар, алайда оны іске асыру жоспарында тиісті деңгейде көрініс таппаған «Ақ жол» партиясының ұсыныстары туралы хабардар етті. «Байлар мен кедейлер арасындағы алшақтықты қысқартумен, әділ сот төрелігін қамтамасыз етумен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру әрекетімен, жаппай кәсіпкерлікті дамытумен, банктердің тәбетін шектеумен және т.б. байланысты біздің ұсыныстар ең ақырында осы Бағдарламаны нәтижелі іске асыру жолында практикалық жәрдемдесуге бағытталған», - деп А.Перуашев атап өтті.

Қарағандылық сайлаушылар шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қорғау бойынша Фракция тарапынан қолға алынып жатқан шараларға және әлеуметтік жаңғырту бағдарламасын іске асыру бойынша айтылған партия ұсыныстарына оң бағасын берді.

Кездесу барысында Мәжіліс депутаттары басым бөлігі шағын және орта кәсіпкерлікке қатысты, соның ішінде салық салу, шағын және орта кәсіпкерлікті несиелеу, ауыл шаруашылығын дамыту-

мен байланысты сайлаушылар сауалдарына жауап берді. Сондай-ақ білім беру сапасына, жұмысқа орналасуға, Желтоқсан оқиғасының қатысушыларына қатысты мәселелер көтерілді. Кездесуге келген кәсіпкерлер жағы несиелеудің тиімсіз шарттары кесірінен өздерінің несие алу мүмкіндіктерінің жоқтығын жеткізді. Мысалы, ШОБ-ті несиелеуге тиісті қаржылық ұйымдар тек ірі бизнеске ғана несие береді екен және несие сомасының 120 %-ын құрайтын кепілдікпен қамтамасыз етуді талап етеді. Сонымен қатар, кәсіпкерлердің айтуы бойынша, қаржы институттарының аймақтық филиалдарының несие беру бойынша шешім қабылдауға құқықтары жоқ, сол себепті кез келген мәселе бойынша оларға астанаға баруға тура келеді. Тіпті несие алу өтініштерін қарау мерзімін екі жылға дейін созу секілді мысалдар келтірілді.

Мәжіліс депутаттары кездесуге келгендерге барлық өтініштерінің, ұсыныстарының және кездесу қорытындысы бойынша алынған ақпараттың қаралатындығын және «Ақ жол» ҚДП фракция-сы мен депутаттарының алдағы қызметінде пайдаланылатындығын айтты. «Біз аймақтардағы осындай кездесулер барысында Қазақстан халқының алдындағы өзіміздің міндеттерімізді орындау бойынша алдағы қадамдарымызды толығырақ нақтылайтынымызға үміттіміз», - деді А.Перуашев.

Күннің екінші жартысында Мәжіліс депутаттары облыс әкімінің м.а. Г.Мұхамбетовпен кездесті. Оның барысында сайлаушылар тара-пынан көтерілген проблемалар айтылып, әрі қарайғы ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

«Ақ жол» партиясының парламенттік Фракциясының жетекшісі Азат Перуашев жұмыс сапарымен Павлодар облысын-да болды

2012 жылғы 1 тамыз, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі

«Ақ жол» партиясының парламенттік Фракциясының жетекшісі Азат Перуашев, депутат Меруерт Қазбекова және аппарат жетекшісі Айгүл Рупатова жұмыс сапарымен Павлодар облысында болды. Партия төрағасы бастаған «Ақ жол» делегациясы партияның облыстық кеңесінің отырысына қатысып, павлодарлық кәсіпорындардың еңбек ұжымдарымен бірқатар кездесулер өткізді. Атап айтсақ, халық қалаулылары облыс әкімі Ерлан Арынмен, «Қазақстан алюминий» АҚ-ның, «Қазақстанның электролиз зауыты» АҚ-ның, «Ромат» фармацевтикалық компаниясы» ЖШС-нің, «Екібастұз – ГРЭС-2» стансасы» АҚ-ның басшылығымен және жұмысшыларымен кездесті.

Мәжіліс депутаттары сайлаушыларға партия қызметі, Мәжілістегі Фракция жұмысының алғашқы нәтижелері туралы ақпарат берді.

Сондай-ақ, кездесулер барысында «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық мақаладан туындайтын Президент Н.Назарбаевтың тапсырмаларын жүзеге асыру бойынша «Ақ жол» партиясының ұсыныстары талқыланды. «Байлар мен кедейлер арасындағы алшақтықты қысқартумен, әділ сот төрелігін қамтамасыз ету-мен, жемқорлыққа қарсы тұрумен, жаппай кәсіпкерлікті дамыту-мен, банктердің тәбетін шектеумен және т.б. байланысты біздің ұсыныстарымыз ақыр соңында ұсынылған Бағдарламаны тиімді жүзеге асыруға жәрдемдесуге бағытталған», - деп атап өтті «Ақ жол» ҚДП төрағасы.

«Ақжолдықтар» сайлаушылардың сауалдарына жауап беріп, негізінен ұсынылып отырған партия бастамаларын қисынды түрде аяғына дейін жеткізумен байланысты ұсыныстарын тыңдады. Сондай-ақ, бірқатар мәселелер де көтерілді. «Ромат» компаниясының өкілдері баспана мен балабақша құрылысына арнап жер телімін бөлуге қатысты қиындықтар, жұмысқа шетелдік мамандарды тар-

ту кезінде кәсіпорындардың кездесетін қиындықтары туралы айтып өтті. Бұлар Қазақстанға кіру үшін виза алумен және шетелдік маман-дарды жалдау процедураларымен байланысты.

Алюминий және электролиз зауыттарының ұжымдары «Ақ жол» партиясының техникалық байқауды алып тастау туралы бастамасының әрі қарайғы жағдайына қызығушылық танытып, осыған қатысты өз қолдауларын білдірді.

Партия жетекшісі сайлаушыларға «Ақ жол» партиясының депутаттары барлық өтініштерді қарап және олар бойынша қажетті көмекті көрсететіндігін айтып сендірді. «Біз осы үшін Парламентте отыр-мыз және аймақтардағы осындай кездесулер барысында Қазақстан халқының алдындағы өзіміздің міндеттерімізді орындау бойын-ша әрі қарайғы іс-әрекетімізді толығырақ нақтылай алатынымызға үміттіміз», - деді Азат Перуашев.

«Ақ жол» партиясының парламенттік Фракциясының жетекшісі Азат Перуашев Ақмола облысындағы Ерейментау ауданының сайлаушыларымен кездесті

2012 жылғы 6 тамыз, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

«Ақ жол» партиясының парламенттік Фракциясының жетекшісі Азат Перуашев Ақмола облысындағы Ерейментау ауданының сайлаушыларымен кездесті

Кездесуде Азат Перуашев сайлаушыларды партия қызметі мен ҚР Парламенті Мәжілісіндегі Фракция жұмысының алғашқы нәтижелері туралы ақпараттандырды. Сондай-ақ жиында «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық мақаладан туындайтын Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың тапсырмаларын орындау бойынша «Ақ жол» партиясының ұсыныстары талқыланды. «Байлар мен кедейлер арасындағы өмір сүру деңгейіндегі алшақтықты қысқартумен, әділ сот төрелігін қамтамасыз етумен, жемқорлыққа қарсы тұрумен, жап-пай кәсіпкерлікті дамытумен, банктердің тәбетін шектеумен және т.б. байланысты біздің ұсыныстарымыз ақыр соңында ұсынылған Бағдарламаны тиімді жүзеге асыруға жәрдемдесуге бағытталған», - деп «Ақ жол» партиясының төрағасы атап өтті.

Мәжіліс депутаты сайлаушылардың сауалдарына жауап беріп, ұсыныстарын тыңдады. Кездесуге қатысқан Малтабар ауылының тұрғындары мешіт құрылысына арнап жер телімін алуға жәрдемдесу туралы өтініштерін білдірді. Сонымен қатар тұрғындар Ерейментау қаласындағы тұрмысы төмен азаматтарға арналып салынып жатқан асхана құрылысының аяқталуына қатысты мәселелер көтерді. Ал көп балалы жас отбасы баспана алу жолында көмек көрсетуді сұрады.

«Біз осы үшін Парламентте отырмыз және Қазақстан халқының алдындағы өзіміздің міндеттерімізді орындау бойынша әрі қарайғы іс-әрекетімізді осындай кездесулер барысында толығырақ нақтылай алатынымызға үміттіміз», - деп сендірді Азат Перуашев.

Бокстан финалдық жекпе-жектер қарсаңында Азат Перуашев Қазақстан құрамасының штабы мен спортшылары орналасқан Лондондағы олимпиада қалашығында болды

2012 жылғы 12 тамыз, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

Бокстан финалдық жекпе-жектер қарсаңында Азат Перуашев Қазақстан құрамасының штабы мен спортшылары орналасқан Лондондағы олимпиада қалашығында болды. Партия төрағасы мұнда Қазақстан құрамасы штабының басшылығымен, бапкерлермен және боксшылармен кездесті. А.Перуашев «Ақ жол» партиясының атынан оларды ХХХ Олимпиада ойындарындағы Қазақстан құрамасының теңдессіз жетістігімен құттықтады.

Кездесу барысында «Ақ жол» партиясының көшбасшысы біздің олимпиадаға қатысушыларымыздың жеңістері миллиондаған қазақстандықтарды біріктіріп, қарапайым адамдардың жүрегіне өз еліне деген мақтаныш сезімін ұялатқандығын атап өтті. «Сіздердің табыстарыңыздың миллиондаған адамдардың жаппай спортқа бет бұруына септігін тигізетініне, **қоғам денсаулығы мен руха-ни имандылығының** артуына баға жетпес оң ықпал ететініне сенімдімін», - деді ол.

Еске сала кетейік, боксшыларымыз Марина Вольнова мен Иван Дычко құрама қоржынына екі қола медаль салған болатын. Ал құрама капитаны Серік Сәпиев пен Әділбек Ниязымбетов олимпиада ойындарының алтын медаліне бір қадам жақын тұр. Жартылай финалдық кездесулер нәтижесі бойынша олар финалға жолдама алды.

Белгілі болғандай, кешегі өткен финалдық жекпе-жектердің қорытындысы бойынша Серік Сәпиев Қазақстан құрамасының қоржынына Лондон Олимпиадасындағы жетінші алтын медальді салды, сондай-ақ барлық салмақ дәрежесі бойынша ең үздік боксшыға берілетін Вэл Баркер кубогін иеленді.

«Ақ жол» партиясы тегін жоғары білім алуға деген қазақ мектептері түлектерінің құқығын қорғады

2012 жылғы 13 тамыз, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

«Ақ жол» партиясы тегін жоғары білім алуға деген қазақ мектептері түлектерінің құқығын қорғады: мектепті мемлекеттік тілде тәмамдаған талапкер Жанна Үрбісінованы ҚБТУ-не қабылдады.

Еске сала кетейік, осы жылдың шілде айының соңында «Ақ жол» партиясына Астана қаласындағы №48 мектеп-гимназиясының түлегі, «Алтын белгі» иегері Жанна Үрбісіновадан арыз түскен болатын. Талапкер білім ордасын мемлекеттік тілде тәмамдаған. Геология және пайдалы қазбаларды барлау мамандығы бойынша білім алғысы келген қазақ мектебінің түлегі құжаттарын Қазақ-Британ Техникалық университетіне тапсырған. Алайда, аталған ЖОО-нда осы мамандық бойынша білім алу тек орыс тілінде жүретіндігі анықталыпты. Таңдау мүмкіндігі болмағандықтан Жанна Үрбісінова аталған ЖОО-нда орыс тілінде білім алуды жалғастыруға келісін берген. Алайда ҚБТУ-нің қабылдау комиссиясы мәліметтердің электронды базасы мұндай сәйкессіздіктерді қамтымайтындығын және осыған байланысты оқуға түсудің мүмкін еместігін айтқан. Осыған орай Азат Пе-руашев талапкер құқығының бұзылуы туралы ҚР Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұловтың атына хат жолдаған еді.

«Аталған жағдайда жоғары білім алуға деген Жанна Үрбісінованың құқығының бұзылып отырғаны анық. Сонымен қатар, оның мектепті мемлекеттік тілде бітіруіне және ҰБТ-ді мемлекеттік тілде тапсыруына қарамастан, талапкерді оқыту тілі принципі бойынша кемсітушілік белгілері орын алып отыр», - деп хатта аталып өтілді.

Оқыту тілі бойынша мемлекеттік гранттарды үлестірудегі теңгерілмеген жағдай мәселесін ҚР Парламенті Мәжілісіндегі «Ақ жол» партиясының фракциясы осы жылдың 19 маусымындағы депутаттық сауалында көтерген болатын. Сол кезде ақжолдық депутаттар қазақ мектептерінің түлектеріне қатысты үйлесімсіздікке нақты мысалдар келтіре отырып, талапкерлердің мектепті бітіру

тіліне қарамастан, тек қана көрсетілген білімдерінің нәтижелері бой-ынша гранттарды үлестіруге көшуді ұсынған. Және қазақ мектептері түлектерінің заңды мүдделерін көздейтін ережелерді жедел әзірлеп, қабылдаудың қажеттігін айтқан.

Екі-үш күн турасында «Ақ жол» партиясының атына қазақ мектептерінің түлектерінен құралған ҚБТУ-нің бір топ талапкерінен хат келді. Хатта көрсетілгендей, А.Перуашевтің хатының нәтижесінде білім ордаларын қазақ тілінде тәмамдаған аталған ЖОО-на түсуші талапкерлер мектептегі оқыту тіліне қарамастан ҰБТ нәтижелері бой-ынша таңдаған мамандықтарына оқуға түсуге мүмкіндік алған.

«Ақ жол» ҚДП төрағасы Азат Перуашевпен телефон арқылы болған әңгімеде Жанна Үрбісінованың ата-анасы көрсетілген көмек үшін алғыстарын білдірді және қарапайым азаматтардың құқықтарын қорғау жолында ақжолдықтарға сәттілік тіледі.

«Ақ жол» партиясы сайлаушылардың хаттары бойынша жұмысын жалғастыруда.

«Ақ жол» партиясының делегациясы Алматы облысының тұрғындарымен кездесулер өткізді

Талдықорған, 2012 жылғы 13 тамыз, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

Аймақтардағы сайлаушылармен кездесулер аясында Азат Перуашев жұмыс сапарымен Алматы облысында барды. Партия төрағасы бастаған және құрамында Мәжіліс депутаты Нұрлан Жазылбеков, тексеру комиссиясының төрағасы Болат Өтепбаев, партияның облыстық филиалының төрағасы Бағашар Суанбеков, кеңесші Құдайберген Қаңтарбаев бар делегация аймақ сайлаушыларымен бірқатар кездесулер өткізді. Атап айтқанда, халық қалаулылары Орталық Азия мен ТМД аумағындағы ірі электротехникалық өндірістік компаниялардың бірі саналатын «Қайнар» Талдықорған аккумулятор зауытының еңбек ұжымымен жүздесті. Азат Перуашев зауыт ұжымына партияның парламенттік фракциясының қызметі туралы ақпарат беріп, олардың отандық өндірушілерді қолдау туралы ұсыныстарын тыңдады. Айта кетейік, сайлаушылармен болған сайлауалды кездесулер барысында зауыт ұжымы «Ақ жол» партиясының сайлауалды тұғырнамасына қолдау білдіріп, компания президенті Қуаныш Әжмағамбетов бастаған көптеген жұмысшылар партия қатарына өткен болатын.

Қаладағы «Ай-Сер» қонақ үйінің залында да кәсіпкерлермен, партияның аймақтық активімен кездесу ұйымдастырылды. Онда Азат Перуашев Парламенттегі Фракция қызметі туралы әңгімелеп, сайлау-шылар сауалдарына жауап берді.

Сондай-ақ, жиында кәсіпкерлер проблемаларына қатысты, партия бастамаларын қисынды аяқтау туралы мәселелер талқыланды. Атап айтқанда, жас кәсіпкерлер жаңадан құрылған кәсіпорындарды алғашқы 3 жыл ішінде салықтан босату туралы партия бастамасына қатысты қызығушылық танытты. Ал Еңбек ауылының тұрғындары сумен қамтамасыз ету, абаттандыру, қазіргі заманғы талаптарға сай мектеп құрылысы мәселелерін шешу жолында көмек сұрады. Сондай-ақ, кездесуге жиналғандар электр қуатының тарифіне, ауыл шаруашылығына, қуаңшылықпен байланысты пішен мен жем бағасының шарықтауына, несие алу мен «Даму» қорының қолдау

шараларына қатысты мәселелер көтерді. Азат Перуашевтің ұсынысы бойынша «Даму» қорының облыстық филиалының басшылығы кез-десу аясында жергілікті шағын кәсіпкерлік өкілдеріне консультация жүргізді.

Сонымен қатар, кездесулер барысында «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық мақаладан туындайтын Президент Н.Назарбевтың тапсырмаларын іске асыру бойынша «Ақ жол» партиясының ұсыныстары талқыланды. «Байлар мен кедейлер арасындағы өмір сүру деңгейіндегі алшақтықты қысқартумен, жаппай кәсіпкерлікті дамытумен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрумен, әділ сот төрелігін қамтамасыз етумен байланысты «Ақ жол» партиясының ұсыныстары түптің түбінде біздің елімізде үдемелі, әділ және әлауқаты жоғары қоғам қалыптастыру жолындағы әлеуметтік жаңғырту бағдарламасына іс жүзінде жәрдемдесуге бағытталған. Осыны негізге ала отырып, «Ақ жол» партиясының парламенттік фракциясы өзіндік тәсілдерін қалыптастыратын болады», - деп «Ақ жол» партиясының төрағасы атап өтті.

Сапар соңында партия басшылығы Алматы облысының әкімі Ансар Мұсахановпен кездесіп, онда өңірдегі мәселелер мен оларды шешу жолдары сөз болды.

«Ақ жол» партиясы Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша салық комитеті төрағасының қызметінен кетуін талап етеді

Шымкент қ., 2012 жылғы 25 тамыз, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

«Ақ жол» партиясы Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша салық комитеті төрағасының қызметінен кетуін талап ететін болады – бұл туралы партия төрағасы Азат Перуашев жалған кәсіпкерлік мәселелері бойынша Шымкент қаласында өткен конференцияда мәлімдеді.

Конференция «Ақ жол» партиясы депутаттарының оңтүстік аймақтарға сапары және сайлаушылармен кездесулері аясында облыстық партия филиалымен ұйымдастырылған болатын. Оған кәсіпкерлер, сарапшылар, мемлекеттік органдардың өкілдері мен облыстық қаржы полициясы департаментінің басшылығы қатысты.

«ҚР ҚК-нің 192-бабын алып тастау туралы бизнес-қоғамдастықтың ұсыныстарын талқылау барысында біз ұйымдасқан қолдаусыз және салық органдарының қамқорлығынсыз жалған кәсіпорындардың іс-әрекетінің іс жүзінде мүмкін еместігіне бірнеше мәрте назар аударған болатынбыз», - деді Азат Перуашев.

Бұл қолдау қылмыстық схеманың барлық кезеңінде байқалады. Салық есебіне тіркеу туралы куәлік беруден, «ҚҚС-ты төлеуші» секілді жалған кәсіпорынды салық органдарының мәліметтер база-сына енгізуден бастап, қомақты қаржы көлемін қолма-қол ақшаға айналдыруға және осындай кәсіпорындарды өте қысқа уақыт ішінде жабуға дейінгі аралықта.

Сонымен бірге бұл жалған кәсіпорындар сол салық органдарының қызметкерлерімен адал кәсіпкерлерді жолдан тайдыру және кейін құдалау үшін пайдаланылады. Көбінесе бопсалаушылық мақсатында пайдаланылады.

«Дәл осы Оңтүстік Қазақстан облысында орын алған жағдай біздің сөздерімізге кезекті бір дәлел болып отыр. Ағымдағы жылдың 21 мамыры күні облыстық салық комитеті төрағасының орынбасары А.Садықов ұсталған еді. Әр түрлі мәліметтер бойынша, ол бюджетке 3,4 млрд. теңгеден астам сомаға зиян келтірген 6-дан 90-ға дейінгі жалған кәсіпорындарға қамқорлық көрсеткен», - деді «Ақ жол» партиясының төрағасы БАҚ-қа сілтеме жасай отырып.

«Бұл алғашқы мысал емес. Бұл тағы да жалған кәсіпкерліктің ведомстволық сыбайлас жемқорлық құбылысы екендігін көрсетіп отыр және кәсіпкерлердің өзіне тек екінші кезекте ғана әсер етеді. Қолданыстағы құқықтық механизмдер оның көлемін азайта алар емес. Сондықтан «Ақ жол» партиясы Қылмыстық кодекстен 192-бапты алып тастауды және оны жалған кәсіпкерліктің бетін алатын ба-рынша ықпалды шаралармен ауыстыруды ұсынады. Мысалы, қаржы полициясы агенттігінің жалған тұлғалардың атына кәсіпорынды ашқаны үшін жауапкершілікті енгізу ұсынысы», - деп атап өтті ол.

«Ақ жол» партиясының депутаттары заңнамаға тиісті түзетулерді дайындап қойды және мемлекеттік органдардың аталған бапты алып тастаудан бас тартуына қарамастан, биылғы күзде қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру бойынша заң жобасын қарау кезінде осы бастаманы көтеруге ниет танытып отыр.

Сонымен қатар парламенттік оппозиция көшбасшысы Мем-лекет басшысының қойып отырған талаптарын және бірінші басшылардың тікелей қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін саяси жауапкершілігі туралы мемлекеттік қызмет нормаларының талаптарын еске салып өтті: «Президент осындай жағдайларда шенеуніктердің қызметінен кетуі қажеттігі туралы бірнеше мәрте айтқан болатын және ол кісі дұрыс мәлімдеді. Себебі сіздің орынбасарыңыз миллиардтап ұрлап жатқанда, сіздің оған қатыспауыңыз, тіпті аңғармауыңыз мүмкін емес жағдай».

Осыған байланысты «Ақ жол» ҚДП төрағасы не облыстық коми-тет төрағасының өз еркімен қызметінен бас тартпағанына, не оның қаржы министрлігіндегі басшылығының өзінің қызметкерінің аса ірі көлемдегі сыбайлас жемқорлық үшін қамауға алыну фактісіне ешқандай мән бермеуіне таңданысын білдірді.

«Бұл жағдай біздің шенеуніктердің не құқықтық және этикалық мәдениетінің төмендігі туралы, не осындай жағдайлардың көптеп орын алуы, олардың мемлекеттік масштабтағы ТЖ-дан үйреншікті кертартпалыққа айналғандығы туралы дәлел болуы мүмкін», - деп са-найды Мәжіліс депутаты.

Соған қарамастан Азат Перуашев жақын арада қаржы министрі мен мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік төрағасының аты-на орынбасарының сыбайлас жемқорлық пен жалған кәсіпкерлікке жәрдем бергендігі үшін айыпталуына байланысты Оңтүстік Қазақстан облыстық салық комитетінің төрағасының қызметінен кетуін талап ететін тиісті депутаттық сауалдың жолданатындығын жеткізді.

«Ақ жол» партиясының делегациясы Жамбыл облысының тұрғындарымен бірқатар кездесулер өткізді

Тараз, 2012 жылғы 25 тамыз, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі.

«Ақ жол» партиясының төрағасы Азат Перуашевтің аймақтарға сапары бұл жолы Жамбыл облысында жалғасты. Партия төрағасы бастаған делегация құрамында Орталық кеңестің ұйымдастыру-бұқаралық жұмыс бойынша хатшысы Әбдіразақ Сұлтанов, тексеру комиссиясының төрағасы Болат Өтепбаев, аймақтық кеңесшілер тобының жетекшісі Берік Дюсембинов, партияның облыстық филиалының төрағасы Болат Момышев болды. Ақжолдықтар аймақ сайлаушыларымен бірқатар кездесулер өткізді. Атап айтқанда, партия төрағасы Шудағы темір жол стансасы мен қалалық емхананың еңбек ұжымдарымен, қала тұрғындарымен жүздесті.

Кездесулер барысында Азат Перуашев сайлаушыларға партия қызметі, ҚР Парламенті Мәжілісіндегі Фракция жұмысының алғашқы нәтижелері туралы ақпарат берді.

Азат Перуашев сайлаушылар сауалдарына жауап беріп, олардың ұсыныстарын да тыңдады. Мәселен, медицина қызметкерлері аймақтың экологиялық жағдайына қатысты өз алаңдаушылықтарын жеткізді. Олардың сөзінше, мыс өндіретін «Шатыркөл» кеніші экология талаптарын сақтамай, қоршаған ортаны ластауда. Соның кесірінен мұнда онкологиялық аурулар, балалардың церебральді сал ауруы, жаңа туған нәрестелердегі кемістік көрсеткіштері өскен. Радиацияның жоғары болуы салдарынан балалар онкологиясы бойынша көрсеткіштер артқан. Сондай-ақ кездесуге жиналғандар дәрігерлер мен мұғалімдердің мәртебесін көтеру қажеттілігін айтты және ауылдағы мамандарға көмір беру, коммуналдық қызметтерге төлемдер бойынша жеңілдіктер жасау арқылы әлеуметтік қолдау көрсету керектігі туралы әңгіме қозғады. Шу тұрғындары Шуға қала мәртебесін қайтару мәселесіне қатысты да жәрдемдесуін сұрады. Себебі қала мәртебесі алынып тасталғаннан кейін, мұндағы барлық мемлекеттік мекемелер Шудан 7 шақырым қашықтықта орналасқан аудан орталығы Төле би ауылына көшірілген. Бұл жағдай Шу

тұрғындарына, әсіресе зейнеткерлер мен егде жастағы адамдар үшін қиындық туғызып отыр. Ал әйелдер жағы әйелдердің зейнеткерлікке шығу жасын ұлғайтуға қатысты алаңдап отыр және Фракция депутат-тарынан аталған мәселені Парламент қабырғасында көтеруді өтінді. Партия төрағасы сайлаушыларға «Ақ жолдық» депутаттардың барлық өтініштерді қарастырып, қажетті көмекті көрсететіндерін ай-тып сендірді.

Кездесулер барысында «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық мақаладан туындайтын Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың тапсырмаларын іске асыру бойынша «Ақ жол» партиясының ұсыныстары талқыланды. «Байлар мен кедейлердің өмір сүру деңгейіндегі алшақтықты қысқартумен, жаппай кәсіпкерлікті дамытумен, сыбай-лас жемқорлыққа қарсы тұрумен, әділ сот төрелегін қамтамасыз етумен және тағы да басқаларымен байланысты «Ақ жол» партиясының ұсыныстары түптің түбінде біздің елімізде үдемелі, әділ және әл-ауқаты жоғары қоғам қалыптастыру жолындағы әлеуметтік жаңғырту бағдарламасына іс жүзінде жәрдемдесуге бағытталған. Осыны негізге ала отырып, «Ақ жол» партиясының парламенттік фракциясы өзіндік тәсілдерін қалыптастыратын болады», - деп «Ақ жол» партиясының төрағасы атап өтті.

Сондай-ақ Тараз қаласындағы партияның Жамбыл облыстық филиалының кеңсесінде партия басшылығы аймақтық филиал активімен кездесті. Онда партия жұмысына қатысты өзекті мәселелер талқыланды.

25 тамыз күні Азат Перуашев бастаған партия делегациясы жұмыс сапарымен Оңтүстік Қазақстан облысына жол тартты.